

ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№2 (54) 2021

Бас редактор

Ә. Қаба

Жауапты редактор

Қ. Есентаев

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – ж қуәлігі
берілген.*

Құрылтайшы:

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті*

Редакциялық алқаның төрағасы

Шолпан Каринова

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
бірінші вице-министрі*

Редакциялық алқа

Әділбек Қаба

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі Тіл саясаты комитетінің
төрағасы*

Қазыбек Иса

*Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты*

Оразкүл Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Сайлау Батыршаұлы

*Нұр-Сұлтан қаласының «Мемлекеттік тіл
қозғалысының» төрағасы*

Дос Көшім

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы

Асылы Осман

*«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің
төрайымы*

Дихан Қамзабекұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
академигі*

ҒАРИФОЛЛА ӘНЕС

*«Арыс» баспасының директоры,
филология ғылымының докторы*



ҰЛЫ АҒАРТУШЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

5 қыркүйек Алаш көсемі, реформатор-ғалым, Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Құдай қаласа, ертең-ақ орталарыңа келем деп, біртуар Аханның 150 жылдық мерейлі тойы да есік қағып тұр. Осы айтулы датаға ел-жұрт болып ертерек қам жасағанымыз бек абзал.



28. Ахмет Байтұрсынов «Ғалия» медресесінің шәкірттерімен бірге.
уфа, 1916 жыл.

Ауылдағы молданың алдын көрген, Торғайдағы 2 сыныптық (алты жылдық) орыс-қазақ училищесін бітірген Ахмет Байтұрсынұлы 1891 жылы 19 жасында Орынбордағы орыс-қазақ Мұғалімдер семинариясына кіріп, оны 1895 жылы бітіріп шығады. Біз білгендегі Аханның тәртіпті оқу орнынан алған бар білімі осы ғана. Бұл бүгінгінің тілімен айтсақ, педучилищенен жоғары, бірақ пединституттан төменірек орталау оқу орнын тәмамдады дегенді айқындайды. Ал ағартушы қалың қазағына жайған қалған ілім-білімді өз бетімен ізденіп, өзін-өзі қамшылап, жетілгенін, жетіскенін көреміз. Оның қарапайым мектеп мұғалімінен Ұлт ұстазына айналу жолы, даму саты-баспалдақтары қандай еді?

Бірден басын ашып алар ақиқат – көшпелі қазақ қоғамында дәстүрлі ұлттық мектеп, оқу-ағарту жүйесі болған емес. Мұсылманша оқуды отырықшы татар ағайындардан сіңірсек, заманауи (өркениетті) білімді орыс отаршылардың бұратана халықтарға (оның ішінде қазақ та бар) осы қажет-ау деген өзіне пайдалы дозасы дәрежесінде ғана тұтындық. Сол себепті де біздің оқу-ағарту жүйеміз өткен ғасырларда да, жаппай бәріміз сауаттанған кеңес заманында да, тіптен бүгінгі таңда да қалыпқа түсе алмады; білім жүйесінің жаңа сипаттағы төл моделін жасай алмай, шарқ ұрудамыз. «Реформадан көз аспаған Білім министрлігі» деген жақауратқан, жауыр болған өкініштің астарында ұлттық мемлекет құруға деген талпынысымыздың сәтсіздігі жатқанын, ал ұлттық мемлекет құрылмаса, ұлттық оқу-ағарту жүйесі де қалыптаспайтындығына енді-енді көзіміз жете бастағандай.

XX ғасыр басында алашшыл Ахметтер зар қылады: *«Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке ұнамды іс болмақ»* («Қазақ» газеті, 9.05.1914 ж.). Қолы ұзын, мойны озық Россияға бұлай болмасын деп дау айтар кім бар?!. Тіптен неге өкпелесіп, тонымызды өртеуіміз керек, ол империяның өзіндік ішкі ісі, биліктің ұлық мақсат-мүддесі емес пе? Қайта біз рахмет айтуымыз керек: қазақтың көзі ашылды, ақ патшаға заманына сай тілмаш, старшын-болыстар дайындалды. Биліктің он ойланып, жүз толғанып тапқан «ғасыр жаңалығы» – «русская-киргизская туземная школаға» шексіз мадақ айтқанымыз жөн-ақ. Өйткені, қос тілді, қос дінді (шәкірттер екіге жарылып, бірі Құранды жаттаса, бірі «Боже, Отче наш»-ты айтатын) бұл жүйе ғасырлық сынақтан өтті, өзінің өміршендігін, қазақ үшін әбден ділгірлігін дәлелдеді. Әйтпесе, бүгінгі самсаған аралас-құралас мектептер баяғыда-ақ жойылып-ақ кетпес пе еді!?

Табиғат-тіршілік мәңгілік болғанымен адамзат қоғамы үнемі қозғалысқа

түсіп, жаңарып, түлеп отырмақ. Ғасырлар бойы бұйығып жатқан мұсылман қауымы да бас көтеріп, XIX ғасырдың ортасынан ауа Ресей империясының Орал мен Еділ бойын, Қапқаз бен Қырымды жайлаған түркі жұрты рухани инновацияға ұмтылды, модерндетіп «жәдит» желі есті. Татардың ұлы перзенті, түркі бірлігінің негізін салушы, ағартушы Исмағыл Гаспринскийдің (8.03.1851 – 11.09.1914) ұлы идеялары барша түркі зиялыларын баурады, ол шығарып тұрған «Тәржіман» газеті (10.04.1883 – 23.02.1918) патшалықтың қол астындағы түбі бір, тілі ортақ бауырлардың қоғамдық-саяси байрағына айналды. Жамалетдин әл-Ауғани, Шиғабутдин Маржани, Мухаммед Абдо, Ғанасбек Зардаби, Махмудкожа Бехбуди және басқа көптеген түркі философтары мен ағартушылары И.Гаспринскийдің озық көзқарасын іліп әкетіп, одан әрі дамытты. Міне, бұлар шын мәнінде мыңдаған жылдық даңқты тарихы бар Тұран жұртының топырағынан жаралған қос ғасыр өліарасында өмір сүрген түркінің пассионерлік тұлғалары еді. Солардың қатарынан шалғайдағы Торғайдан ұшқан қыр қарлығашы Ахмет Байтұрсынұлының табылуы ұлтқа құт, намысқа шарқайрақ болды. Ысмағыл бабамыздың іс-қимылы, жазбалары, көпке ұран шашқан үн парағы барша мұсылман түркі бауырларды өркениеттің өріне сүйресе, ағартушы Ахмет қазаққа тұңғыш «Әліппе» сыйлады, тіл табиғатын жаңаша танып, төл жазуымызға реформа жасады, қазақтың бағына туған «Қазақ» газетін жарыққа шығарды...

Бар нәрсе «Әліппеден» басталады...

2006 жылы баспагер ретінде Минск қаласына жолымыз түскені бар. Халықаралық кітап көрмесіне қатыстық. Алға қойған мақсатымыздың бірі әлемдік архитектура ғаламаттары санатына енген, айнадай жарқыраған әйнекті Белорус Ұлттық кітапханасының ғимаратын көру-тұғын. Осы кітап патшалығындағы тағы бір ғажайып – Кітап музейін көпшілік біле бермейді. Мұнда әлемнің 600 тілінде жарық көрген 1400 «Әліппе» коллекциясы көптің назарына ұсынылған... Славян халықтарының арасында алғаш болып великорусс тілінде «Әліппе» жазылған, оны Мәскеу қаласында 1634 жылы 20 тамызда (!) Васелий Бурцов атты азамат кітап ретінде бастырып шығарған... (Осы орайда Ұлы Дала төсінде V-VIII ғасырларда тасқа қашалып орныққан мәңгілік сына кітаптарымыз, күні кеше өз қолымызбен талқандаған Алматыдағы ғажайып Кітап музейі туралы айтқың кеп аузың, жазғың кеп қолың жыбырлайды). Осы музейде қазақтың да «Әліппелері» мені көріңдер дегендей орта толтырып тұр...

Орынбордағы Мұғалімдер семинариясын мемлекет қаржысына бітірген ұстаз алты жыл мектепте жұмыс істеуге міндетті болатын. Ахаң

1895-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің шалғай ауылдағы мектептерінде мұғалім болды. 1901-1909 жылдары Қарқаралы екікластық училищесін басқарып, енді өзі мектептерге мұғалім кадрларын дайындады. (1905 жылы осы Қарқаралыда мыңдаған адам қол қойған Петиция ақ патшаға жолданғаны, Ахаңның саяси сенімсіз ретінде тыңшылардың бақылауында болғаны, сегіз ай Семей түрмесіне қамалғаны, қазақ даласына сыймай, 1910 жылдың 9-шы наурызында Орынборға жер ауып келгені бүтінде көпке мәлім).

Қандай да бір оқу – құралсыз болмайды. Ахаңның ұстаздық қылған жылдарындағы тәртіпті мектептерде барша пән орысша оқытылатын. Бірақ сол нан тауып жерлік орысшанның өзін амалсыз қазақ//татар тілінде меңгерместен басқа жол жоқ-ты. Орыс тілінде сауат ашар кітаптар жетіп артылады: Н.Ф.Бунаковтың «Буквары», К.Д.Ушинскийдің талай басылым көрген «Родное слово» оқулығы, «В школе и доме» хрестоматиясы, т.б. Әрине, алғашқы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению русскому языку», миссионер И.И.Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоте для казахов» кітаптары мен алғашқы орыс-қазақ сөздіктері пайдалануда болды. Өкінішке қарай, олардың қазақшасы тым мардымсыз еді. Мысалы, Ыбырай атамyz аталмыш кітабында: *«Первый, второй, третий және онан басқа біздің тілді «нші» қосылған сандар имя прилагательное рәуішті склоняють етіледі»*, – деп жазса, бұл автордың, болмаса біздің тіліміздің кемістігі емес, сол кезеңдегі ілім-біліміміздің дәрежесін, деңгей-шамасын білдіріп тұрғаны.

Жоғарыда айтқанымыздай, Орынборға жер ауып келген ұстаз бірінші кезекте кітап бастыру, газет шығарумен шұғылданады. Әрине, ұлт қажетінің мыңнан бірі жоқ қазақ үшін бұл оңайлыққа түспейді. «Қырық мысалды» әуірімдеп 1909 жылы Петерборда және 1913 жылы Қазаннан бастырса, «Маса» 1911 жылы Орынборда, 1914 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Ал 1905 жылы басталған ұлы майданның нәтижесінде 1913 жылдың 2 ақпанында ғана татар ағайындардың білек күшімен «Қазақ» газеті дүниеге келді. Мұны тәптіштеп айтып жатқанымыз, 1912 жылы Орынбор қаласында жарық көрген тұңғыш қазақ «Әліппесі» нақты қай жылы құрастырылды, шәкірттер арасында тәжірибеден өтіп, қолданылды деген сұрақтарға жауабымыз жоқ. Өкінішке орай, әзірше біздің қолымызға бұл мәселенің басын ашар архивтік құжаттар, болмаса сол заманның сырын ашар естеліктері түскен емес.

Сонымен қазақтың тұңғыш тәртіпті «Әліппесі» (бұған дейін де, кейінде бірқатар «Әліппелер» болған, олар туралы әңгіме бұл жолы өз кезегін күтпек) – Ахмет Байтұрсынұлының араб хәрпімен жарық көрген «Оқу құралы». Оның

толық аты-жөні – Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап. Орынбор, 1912 (40 бет). Бұл жердегі «усул сотие» – жаңа әдістеме деген мағынаны білдіреді.

Шәкірттерге дәрісін қайтсем ұғынықты қылам деп қиналған ұстаздың бұл жаңа жолға – «төте жазуға» училищеде әуелі мұғалім, кейін бастық болып жүргенінде көшкені, оны жүз толғанып жетілдіргені, шәкірттер ортасында сынап көргені сөзсіз. Өйткені Ахаң айтады: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, қазақ сөздерін алып орыс не ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелеріне әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» (Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013, 13-14).

1. Байтұрсынұлы.

Оқу құралы

اصول صوتیه جولى مېن ترتیب اېتلىگەن

قازاقچا الفبا

• биринчи китап

بالالار! بۇل جۇل باسى داتىاللىقا.
كېلىڭدەر، تۈستى، باباق تاراقىدا!
بۇل جۇل مېن باراچاقان اورگەدى كۈپ،
سولاردى كۈرە تۇرا قىلالىقا؟
دانالىق اوچىبەس چارق، كېنەس باباق،
چۈركەر ازە پ تازىب آلاىدا!
پ. ا.

«Крибон», «Синтез» фирмасы «Нәк» жинағы
Орынборда — 1912

Бұл алғашқы төл «Әліппенің» басты озықтығы мен жетістігін бір ауыз сөзбен баяндар болсақ, араб әліпбиіндегі 28 хәріпті қазақшаға бейімдеу, әр дыбысқа жеке-жеке таңба алу болатын. Қазақ сөздерінде қолданылмайтын, тек араб тіліне тән хәріптерден бас тарту. Қазақтың жіңішке төл дыбыстарын таңбалағанда «дәйекшені» қолданып, үлкен үнем жасау. Тілді оқыту мен меңгертуге қатысты терминдерді ойлап тауып, ат тағу.

Ахаң көптің де Құраннан, мұсылманшылықтан қол үзбеуін ойласа керек, іле-шала жаңа «Әліпбиін» жарыққа шығарады. Ол – Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін хәм оқуға төселту үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап. Орынбор, 1913 (52 бет). Заман талабы солай болды ма, әлде қоғамның сұранысы болмады ма, әйтеуір біз бұл «Әліппеге» жалғас екінші кітаптың қайталап басылғанын көрмедік. Ал бірінші кітап, нағыз «Әліппеміз» талай қайталап басылды, мол данамен жаңғырып жарияланып отырды. Күні кешеге дейін осы «Әліппемен» хат таныған ағаларымыз ортамызда жүрді. Қытайдағы қалың қазақ оны әлі де тұтынуда. Негізінен Ахаңның «төте жазуы» ресми түрде мемлекет тарапынан 1924 жылы ғана бекітілгенімен, оны 1913-1929 жылдар аралығында барша бұқара тұтынды. Өйткені, біздің қолымызда «Оқу құралының» бірнеше басылымы бар:

- Екінші басылуы. Орынбор, 1914, 96 бет.
- Үшінші басылуы. Орынбор, 1916, 98 бет.
- Төртінші басылуы. Ташкент, 1922, 95 бет.
- Алтыншы басылуы. Орынбор, 1923, 72 бет.
- Жетінші басылуы. Орынбор, 1925, 72 бет.

Бұның сыртында қолымызға жақында түскен ерекше құнды жәдігер – Семей облыстық «Алашорда» советінің қолдауымен Алаш (Семей) қаласында жарық көрген «Оқу құралының» 1919 жылғы (40 бет) басылымы.

اوقۇ قورالى

اصول صوتيه جون مچن ترتيب ايتلگەن

قازاقچا الفبا

مەنزىچى كىتاب

بىللار بول چول تاپى دانالانا
كۆلگەر، مۆس، پاتاپ، قاراقدا
بولدولەين باراچانان اوزگەرىك،
سولاردى كۆرە نىسور، غالالانا ؟
دانالان ارچەس چارق، كۆپەس باراق،
جورگەر، ازەس، تاپ، الالادا
ار . پ .

پايتەختىمىزى: سەمەي اوبلاستىنىڭ آلاش-اوردا مەملىكىسى
Издатель: Семейская Областная Печать
А. А. Ш. - О. Р. Д. А.

—سەمەي اوبلاستىنىڭ آلاش-اوردا مەملىكىسى
آلاش ۋىلايىتى — ۱۹۱۹-يىلى
Типография Сем. обл. Сов. *Алаш-Орда

Сауатсыздықпен аяусыз күрес жүргізген совет үкіметі де Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесінен» қашып құтыла алмады. Ол енді **«Сауат ашқыш. Дыбыс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. Орынбор, 1924»** (114 бет) деп аталды. Бұл үлкендерге арналған «Сауат ашқыш» түрлі суреттерімен толықтырылып 1926 жылы Семейде (83 бет) қайта басылса, бұдан кейін «Әліп-би. Жаңа құрал» деген атпен 1927 жылы Қызылорда-Ташкентте (116 бет), 1928 жылы Қызылордада (116 бет), соңғы рет 1936 жылы тағы да Қызылордада басылып шықты.

Әрине, бұлардың баршасының басын қосып, толық тиражын есептеген ешкім жоқ әзірге. Түркістан АССР-да жанқиярлықпен ондаған төл оқулық шығарып, халықтың көзін ашқан ағартушы Халел Досмұхамедовтің де Ахаңның еңбектерін бірнеше рет ыждағатпен, мол тиражбен Ташкент қаласында бастырып шығарып, таратқанын есте тұтсақ, бұл «Әліппелердің» қазақ халқы үшін рухани сауабы шексіз деуге толық қақымыз бар.

Бұл «Әліппе» мен «Сауат ашқыштар» (үлкендер үшін) сыртында ағартушы көптеген әдістемелік құралдар жазып, «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» кітаптарын шығарғанын келесі бір талдамада толықтыра кетерміз.

Сонымен Ағартушының жазған-сызған, баспа бетін көрген жарияланымдарына сүйене отырып, оның тұтас филологиялық (тіл мен әдебиет) ілімінің эволюциясы хақында төмендегідей сатылы жүйе түзуге болады:

- Дәстүрлі араб әліпбиіндегі көптеген таңбалардың басы артық екенін сезінуі.
- Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін (фонетикасын) ден қойып зерттеуі.
- Қазақ тіліндегі үндестік заңдылығын (сингармонизм) танып-білуі.
- «Бір дыбыс – бір таңба» немесе керісінше «бір таңба – бір дыбыс» принципіне тоқталуы.

- Қазақ әліпбиін (алфавитін) жаңаша түзуі.
- «Дәйекше» таңбасын ойлап табуы.
- Жаңа оқу әдісі (усул сотие) жолымен тәртіп етілген тұңғыш қазақша «Әліппе» – «Оқу құралын» жазуы.

- «Оқу құралының» «Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын хәріптерді үйрету үшін» «Әліппеге» жалғас екінші кітабын жарыққа шығаруы.

- Үлкендер үшін төте жазулы «Сауат ашқышты» дайындауы.

- Қазақ мектебінің мұғалімдері үшін «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы», «Оқу құралы» (Хрестоматия. Т.Шонановпен бірге, үш басылым көрген) сынды қосымша әдістемелі құралдар құрастырған.

- «Тіл – құрал» атты үш кітаптан тұратын (Фонетика, Морфология және Синтаксис) қазақ грамматикасын түзуі.

- «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты қазақ әдебиеттануы мен фольклоры бойынша оқулық жазып, бастыруы.

- Көп еңбектерінің («Қазақ тілінің теориясы», «Мәдениет тарихы») қолды болуы және мол мұрасының тиянақты іздестірілмеуі.

Бір марқаятынымыз – ұлттың ұлы ұстазы қазақ топырағында алғаш дүниеге келген бұл ізденісті ізашар еңбектерінде әрбір ғылыми ұғым-түсінікке атаулық мән беріліп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануымының тұтас терминдік жүйесін қалыптастырды.

Ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов ғасыр басында: *«Ахаң соңғы жылдары уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран... өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»,* – деп заманауи бағасын берген-тұғын. Ағартушының осы ерен еңбегін біз қалайша ұмытамыз?! Ұлы ұстаздың *«Оқусыз [бүгінше айтсақ, «білімсіз»] халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді»* деген көрегендігінен қорытынды шығара алдық па?! Алаш көсемінің *«Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты»* дегені алдымыздан шығып жүрмей ме?! Тағы да Ахаң айтады: *«Қазақта білімді адам жоқ емес, көп; бірақ солардың көбі бар білімін халалға емес, харамға жұмсап гадеттенген»*. Ойланайық, ағайын! Әсіресе бүгінгі білім күні баламыз көзін «Әліппемен» тырнап аша ма, әлде кіндігімен «Букварьға» байлана ма?! Заманымыздың ең ауыр, ең салмақты сұрағы осы болса керек...

Бір ғасыр бұрын өзі шығарып отырған «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы жалпақ қазаққа жар салады: *«Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы»* («Қазақ» газеті, 1914, №61, 9 май).

Шынында да, «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек?». Мына көпке келген індет, пандемия тұсында бастауыш мектебіміздің халі нешік? Алты-жеті жасар балапан ұстаздың алдын көрмесе, партаға отырмаса, қалайша қолына қалам алып дағдыланбақ? Бір сыныпта он бала ғана отырып оқысын деген үкімет бұйрығын орындауға сол үкіметтің қауқары жетер

ме? Оны орындау үшін топырлап бестен-оннан ашылып жатқан бастауыш сыныптардың мұғалім саны да (яғни, төленер айлық) төрт есе, оқу орны да (яғни, ғимарат) төрт есе ұлғаймақшы. Екі ауысыммен оқуды әуірімдеп игеріп отырған білім беру мекемелері бір сәтте төтеннен келген төрт есе ауыртпашылықты көтере алар ма?..

Адамшылық баспалдағы – бастауыш мектеп

Бұрынғы қазақ мектебі, дала төсіндегі оқу-ағарту жай-күйі дегенде ойымызға тиянақты ештеңе келе қоймайды. Әрі кетсе, «революцияға дейін қазақтың екі-ақ пайызы сауатты болған» деген жаттанды цифр-цитата, болмаса бала оқытқанда қолынан таяғы түспейтін надандау молда бейнесі көз алдымызда көлбеңдейді.

Көшпелі қазақ қоғамындағы мектебі жайындағы орыс мұрағаттарындағы алғашқы деректер XIX ғасырдың екінші жартысына сілтейді. Яғни 1850-ші жылдардан бергі қырдағы оқу туралы там-тұмдап біле бастаймыз. Жалпы қазақта өткен ғасырларда тәртіпті бастауыш мектеп екі түрлі болған: бірі – «**мақтап**» (яғни, мектеп), екіншісі – «**үшкөш**» (яғни, школа). Өйткені, Ахаң жазады: *«Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школа-сынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз».*

Тәжірибелі мұғалім, педучилищені басқарып отырған ұстаздардың ұстазы Ахаң ғасыр басында-ақ қазаққа керек бастауыш мектептің жөн-жобасын ойластырып, құрылымын айқындап берген. Оның ойынша ұнамды бастауыш мектеп мынау:

- Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жыл боларға керек.
- Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек.
- Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек [Бұл арада Ресей қол астындағы қазақ қамы жатқанын ескеру керек. – Ә.Ғ.]

Қазақ бастауыш мектебі екі түрлі болады:

- Қала болған жерлерде [отырықшы қазақтар. – Ә.Ғ.], қыстауы жиын жерлерде *келіп оқитын мектептер*.
- Сирек-сирек отырған жерлерде *жатып оқитын мектептер* [интернат үлгісіндегі болса керек. – Ә.Ғ.].

Сондай-ақ, болашақ бастауыш қазақ мектебі *қыр мектебі* және *қала мектебі* болып ажыратылады. Қыр мектебінің өзі *ауыл мектебі* және *болыс мектебі* деп бөлінеді.

- Ауыл мектебі кілең қазақ тілінде оқылатын үш жылдық.

- Болыс мектебінде кілең орысша оқылатын екі жыл.
- Болыс мектебіне ауыл мектептерін бітіргендер алынады.
- Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық және бес жылдық оқулы болады.

Одан әрі ағартушы «бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер» деп мыналарды атайды:

- оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп және жаратылыс жайы.

Бұл пәндер, сірә, сол заманның ең басты үйретілер білім бастаулары болса керек. Көріп отырғанымыздай, Ахаң бастауыш мектептің өзінде (бүгінгеше ұғынсақ) ұлт тарихы, шаруа-кәсіпті оқытуды ұсынады. Сонымен бірге ол бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылындағы білім аясы гимназияның не реальный [кәсіби – Ә.Ғ.] мектептердің төменгі кластарына түсіп, жалғастыруға жарамды болуы керек дейді. Оған, әрине, бастауыш мектепте оқылатын шаруа-кәсіп пен жаратылыс жайы [табиғат тану – Ә.Ғ.] көмек болары сөзсіз.

Осындай жөн-жоба түзген Ахаң *«бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды»* деп түйіндейді.

Алты жыл ауыл мектебінде міндетті мұғалімдік борышын атқарған А.Байтұрсынұлының, әрине, оларға көңілі тола қоймайды: *«Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз»*. Әйтседе сол аздың өзіне зар болып қалармын дегендей, ағартушы іле-шала әлі аяғынан тұра алмай жатқан ауыл мектебін әділ бағалап, «ақтап» та алады: *«Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар»*. Бұдан керек-жарағы толықпаған, жүйелі қалыпқа түспеген бұл бастауыш мектептердің Алаш баласы үшін аса қымбат қазына, артқы дүниеге артықша із қалдырар мирас екенін көреміз. Өйткені, ол – қазақша оқытатын, қазақша тәрбие-тәлім беретін **қазақ мектебі** болатын. Дана Ахаң да оны мақтаныш етеді: *«Бұл мектептің халыққа жақындығы – балалар білімді ана тілімен үйренгендігі»*.

Осынау 1914 жылғы тасқа басылған жолдарды оқығанда көкірегінді шер қауып, көзіңе өксікті жас келеді. Отыз жылда есі кірмеген ағайындардың, балалары нағыз орыс мектебінде, болмаса бір замандарда «русско-киргизкая туземная школа» атанған, бүгінгі тонын айналдырған аралас мектепте оқып жатқан қандастардың алғы күндерді ойламайтындығына, бүгіннен-ақ ұлттың

болашағына балта шауып жатқанына күйінесіз. Бір кезде «санымыз аз» дедік, «қазақ мектебінің сапасы нашар» дедік, ал ендігімізге жол болсын!.. Орыс мектебіне тісіміз батқағанның өзінде, дүбәра аралас мектептен арылуымызға кім кедергі?.. Қанға сіңген қаныпезер сылтау – Мәскеу ме?! Жоқ, ағайын, жақсылық көрсем де өзімнен, жамандық көрсем де өзімнен...

Қазақша оқу жер бауырлап мешел күйінде жатқан зар заманында орыс тілін төбеге шығарып, орыс оқуына табынған Абай хәкімнің өзі интернатта оқып жатқан талай қазақ баласының *«Ойында жоқ олардың/Шаригатқа шаласы»* екенін ескерткенін неге естен шығардық? Өз тілінен жерінгендер я тілмаш, я адвокат болуын болар, бірақ туған халқының жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын *«Ойында жоқ олардың/Салтыков пен Толстой»* бола алмайтынын неге парықтамаймыз?!.

Ойды ой қозғайды. Менің аталарымның бірі Бекмұхамбет қалпе де (1845 – 1920) ұлы Абаймен түйдей құрдас, ол да ағартушы болатын. Бөкейліктегі Хан Ордасында ауыл мектебінде оқыған. Сопылыққа ден қойған. Кезіндегі башқұрттардың бас қаласы Стерлитамаққа барып, пірдің қолын алып, Камеледден хазіреттің медресесін бітірген. Қажылық борышын атқарған. Мүмкіндігінше шарифат оқуын жалғастырып, хазірет атанған. Бөкей Ордасы мен Астрахан губерниясының түйіскен жеріндегі Азғыр өңірінде 1870-1918 жылдары мектеп-медресе ашып, мешіт ұстап (олардың орны сақталған), ағартушылықпен айналысқан. Күні бүгінге дейін атамның Сүйіндік ауылындағы бейіт-мазарына көпшілік түнеп, зиярат етеді. Халық атын атамай, «қалпе» деп әулие тұтады. Сонда деймін де, өлкемізде өткен қаншама төре-сұлтанның, бай-бағланның аты-жөні есте қалмай, атамды көпке үлгі, жұртқа әулие тұтқызған қандай құдірет? Сөйтсем, ол ұрпағын, қалың қауымын ана тілінде оқытқаны, тілін сындырып, дінін құрметтеуге үйреткен ғибраты екен!

Күнбатыс Алашордасының қаншама сардарлары мен сарбаздары менің атамның алдын көрді, пір тұтып қолын алды. Ойшыл акын, діни қайраткер Ғұмар Қараш, тұңғыш елбасымыз Сейітқали Меңдешов, тұңғыш комиссар әрі акын Бейсен Жәнекешов... «Оқы, оқы және оқы» деген өсиеті, әр жүрекке имандылық дәнін еккен сауапты ісі ешқашан ұмытылмайды екен...

Ахаң қазақ арасындағы бастауыш мектептің мақсат-мүддесін де нақты айқындап береді: *«Бастауыш мектептен оқығандар писар, учител, фелшиер, адвокат, судия, инженер, агроном болам демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса,*

ұлт әдебиеті мен мәтбуғатының [баспасөз – Ә.Ғ.] мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу һәм негіз болуға жарасын».

Міне, Аханның асыл ойы, осы ұлттық мақсат-мүдде жолы бүгінгі қазақ қоғамына, жаңа Қазақстан болмысына Темірқазық етіп алар бағыт-бағдарды нұсқап тұр.

Бүгінгі таңда біздің қолымыздан келері бір-ақ шаруа, жалғыз рәуішті іс-әрекет – еліміздегі барлық бала, күллі шәкірт, ата-анасы қай ұлттың өкілі екеніне қарамастан, бастауыш білімді бір-ақ тілде – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде алуы және ол тегін болуы шарт. Ол үшін барлық мектепке дайындау орындары мен балабақшалар да бір-ақ тілде – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде болуы міндетті. Өзге ұлт өкілдері мен олардың балалары қосымша оқу орындарында, тілдік үйірмелер мен жексенбілік мектептерде өз тілдерінде ақылы білім алуына кез келген Қазақстан азаматы ретінде құқылы.

Әрине, мұндай төңкерісті ұлттық мақсат-мүддеге қол жеткізуіміз үшін Білім заңын қайта қарап, міндетті түрде «Мемлекеттік тіл туралы заң» қабылдауымызға тура келеді. Темірді қызған кезінде соқ деген, отыз жылға созылған рухани мимырт жолымызды жүріп өтуді тездететін, шын мәнінде қоғамымызда «Рухани жаңғыру» болып табылатын жаңа белесті кез келгеніне күмән жоқ.

Жазбамыздың басында сөзімізді Аханның «Ресей хүкіметі қол астындағы жұртының жазу-сызуы мен тілі бірдей болуын қалайды» деген пікірінен бастап едік, шынында ол әр мемлекеттің мүдде, заман талабы ғой деп, оған өкпелеуге болмайтынын айтқанбыз. Расында да, айналаға көз тігіп, мына дүбірлі дүниені бажайлап қарасаңыз да осы бір шындыққа көз жеткізесіз. Басқасын айтпағанда, туыс Өзбекстан мен көрші Қытайдағы жүздеген қазақ мектебі неге жабылды? Оның астарынан саясат іздеу, біреуге өкпелеу өнімсіз тірлік. Біріншіден, ол әр мемлекеттің өзінің ішкі ісі, өзіндік проблемасы; екіншіден, бұл әлемдік үрдіс, жаһанданған заманның өзекті проблемасы екенін де ұққанымыз абзал.

Бұдан бір ғасыр бұрын тілі таза қазақша үш жылдық бастауыш мектепке зар болған Ахаң ауыл (қыр) мектептерінде «*оқуға керек құрал жоқ, тәртіп* [жүйе – Ә.Ғ.] *жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ*» деп сынай отырып, «*екіншісінде, яғни орысша школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар – бәрі бар*», бірақ сонысына қарай пайдасы аз дейді. Ақ патшаның қорлық-зорлығын да, қызылдардың қырғынын да бастан кешіп, көзбен көрген ұстаздардың

ұстазын көріпкел көреген демеске шарамыз жоқ, ол бүгінгі ХХІ ғасырдың заманауи қазағының да тірлік-тынысын дәлме-дәл кейіптейді: *«Олардың [школаның. – Ә.Ғ.] пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді; қазақ тұтынып отырған араб хәрпін тастатып, орыс хәрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын; ана тілімен оқыса да орыс хәрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс хәрпімен басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар ептеп қайырмаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді»* («Қазақ» газеті, 1914 жыл, 9 май, №61).

Ағартушы осы «ептеп қайырмаушылардың» қақпанынан құтылу үшін, алдымен өзіне-өзі «Қазақ бастауыш мектебіне не керек?» деген төте сұрақ қояды да, артынша өзі шығарып отырған газетіне «Мектеп керектері» атты мақала жазып (*«Қазақ» газеті, 1914 жыл, 17 май, №62*), көкейкесті сұрақтарға жауап беруге тырысады.

Расында да осы қазақ бастауыш мектебіне не керек?!. Өзге ұлттың қам-қарекетін өздеріне ысыра қойып, бір сәт шындықтың бетіне тура қарап, ақиқатын ашық айтайықшы. Жалбыр тонға жайылған жабысқақ биттей отыз жыл бойы арыла алмайтындай орыс оқуы әулие ме?!. Сиам егіздеріндей орыс тіліне немеге кіндігімізбен байланып қалдық?!. Ұлан-ғайыр қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі бір түйір орысы жоқ жерлердегі аралас мектептер кімге дәру, неге зәру?!. Әлде бұл елден ерек қазақ пен қырғыздың басына келген нәубет пе?!. Қазақтың үш жүзіндей, ошақтың үш бұтындай славян ағайындары жан-жаққа бытырап қашып жатқанда, біздің өз еркімізбен, шын пейілімізбен аю-құшаққа құлауымыздың сыры неде?!. Шынымен осы қазаққа не керек?!

Ахаңша айтсақ, қазақ мектебіне сол ХХ ғасыр басында, тіптен қазірде де үш-ақ нәрсе керек екен.

Біріншіден – мұғалім (*«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы... Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»*).

Екіншіден – оқулық (*«Оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болу керек... Істің толық жақсы болуына құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт»*).

Үшіншіден – жүйелі бағдарлама (*«Мектепке керегі белгіленген программа. [Оқытудың] үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек... Үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады»*).

Ал екінші керек – оқу құралдардың өзін Ахаң тағы екіге ажыратады: 1) пұлға табылатын һәм 2) пұлға табылмайтын заттар.

Алғашқы пұлға табылатын заттар: қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер (яғни, парта, үстелдер). Бүгінгі заманның пұлға табылатын нәрселері – ғимарат (екі, тіптен үш ауысыммен оқымас үшін), компьютер, қолжетімді ғаламтор... Ертеңгі өскелең заман бұдан басқа да керектерді алдымызға тартпақ. Бір өкінішті қап дегізері – сол пұлыңыздың өзі табылмай тұрғандығы!..

Келесі *«Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нәмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек»* («Қазақ» газеті, 1914 жыл, 17 май, №62).

Оқулығы бар жұрттар дүниядан өшпейді

Тон жағасыз, ел ағасыз болмайды. Болашағынан үміті бар ұлт ұлыларын туғызбай тұра алмайды. Өткен ғасыр басында ұлтым, жұртым деп атқа қонған Алаш арыстары арасынан қазақтың бағына туған қос бірдей Ағартушы бел шешіп, білек сыбанып, осы ақша-пұлға табылмайтын құралдарды – алғашқы қазақы оқулықтарды дүнияға шығарды.

Жоқтан бар жасап, тыңға түрен салған алғашқы ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы астана Орынборда өзінің үш кітаптан тұратын «Тіл-құрал» һәм «Әдебиет танытқыш» сынды оқулықтарымен қазақ қоғамдық ғылымдарының іргетасын қаласа, одан бір мүшел кейін туған энциклопедист-ғалым, ұлтының тән дауасы мен жан жарасының шипагері Халел Досмұхамедұлы астана Тәшкенде жалғыз өзі жанталаса жүріп, «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», үш томдық «Жануарлар» атты тұңғыш төл оқулықтарымен қазақ жаратылыстану ғылымын аяғын тұрғызып, төл терминологиясын (пән сөздерін) қалыптастырды. Олардың ізін қуған шәкірт-тұстастары, ұлт жанашырлары ғылым-білімнің әр саласы бойынша оқулық түзіп, төл дүние тудыруға талап-танып, қолдарына қалам ала бастады...

Құдай бұны көп көргендей, қазақ зиялыларының басына тағы да кезекті ала бұлт үйірілді. 1925 жылдың қыркүйегінде Мәскеуден арнайы тапсырмамен астана Қызылордаға табаны тиген Ф.Голощекин өзімен бірге алапат алақұйын дауыл ала келді. Шыбынша қырылған, азып-тозып, босқыншылыққа ұшыраған қалың қазақ «ораза-намаз тоқтықта» деп, азғантай қазақы оқу-

білімінен айырылды. Жетімдер үйі мен интернаттың қара нанын місе тұтқан міскіндерге енді қандай оқу болса да бәрібір еді. Көлігін енді-енді сайлай бастаған ұлттық білім көші тоқырап, мүлдем тоқталды. «Халық жаулары» жазған төл оқулықтарды тұтынуға тыйым салынды, тапқандары жиналып алып өртелді. Олардың орнын шекесінде «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» ұранды дүмбілез оқулықтар басты... «Ептеп қайырмаушылар», әсіресе Тыңға түрен салған Н.Хрущевтің заманында еп-септі қойып, қазақ балаларын мұрнынан тізіп бірден орысша оқуға көшірді. Дүркін-дүркін соққан сол дауыл-аждаһалар басын жұтып, күшігінде таланған қазақ қауымы басқа тиген таяқтан сабақ алмады, әлі күнге мемлекеттік тілі орнықпай, бірыңғай ұлттық қазақ мектебі мәселесі шешімін таппауы да сондықтан.

Бір медет тұтарымыз, ұлт көсемдері, аласапыран заманда Алаш арыстары еккен дән, төккен тер босқа кетпеді. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының ана тілін түрлеген, қазақ ұлттық мектебін қалыптастырған педагогикалық еңбектері *«біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болды»* (М.Әуезов бағасы). Өйткені ол қазақтың жаны – ана тіліне қатысты еңбектер еді. Өйткені ол балталаса да мұқалмайтын, қай заманның да ыстық-суығына төзімді кешенді, ер-тұрманы келісті қайталанбас туындылар еді.

Кешенді дейтініміз Ахаң ана тілін қопара зерттеп, саты-сатымен, қазақы ұғым-түсінікпен туған тілдің бар ерекше қасиет-қадірін түгел ажыратып, айқындап берді. Алғашқы «Әліппе» («Оқу құралы» атаулы) мен «Сауат ашқыштар» Ана Тілі Сарайының іргетасы болып төселсе, қабырғаларын «Тіл-құралмен» өріп тұрғызды, шатырын «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Баяншы»-лармен жапты. «Әліппе» жайын жоғарыда сөз болды, ендігі әңгіме арқауы «Тіл-құралдар» туралы болмақ.

Жасыратыны жоқ, мамандар арасында жүз жасаған үш томдық «Тіл-құрал» мұғалімдер сүйенер оқу құралы ғана ма, әлде тіл білімінің бастауы бола алатын ғылыми еңбек пе деген заңды сұрақ, басын ашып алар түйткіл мәселе бар. Әрине, бұған атүсті қарап, бірден үзілді-кесілді жауап беру жауапсыздық болмақ. Оның үстіне Ахаңның ілімінің негізінде тек тілтаным тараулары ғана емес, жазу, емле, орфография мен орфоэпия, фольклор мен мұратану, педагогика ғылымының сан тарау салалары дамып, өркен жайып отыр. Сондықтан ахметтану әлі де ұштала түссе, түрлі сала мамандары тереңдеп зерделеп, өз үлестерін қоса түссе деген тілек бар.

Біздің байқап, таң қалудан танбай келе жатқан Ахаңның тілтанымдық еңбектерінің бір ерекшелігі – оның қазақы табиғилығы, ұғымға жеңілдігі және атау сөз, терминдерге өте орынды, сәтті жіп тағатындығы. Қос ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедұлының еңбектерін алғаш қолға

алған оқырманның өзі еш қиналмайды, белгісіз де белгілі бір ғажайып әлемге еніп кеткендей, бұрын білмесе де, ол туралы ешқашан ойланбаса да, оқулықты оқығанда сол жазылған құбылысты баяғыдан білетіндей бір сиқырға тап болады. Ахаңның тілтанымдық еңбектері қанша дегенмен абстрактілі рухани дүние ғой, ал Халекеңнің анатомиясын – «Адамның тән тірлігін» (Алматы: «Арыс» баспасы, 2019) бажайлап оқып көріңізші. Бастан башпайға дейінгі дене мүшелері, олардың құрылысы мен қызметі, жүрек соғысы, қан айналысы, ас қорыту, бәрі-бәрі ғылыми негізде, бірақ қарапайым да нақты қазақы ұғым-түсініктермен жүрекке жетеді. Көз жүгіртіп шыққаныңыздың өзінде көп нәрсе есте қалады, білім ұшқынын сап етіп ұстап алғандай болып, еш қиналмастан жадыңызға жазып аласыз. Мен мұны өкінішке орай кейінгі бірнеше буынның жоғалтқан, байырғы қазақ тілінің мәйекті сөз тұнбасының қадір-қасиеті деп білем. Ахандардың сарқыты – Мұхтар Әуезовтің көркем ойлау жүйесі мен сиқырлы сырлы тіл әлеміне ынтамен бойласаңыз, қазіргі тіліміздің жұтаңдығын, қазакилық кеңістігіміздің қаншалықты тарыла түскенін байқар едіңіз. «Таяқтың екі ұшы бар» демей ме, әсіре сауаттығымыз кейде маған қазақы сауатсыздыққа алып келетіндей болып көрінеді...

Хош, Ахаңның «Тіл-құралына» оралайық. Орынбор қаласында 1914 жылы «Тіл-құралдың» екі кітабы қатарынан жарық көрді. Оның бірі – «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық» деп аталса, келесісі – «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық».

Жоғарыда Ахаңның «Әліппесінің» бірінші кітабы Орынборда 1912 жылы, екінші кітабы 1913 жылы жарық көргенін айтқанбыз. Енді, міне, 1914 жылы баспа бетін көрген тағы жаңа қос оқулығына куә болып отырмыз. Біздіңше, мұндай хронология бұл еңбектердің жазылып біту уақытын дәл көрсетпейді, тек татар ағайындардың қол ұшын созып, баспаханалық мүмкіндіктерінің орайын тапқан сәті деп білгеніміз дұрыс.

Қос кітап та өзінің үшінші басылымында атын өзгертіп, мазмұнын нақтылай түседі: «Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы» (Орынбор, 1923) және «Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы» (Орынбор, 1923). Осылайша алғашқы оқулық бүгінгі ұғым-түсінікке сай «Фонетика», ал келесісі «Морфология» екені айқындалып тұр.

Әңгімені қысқартыңқырап, осы тұста әр кітаптың бөлім-бөлімге (қара әріппен көрсетілді. – Ә.Ғ.), тарау-тарауға бөлінуі бойынша мазмұнын келтіре кетсек, қалың оқырман қауым бүгінгі өзі жасынан жаттап өскен атау сөздерді (терминдерді) айнытпай танып қояры сөзсіз.

Бірінші тіл танытқыш кітап, фонетиканың мазмұны:

Сөз басы

Тіл мүшелері

- Сөйлеу мен сөйлем
- Сөйлем мен сөз
- Сөз бен буындар
- Буын мен дыбыс

Қазақ тіліндегі дыбыстар

Атауыш сөздер

- Зат есім
- Сын есім
- Сан есім
- Есімдік

Шылау сөздер

- Үстеу
- Демеу
- Жалғаулық
- Одағай сөз

Тасымал

Ахаң тұңғыш кітабының «Сөз басында» тіл, жазу, оқу, оқушыларды дағдыландыру, сынау тақырыбында қысқа да нұсқа тұжырымды ойларын жеткізе кетеді: *«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман», «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің бір-бірімен жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады».*

Үштаған оқулыққа үңілсек, бірінші кітапта сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен буынды, буын мен дыбысты танытуды мақсат тұтқанын аңдаймыз. Ал дыбыс танудан хәріп мәселесі туады. Дыбыс пен хәріп мәселесінен жазу ережелері мен сөз түрлері, сөз тұлғалары мен сөз өзгерулері туады. *«Сөйтіп «Тіл-құралдың» I-ші бөліміндегі дыбыс жүйесі мен түрлері деген тіл таныту бөліміне осы айтылған нәрселердің бәрі де кіреді, әрқайсысынан қысқаша бастауыштық дәрежелі білім беріледі»* дейді ұстаз.

Ахаңның «Әліппесі» сияқты «Тіл-құралдар» да үлкен сұранысқа ие болды. Олардың нақты қанша рет, қанша таралыммен басылып шыққаны әлі нақтылана қойған жоқ. Біз төменде бұл кітаптардың қолымызға түскендерін таныстыра кетуді жөн көрдік

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914. – 53 бет.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918. – 32 бет.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1922. – 90 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 46 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 48 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 39 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. – Қызылорда, 1926. – 39 бет.

Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп, алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 39 бет.

«Тіл-құралдың» екінші кітабы – «Морфологияның» мазмұнына да көңіл аударсаңыз жүз жылды артқа тастап, тілімізде мәңгілікке орын тапқан, орныққан Ахаңның терминдеріне ұшырасасыз.

Сөйлеу бөлімдері

- Зат есім

Тәуелді қалып

- Оңаша тәуелдік
- Ортақ тәуелдік
- Сын есім
- Сан есім
- Есімдік

Етістік

- Етістер
- Райлар
- Көсемше
- Есімше
- Үстеу
- Демеу
- Жалғаулықтар
- Одағай

Морфологияның бізге белгілі басылымдары мыналар.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1914 (Сыртқы мұқабада – 1915). – 120 бет.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Ташкент, 1920. – 96 б.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Қазан, 1920. – 104 бет.

Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Екінші рет басылуы. – Ташкент, 1922. – 96 бет.

Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 128 бет.

Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 128 бет.

Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 122 бет.

Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 122 бет.

Сонау 1914 жылы-ақ бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінетінін ашып айтқан Ахаң: *«Сөзді дұрыс тізіп сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіп жазу үшінші жылдық «Тіл-құралда» айтылмақшы»*, – дегенімен қазақ грамматикасының соңғы тарауы – «Синтаксис» кітабы көп кейін, 1923 жылдан бастап ғана жарық көрді. Мұның себебі қазір де ғылыми ортада синтаксис саласының табиғаты күрделі саналып, оңайлықпен танып, зерттеп-зерделеуге көне бермейтіндігінен болса керек.

Бұл орайда да аз сөзбен үшінші кітаптың мазмұнына көңіл бөлу арқылы Ахаңның синтаксисті пән ретінде қалыптастырғанына көз жеткіземіз.

Сөйлем жүйесі

Сөйлем жүйелері

- Бастауыш
- Баяндауыш
- Анықтауыш
- Толықтауыш
- Пысықтауыш
- Бұратана сөздер

Сөйлем түрлері

- Болымды сөйлем
- Болымсыз сөйлем
- Толымды сөйлем
- Толымсыз сөйлем
- Жалаң сөйлем
- Жайылма сөйлем

- Сұраулы сөйлем
- Лепті сөйлем
- Тілекті сөйлем

Ал үшінші тіл танытқыш кітаптың таралымына келсек, қолымызды мынадай мәліметтер бар.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 68 бет.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 67 бет.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен үшінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 73 бет.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 бет.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 бет.

Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Ташкент-Қызылорда, 1928. – 72 бет.

Сонымен кеңестік тоталитарлық жүйе жолын кесіп, көшін тоқтатқан алғашқы қазақ оқулықтары мен олардың авторлары туралы әңгіме енді ғана басталды. Бүгінгі өзекжарды талап – қазақ ұлттық мектебін қалыптауға бұл мұра оқулықтардың қаншалықты пайдасы барлығы туралы ең алдымен ұстаздар қауымы үн қосса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, кеңесіп пішкен тон ешқашан келте болмасы анық.

ДИХАН ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры,
ҚР ҰҒА академигі*



ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ӨТУ МАҢЫЗДЫ

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін құрастыруы тіліміздегі үлкен серпіліс болатын. Ғалым осы еңбегі арқылы қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу-білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал еткені белгілі. А.Байтұрсынұлы жасаған әліпби қазақ жазу тарихындағы ұлы жаңалық болды. Ғалым: «...*һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз*» деген еді. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу – кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөнінде тапсырма бергенін атап өткеніміз жөн. Биыл латын әліпбиінің соңғы нұсқасы таныстырылып, жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023-2031 жылдар аралығына жоспарланды. Біз осы орайда ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы Дихан Қамзабекұлына латыннегізді қазақ әліпбиіне қатысты бірнеше сұрақ қойған едік.

Әңгімемізді латыннегізді қазақ әліпбиіне көшудің тиімділігінен бастасақ...

– Біздің өз тарихымызда, мәселен, филология тарихында әліпбиге көшу, әліпбиді пайдалану деген ұғым бұрыннан бар. Мұның талай тәжірибесін бастан өткергенбіз. Осы үдерістің саяси да, амалсыздық та мәселелері болды. Сондай-ақ стратегиялық сипаты бар. Мен қазіргі «латынға көшуді» сол

стратегиялық, елдік мәселелердің аясында қарағанды дұрыс санаймын. Міне, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болады. «Отыз жылдың ішінде бізге қандай бағыт, қандай ұстаным керек? Біз нені түзетуіміз керек?» деген ойға келетіндей, өз тарихымыздан сабақ алатындай кезеңде тұрмыз. Бұл сабақ қандай? Біз кезіндегі әліпби айтыстарының деңгейіне қарай білуіміз қажет. Осы әліпби айтыстарына Ахмет Байтұрсынұлы сияқты үлкен тұлғалар қатысқан. Бұл айтыс ішінде олардың не үшін жүргенін жалпы филология тарихынан хабардар азаматтар жақсы біледі. Сол әліпби айтысында, Алаш кезеңінде «араб негізді төте жазу қазақ тілінің заңдылығына байланған, қазақ тілінің мүмкіндігін көрсете алады» деген позиция болды. Ол сол заманда өте анық, айқын және еркіндікті танытатын ұстаным еді.

Екі арада қандай дүрбелең болып кеткенін өздеріңіз білесіздер. Латын мен кирилл арасында қаншама тілдің заңдылықтары жұлмаланды. Тілдің табиғи өсуіне көп зиянын тигізді. «Бұған мына тілші, мына ғалым кінәлі» деп айтуға оңай. Бірақ, шындығында, ол амалсыздық еді. Оларды мәжбүрледі. Яғни олардың функциясын соған тіреп қойды. Бүкіл орыс әліпбиін ойымызға, танымымызға сіңіру үшін осының бәрінен өту керек болды. «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» дегендей, сонымен күресіп жатқан жағдай бар. Ал, енді Алаш зиялыларының танымы тұрғысынан қарасақ, бүгінгі латын негізді қаріпке көшуіміз тілдің табиғи дамуына мүмкіндік туғызатын жол деп ойлаймын. Егер тіпті әлеуметтік сауалнама жүргізсек те халықтың көп бөлігі, кемінде 70-80 пайызы жаңа латын текті әліпбиді қолдайтынына шүбә жоқ.

Соңғы ұсынылған нұсқа бойынша не айта аласыз? Жетілген жаңа жобаның ерекшеліктері қандай?

– Мен филолог-әдебиетшімін. Қазақ тілі мен әдебиеті деген мамандық тұрғысынан қарағанда, соңғы жобаға алдыңғы жобалардан сабақ алынған, солардың кейбір қателіктерін түзеткен жоба ретінде қараймын. Біз гуманитарлық ғылым аясынан қараймыз. Ішкі нәзік ғылыми проблемалар болуы мүмкін. Оны қазіргі тілшілердің айтысынан көріп отырмыз. Бұны жоққа шығаруға болмайды. Бұл – табиғи үдеріс деп ойлаймыз. Сондықтан бұл әрі қарай нормаланады, әрі қарай ғылыми жүйеленеді. Қазіргі жобаны сол тұрғыдан қолдаймыз. Ойлаңыздаршы, қаншама уақыт берілді. Бірінші жобадан бері қаншама уақыт өтті. Тура осы кезеңде тілші-ғалымдар өз ішінде шеше алмаған мәселені енді ұзаққа созуға болмайтынын уақыт көрсетіп отыр. Ғылым тұрғысынан байыптасақ, фонология, орфография, грамматология деген қағидаттар бар ғой, сол өлшеммен қарасақ, бәрібір соңғы жоба ғылымның, әліпби дамуымыздың жаңа кезеңін көрсетеді. Оның әрі қарай салалануына, мысалы, белгілі бір әріптерге байланысты дау туса, нормалану

үдерісі жүйелейді. Мүмкін кейбір әріп өзгереді. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында да солай болған. Қайсыбір әріп бойынша дау да туған. Бұның барлығы да біздің кезеңнің рухани, ғылыми дамуын көрсетеді. Бұдан бір трагедия жасаудың керегі жоқ.

Бұған дейін тіл мамандары А.Байтұрсынұлы ұсынған араб негізді әліпбиге негіздеп, бірақ соны латын негізінде жасайық деген ұсыныстар айтып жүрді ғой. Латын негізді әліпбидің соңғы нұсқасы соған сәйкес келе ме?

– Жүзге-жүз келмейді. Ахмет Байтұрсынұлының кезінде ғылымдағы фонетикалық, грамматикалық принциптер сол кезеңге сай жүзеге асты: алғашқы жазуымызда қалай естілсе, солай жазу принципі байқалады. Біз қазір «Қаныш Сәтбаев» деп қолданылатын аты-жөн «Сәтпайып», «Сәтпайев» делінді. Сосын түбірін сақтап, сол мағынасын жазатын да уақыт болды. Нормалану кезінде мұны біздің қоғам қабылдай алады ма? Оны қабылдай отырып, көп дыбыстық мүмкіндіктерімізді жойып алмаймыз ба? Алдағы уақытта осы мәселе реттеледі ғой деп ойлаймын. Ал, ең басты нәрсе – «не ұтамыз?» деген сауал. Әрине, бірінші ұтқан нәрсеміз – өздеріңіз де көріп отырсыздар, бізге жат әріптердің бәрі кетті. Екінші бір кезеңдегі Еуропадан енген сөздерді өз дыбыстық жүйемізден табуымыз да – бір жаңа қадам. Еуропада қалай жазылады соны түбір негізінде сақтап жазу деген сияқты. Осыған дейін бізге көп дүние Ресейдің мәдени кеңістігі арқылы өтті. Сол принциптерден де құтылып жатырмыз. Бұның барлығы да жаңа бір тың жол ашып жатқандай көрінеді.

Енді қазақ әліпбиінің төл әріптерінің сақталуы туралы ойыңызды білсек...

– Біздің әріптеріміздің барлығы – төл әріп. Тоғыз әріп немесе **Ғ, Ұ** деген әріптер ғана төл әріп дей алмаймыз. Біздің **Б**-ны орыстар ешқашан бізше айтпайды. Біздің **С**-мызда басқа, олардың **С** деп қолдануы да өзге артикуляцияда. Қазір ұсынылып отырған 31 әрпіміз болса, Ахмет Байтұрсынұлы белгілеген 28 әріптің бәрі де – төл әрпіміз. Төл дыбыстар, төл әріптер, таңбалаудың төл жүйесі. Сондықтан бұл мәселеде ешқандай бұра тартушылық болмайды ғой деп ойлаймын. Ұсынып жатқан нұсқаның ішінде **Ұ**-ға, **Ш**-ға байланысты мәмілелі нұсқа өтті. Сондықтан бір кезде осыған байланысты ғалымдардың өзара пікірталасына нүкте қойылды. Сонымен бірге фонологтардың арасында **У**-ға байланысты «дауысты, дауыссыз **У**» деген ұстаным бар. Осы дүниелердің барлығы да бірте-бірте ретке келуі тиіс. Бұл енді уақыттың еншісінде. Ал жаңғырған әліпби бәрібір жаңа күйде, жаңа қалыпта әрі қарай дами береді.

Латынға көшу барысындағы әдебиеттің аударылу жұмыстары қалай болмақ?

– Ол өте оңай жұмыс. Одан ешқашан шошымау керек. Біз ақпараттық

дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Бұл – бір тетікті басып қалса аударылатын нәрсе. Ең бастысы электронды нұсқасы болуы керек. Тек қиындататын нәрсе – орыстан енген сөздер. Ал қазақ тілінің заңдылығымен енген сөздер ешқандай проблема болмайды. Мысалы, Конституция орыстың «ция» деген жұрнағымен енді ғой. Дегенмен, бір жүйеден екінші жүйеге реттейтін, қалыптандыратын бағдарлама бар, оның да шешімі табылады. Мәселен, орыс тілінде бір сөзді қате жазып жатсаңыз, «мына сөз қате басылды» деп шығып тұрады. Біз де ақпараттық жүйеде осындай жетістікке жетуіміз керек. Сонда адам өз қатесін өзі түзететін болады.

Расында, бұған дейін клавиатураның бар мүмкіндігін пайдалану туралы мәселе көтеріп жүрдіңіз. Қазіргі латын негізді әліпби оған әбден негізделді ме?

– Қазір «клавиатураның барлық мүмкіндігі» деген нәрсе бірінші ұстаным болды ғой. Енді клавиатураға бәрібір жаңа әріптер енгізіледі. Біздің **Ш**, **Ц** сияқты, басқада бірнеше әріп бар. Мысалы, піл тұмсықты **Ц** болашақта қабылданып кете ме, жоқ «**Н**» үстіне бір таңба қоямыз ба – оны уақыт реттейді. Ал біздің тілші-ғалымдардың айтуынша, **Ц**-ның бөлек болуы, бөлекше жазылуы осы әріпті айта алмайтындар үшін өте қажет. Ондай бірлі-жарымды мәселе шешіледі.

Яғни бұл әліпби «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді ғой?

– Сәйкес келеді. Әр дыбысты бір таңбамен таңбалау, әр дыбысқа бір әріп деген ұстаным қолданылып отыр. Біз Ғылым академиясында қызмет істеп жүргенде, 1992 жылы латын әліпбиі мәселесі көтерілді. Академик Ә.Қайдаридың тұсында латын негізді жаңа әліпби жобасы жасалды. Содан кейінгі бір нұсқа «бізді түркі дүниесімен жақындастырады» деп ұсынылды. «30 жылда тілші-ғалымдар не істеп отырды?» деп кінә тақпау керек. Тіл білімі институты көп жұмыс істеді. Бұл жерде ақпараттық технологияға бейімдеуде дау туындады, мәселе – сонда. Әйтпесе, А.Байтұрсынұлы институты ұзақ жылдан бері өз нұсқасын жетілдірді. Олар әлеуметтік желіде өз нұсқасын ұсынды. Біз осыған дейінгі нұсқаларды «техникалық алфавит» десек болады. Содан кейін ғалымдар «жаңғырту керек» деген хаттар жазды. «Халық үніне құлақ асатын үкімет» оны есітті.

– Жалпы алғашқы жобаларда тілші-ғалымдардың қатыстырмалуы, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдеріне тапсырылуы нәліктен деп ойлайсыз? Уақыттан ұтылған жоқпыз ба?

– Тілші қатыспады деп айта алмаймын, тілшілер болды. Бүкіл мамандар жүрді. Бірінші мәселе әйтеуір алфавитті қабылдатуға асығу болды. Бұны жаман ниет деп айта алмаймыз. Алфавитті қабылдады, себебі уақыт өтіп бара

жатты. Біздің алфавитіміз қабылданса да, қабылданбаса да жүрегі ауыратын, соған қарсы түрлі ақпараттық соғыс ашуға дайын тарап бар. «Саяси амал» да сол мәселені орайлы реттеуге бағытталды. Бұл – өте маңызды нәрсе.

Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023-31 жылдар аралығында жоспарланып отыр ғой. Бұл ұзақ уақыт емес пе?

– Бұған қатысты өз пікірім бар, яғни мұны осыншалықты созуға болмайды. Адамзат тәжірибесінде әліпбиге асықпай көшу 10-12 жылдай уақытты алады. Ал 1928-1929 жылдары латынға көшу олай жүрмеген, бірер жылда көшіп кеткен. Сондықтан мұндай мәселеде екі тәжірибені де ескеруіміз керек. Аға буын осы әліпбимен жүре береді, ал жастардың тез қабылдайтынын ескеруіміз керек. Кешегі Ғабит Мүсіреповтер дүниеден өткенше бүкіл романдарын төте жазумен хатқа түсірді. Оны машинкада терімшілер бірден кирилл қарпіне түсіріп отырды. Сол сияқты аға буын бұрынғы жазумен жаза береді. Ал ресми жазу – тезірек көшетін дүние. Мүмкіндігінше тезірек көшкен сайын, іс-тәжірибеде дау-дамай тез реттеледі, сөйтіп нормалану уақыты жылдам жүзеге асады. Одан шошудың қажеті жоқ.

Сонда соңғы нұсқаны нақты шешім ретінде қабылдай аласыз ғой?

– Иә, мен соңғы нұсқаны қолдаймын. Енді созудың қажеті жоқ. Тілші-ғалымдардың ауызбірлікте болуын қалаймын.

Әңгімеңізге рақмет!

P.S.

Бүгінгі таңда ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы анықтаған дыбыстық жүйені ұстану керегін алға тартып отыр. Қазақ тілінің грамматикасы мен емлесін бір ізге түсіру жолында көптеген еңбек атқарылып жатқаны белгілі. Соның ішінде қазіргі заманғы ғылым тілінің ағылшын екенін, сондай-ақ латын графикасын түркі әлемі түгелдей қолданып отырғанын ескеріп, А.Байтұрсынұлының әліпбиін дәл сол қалпында, тек латын графикасымен белгілеуіміз қажет. Тіл мамандары сонда ғана қазақ жазуында үндестік заңы үстемдік ететін әліпби пайда болатынын айтып жүр. Көзі қарақты оқырман тіл мәселесіне келгенде үнсіз қалмайтыны белгілі. Ең бастысы, латын негізді қазақ әліпбиі қарапайым халық үшін қолайлы болса болғаны.

Ақбота МҰСАБЕКҚЫЗЫ



АНАР ФАЗЫЛЖАНОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымының кандидаты*

ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ ОҢ

Қоғам арасында бірде көтеріліп, бірде бәсеңдейтін тақырыптардың бірі – жаңа әліпбиге көшу. Осы уақытқа дейін желі қолданушылары жаңа «графиканың тіл дәрежесін көтермейтіні, кириллицадан қалған мәдениетімізді ұмытпауымыз керек» деген пікірлер кең тараған еді. Бұл және басқа да мәселе бойынша соңғы жетілдірілген әліпбиге тікелей атсалысқан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжановамен сұхбаттасқан едік.

Латын графикасына жастардың көзқарасы қандай? Тілтанушылар тарапынан белгілі бір зерттеулер жүргізілді ме?

- Сәуір айында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институтының ғалымдары Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен латын әліпбиіне байланысты «google» платформасында сауалнама ұйымдастырды. Оған Алматы қаласының жоғарғы сынып оқушылары мен студенттері қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың 78 пайызы «z» ұрпақ өкілдері. Яғни, 2000 жылдан бері дүниеге келген ұрпақ. Олардың бәрі дерлік латын әліпбиіне көшуді қолдады. Қолдайды деп айтудың өзі артық. Бұл ұрпақ латын әліпбиімен қазақ тілінде жазу тұрақты дүние ретінде қабылдайды. Сондықтан бұл сұрақтың жауабы белгілі. Жастардың жаңа әліпбиге көзқарасы оң.

БАҚ өкілдері бұл тақырыпты бірде қарқыны артып, бірде бәсеңдеп қалады дейді. Ұзаққа созылуына не кедергі? Қандай қиындық бар?

- Мен де бұл сұраққа жауап іздеушілердің бірімін. Біздің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты – қазақ тілін зерттейтін әлемдегі бірден бір мекеме. Мұндағы мамандар кәсіби өмірін түгел дерлік қазақ тіліндегі болып жатқан үрдістерді бақылауға, оны тіркеп жинақтауға, жүйелеуге сонымен қатар әдеби тілдің нормасына қарсыларын стандарт-

тап, нормативтік-ортологиялық сөздіктерге енгізіп отырумен айналысады. Сол себепті жаңа жазуға көшкенде қазақ жазуының негізгі ережелерін жазумен коммуникация жүргізу үшін қажетті тілтанымдық еңбектерді әзірлеп отыр. Нақтырақ айтатын болсақ, 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әліпбиді әлі жетілдіру керек деген тапсырмасын институт ұжымы ғылыми негізде теориялық зерттеулер арқылы практикалық тексерулер арқылы орындап шықты. Жетілдірілген әліпби нұсқасы 2021 жылдың 28 қаңтарында еліміздің Премьер-министрінің басқаруындағы қазақ тілін жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі ұлттық кеңестің мақұлдауынан өтті. Бұл әліпби құр өзі ұсынылған жоқ, онымен бірге жаңа емле ережелері де ұсынылды.

Демек латын графикасындағы жаңа әліпбиіміз дайын деген сөз бе? Жаңа графиканың артықшылықтарына тоқтала кетсеңіз.

- Қазіргі таңда институт латын графикасы негізіндегі орфографиялық және орфоэпиялық үлкен сөздіктерді және орфографиялық анықтағыш қосымша құралдарды әзірлеп қойды. Ендігі кезекте осы мәселеге байланысты саяси шешімнің шыққанын күтіп отырмыз. Қаңтар айында жетілдірілген әліпби әлі бекітілген жоқ. Сондықтан да осы әліпбиге қатысты пікір айтушылар әлі де бар. Қоғам болғаннан кейін оның әртүрлі топтарының болуы заңды.

Ғалымдар ұсынған әліпбидің артықшылығы ол – ғылыми қауымдасстықтың түрлі сараптамаларынан өтіп, әлеуметтік топ өкілдері арасында сынамалардан өткен жоба. Әрі бұл жетілдірілген жобаның басқа да жобалардан артықшылығы ғылыми-лингвистикалық ортологиялық базасы бар. Ол дегеніміз – осы әліпбидің негізінде жазып, сызудың ережелер жиынтығы. Оның ішіне әліпбидің емле ережелері мен орфографиялық және орфоэпиялық сөздік және т.б құралдары кіреді.

Бүгінде жасөспірімдер ыңғайлы тіл ретінде орыс тілінде сөйлеседі. Әлеуметтік желілердің әсері болар, бұл тілдің ауқымы кеңейіп барады. Тілтанушылардың арасында бұл мәселе қаншалықты қозғалады...

Қазіргі таңда біздің қоғамда орыс тілінде сөйлейтін жастардың көптігі, орыс мектебіне балаларын беріп жатқан ата-аналардың көптігі қатты талқыланып жатқан өзекті мәселенің бірі. Бұл тілтанушыларды ерекше мазалайды. Бұл мәселеге біз ғылыми тұрғыдан қараймыз. Ең алдымен өзге тілдің кеңістігінен қол үзбей, керісінше, сол кеңістіктің ел территориясында кеңейіп жатуының себептеріне жауап іздеп көрдік. Ең алдымен бұл жаһандандудың салдары. Жаһандану – экономика мен мәдени құрмаласу. Бірақ бұл құрмаласу әрдайым сол құрмаласуға қатысушы ұлттар үшін тиімді түрде өте бермейді.

Сан ғасыр бойы үстем болған мәдениеттер құрмаласуға енді ғана қатысушы

мәдениеттерді жұтып алуы қазіргі кезде үрдіске айналды. Егер бұрын бір тілдің жойылып кетуі үшін екінші тілдің нақты агрессиясы, яғни, жаулап алушы тілдік ортаны иемденіп, басып алуы керек болса, ал жаһандану дәуірінде бұл үдеріс виртуалды түрде жүзеге асады. Тіл саясатының негізі – мемлекеттік тілді қолдауға арналып келе жатыр. Бірақ неге орыс тілінің кеңістігі кеңейіп, күшейеді деген сұрақ туындайды. Мұның себебі жаһандануда.

Әлеуметтік желідегі ақпараттар мен өзге тілдегі мультфильмдер қазіргі қазақ тіліндегі жасөспірімдерді, балаларды елітіп, баурап әкетіп жатыр. Себебі ол өнімдердің прагматикасы күшті. Прагматика – дегеніміз үнемі тұтынушыны ойлау, соның үдесінен шығуды басшылыққа алу. Өкінішке қарай, қазақ тілді өнімдердің прагматикасы ақсап жатыр. Бұл – бірінші себеп. Екіншіден олардың көлемі де орыс және ағылшын тілдерінен қарағанда аз.

Ана тілімізді үйренуді көпке созбай шешудің жолдары бар ма? Бұл мәселені шешу үшін қандай механизм ұсына аласыз?

- Социо-лингвистикалық зерттеулерге сүйене отырып, бұл мәселені ел кеңістігінде заңдар арқылы шешуге болады деп ойлаймыз. Мемлекеттік тіл туралы заң қажет. Онда қазақ тілінің қандай қатынаста, сапада қолданылуы туралы нақты механизмдері анық көрсетілуі керек. Ол механизмдер тек констатациялық қызмет атқармау қажет. Сонымен бірге заңның ынталандырушы қызметі көрсетілуі керек және жазалаушы құралдары да болуы тиіс. Яғни, сіз қазақ тілін заңда талап еткен орында, заңда көрсетілген сапада қолданып жатсаңыз, сізге қандай артықшылықтар берілетіні нақты жазылуы керек. Егер керісінше болған жағдайда тіл сапасын бұзсаңыз, онда заңда қандай жаза күтетіні анық көрсетілу керек. Заңнамада бұны инструменталды әдістер деп атайды. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары тіл туралы заң либералды бос болды. Ол егемендіктің алғашқы жылдарына қажет болды және өз миссиясын орындады. Ал бүгінгі жағдай өзгерді. Халықтың дені негізгі этнос өкілдерінен тұрады. Онымен қоса өзге этнос өкілдері арасында сапалы тілге деген сұраныс артып келе жатыр.

Егер латын әліпбиіне көшетін болсақ, балаларын орыс мектебіне берем деп отырған ата-аналар бар. Бұған не дейсіз?

Графика – тіл дыбыстарын таңбалайтын шартты дүние. Әліпбидің де арқалайтын жүгі болады. Тіл білімі институтында Орхон жазуы, Араб графикасы және Кирилл әліпбиіне қатысты сізде қандай ассоциациялар туындайды деген сауалнама жүргізген болатын. Сауалнамаға қатысушылардың көбі келесідей жауаптар берді. Кирилл әрпі – қалыпты концепциясымен ассоциацияланады. Араб жазуы – ислам діні деген ұғыммен ассоциацияланады. Бір қызығы латын әріпі – сапа концепциясымен ассоциацияланған. Екіншіден,

қазіргі жаһандану заманында латын ғаріптері кеңінен таралып келеді. Мәселен, Кирилл мен Мефодий жасаған әліпбидің өкілдері Шығыс Еуропа мемлекеттері әріптен бас тартып латынды қолданады. Жаһандану заманында бұл графиканың кеңейе беруі – тенденция.

Сұхбаттасқан Олжас АДАЙ



БАҒДАН МОМЫНОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымының докторы, профессор*

ТӨЛ ӘРІПТЕРІМІЗ САҚТАЛДЫ

Биыл қаңтар айының соңында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысын өткізіп, латын әліпбиінің соңғы нұсқасы таныстырылды. Жетілдірілген әліпби нұсқасы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, оның заманауи үрдістерге сай жаңғыруына ықпал етеді. Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023-2031 жылдары аралығында жоспарланып отыр.

Жазу туралы пікірталас әліпби қабылдау мен емле ережелерін дайындау кезінде өршиді. Қазақ тілінің тарихында осындай жағдайлар 1926 жылы әліпбиге байланысты айтыстар туғанда, 1929 жылы «Қазақ жаңа емлесі туралы декрет» қабылданған кезде байқалды. Ол кездегі айтыстар зиялылар арасында болды, ал қазіргі әліпби айтысына халық та қатысып отыр. Ашық, жария түрде болғандықтан, көп пікірлер айтылып, халық белсенділік танытып жатыр.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынып отырған жетілдірілген соңғы нұсқа қызу талқыланды. Оның да интернет бетінде «қыдырып» жүргеніне біраз болды. Оң да, теріс те пікір кездеседі. Бірақ әлемдік жетілген әліпби нұсқаларына тән ыңғайлылық, қолайлылық, «бір дыбысқа – бір әріп», т.б. принциптері ұсынылып отырған әліпби нұсқасында сақталған.

Лингвистикалық ілімдердің тарихы – жазудың тарихы. Тіл – қарым-қатынастың негізгі құралы әрі жанды құбылыс болғандықтан, өзгерістер болып жатады. Сол тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жазумен ырықтандырылып отыратындықтан, тілдегі дыбыстарды таңбалайтын жазу бұрын да, қазір де тілдің болашағын айқындайтын факторға жатады. Жазу өнері – графика, ал графикалық таңбалардың даму тарихы ұзақ. Жазу өнерінің негізгі

мақсаты – естілетін сөздің дискреттілігі, яғни сөз әртүрлі контекстерде әлденеше рет қайталанса да, әртүрлі айтылып, дыбысталса да, біркелкі таңылуын, таңбалануын қамтамасыз ету. Сол мақсат жолында адамзат баласы жазу прототиптерін (пиктография, идеография, логография, т.б.) жетілдіре отырып, идеографиялық принциптен силлабикалық (буындық) және алфавиттік (әріптік) принципке көшірді. Ыңғайлы әліпбиге көшуде диакритика, апострафтардың көмегі аз болмаған. Ұсынылып отырған әліпбиде диакритикалық таңбалар бар. Диакритикалық таңбаларға байланысты айтарымыз: қазіргі қолданып жүрген кирилл әліпбиінде де диакритикалы **і**, *әрінусті*, *әрінішілік* (**ө**), *әрінасты* (**ү**) мен *әріпбойы* (**ғ**) таңбалар бар. Сондықтан жобадағы диакритикалық таңбаларды жатырқаудың реті жоқ. Жетілдірілген жобада халықаралық әмбебаптық сипатты *умлаут*, *макрон*, *седиль*, *бревис* диакритикалары пайдаланылған, әр диакритика өзіндік ғылыми негіздеріне қарай іріктелді. *Умлаут* – дауысты дыбыстың жіңішкелігін (Ü ü – Yү) білдіреді, ал *макрон* – у(ұу), ұ, ү ұқсас таңбалардың ішінде ұ-ны (Ū ū), *бревис* – жуысыңқы дауыссыздарды (Ġ ġ – Fғ), *седиль* (Şş – Шш) қатаң дауыстыны таңбалайды.

Тілдегі дыбыс атаулының бәріне де таңба беру мүмкін емесін ұғыну керек. Әріппен базалық дыбыстар таңбаланады. Тарихтан белгілі қадым жазуын еске түсіріп көрелік. Арабнегізді ескі қазақ жазуы мұсылмандықпен бірге енді, квазиәліпбилік сипатты еді, өйткені онда дауыссыз дыбыстардың таңбалануына басымдық берілді, ғылымда мұндай әліпбилер **консонантты әліпби** деп аталады. Араб жазуы оңнан солға қарай жазылады, онда 28 таңба болды. Әрбір таңба бір дауыссыз дыбысқа арналды. Дауысты дыбыстарды әріптердің асты-үстінен жазылатын арнайы диакритикалық белгіленімдер, яғни әріптерден бөлек қосымша таңбалар білдірді. Араб тіліндегі дауыстылар ұзын (созылыңқы) және қысқа болып бөлінетіндіктен, кейбір дауыссыз дыбыс таңбалары жазу кезінде созылыңқы дауыстыларды таңбалау үшін пайдаланылған. Қысқа айтылатын дауыссыздар қосымша белгілер яки *харакаттар* арқылы жазылған. Ал «а», «и», «у» дауысты дыбыстарына жеке таңбалар арналған. Бірақ осы үш таңба өзге де ұқсас дыбыстарды таңбалауда пайдаланылады: «а» таңбасы «к», «г» дауыссыздарымен тіркесіп келгенде «ә»-ні де таңбалады. Ал ʾ әрпі «сукун» таңбасымен бірге е-ні таңбалады, «и» таңбасы «ы» анық естілетін буындарда жуан естілетін дауыссыз дыбыстармен келіп, «ы»-ны білдірген, т.б. ерекшеліктер көп болды. «У» дыбысы классикалық араб тілінде өзгеріссіз қолданылады, бірақ кейде диалектілік сөздерде «о»-ны таңбалаған. Осы 3 дауысты дыбыс белгіленімдерінен (харакат, сукун, фатха) бөлек, олардың 3 айырым түрлері бар. Оларды «танвин»

деп атайды. Тіпті «сукун»-ның үш түрі бар, бірі – дауыссыз дыбыстың жоғын білдірсе, «шадда» – дауыссыз дыбыстың қосарланып тұрғанын көрсетті, ал «хамза» – екі дауысты дыбысты бір-бірінен ажыратты. Жоғарыда айтылған қосымша таңбалармен сөздің жазылуына мысал: (نِيُونْتُ لَفِط). Жазатын адам тек дыбыстарға арналған әріптерді танудан бөлек, қол қимылын көбірек пайдаланды және қосымша белгіленімдердің өзін игеруі керек болды. Мұны айтып отырған себебім, қазіргі кездегі **и** (ый, ій), **у** (уу, үу) жазылуының даулы болуының басын осы қадымнан іздеу керек сияқты көрінеді кейде. Әрине, заңдылық та бар. Өйткені осы ескі жазуда **у**-дың **ұу** дыбысын да, кейбір жатжұрттық адам аттарын жазғанда жалғыз әріп түрінде «**у**» дыбысын да таңбалайтыны деректерден байқалады. Яғни ескі жазуда **и**, **у** дыбыстары жартылай дауыстыларға жатқызылып келген. Кейіннен осы жазу дәстүрінің, ескі шағатайлық үлгінің А.Байтұрсынұлы бас шығарушы болған «Қазақ» газетінде сақталғаны байқалады. «Қазақ» газеті төтемен (усул жадид) шықты. Төтедегі **и** таңбасы (екі нүкте әріп таңбасының астына көлденеңінен орналасқан) кейде **ы**-ны: *болғандығы, падшасын*, кейде: **и**-ді (шеттілдік сөзде дауысты десек): *Рұмыниаға* (бір сөз құрамында келгенде әрі **ы**-ны, әрі **и**-ді) таңбалауда қолданылған; сол сияқты **і**-ні: көрінеді, стеуінен; кейде **й**-ді таңбалайды: келмейді, т.б. Сонда бір ғана таңба бірнеше дыбысты (жат сөздерді есептегенде) таңбалаған және екі рет қайталанып жазылғанда **иі** және **ый, ій**-ді білдірген, мысалы: **тиис** деп жазылған, бірақ қазіргі жазумен **тиіс** деп оқылады. Сонымен бірге «**ы**» және «**і**» дыбыстары келетін барлық позицияларда емес, көбінесе тәуелділіктің 3-жағын білдіргенде жазылған: *мажилисине, төрине*, т.б. Дәл осы сынды жағдай **у**-ға да байланысты. Ескерте кету керек, мысалдар газеттік нұсқасы негізінде кирилл әріптерімен жазылып отыр. Одан кейінгі кезде, латыннан кирилл әліпбиіне көшудің алғашқы уақытында, 1939-1945 жылдары, емлелік, фонетикалық ерекшеліктер көп болған: 1. Латын жазуымен жазылған материалдарда (екі әліпби де қатар қолданылған аз уақытта) **х**, **к** әріптері (*хат, қатынасу*) латынның бір ғана **q** әрпімен таңбаланған; 2. Латын жазуымен басылған материалдарда **ы** – дыбысы **ь** – белгісімен, **я** – кириллдің **э**-әрпімен, **і**-дыбысы **j**-мен таңбаланған (*oktəbr, attanʹs, bastalʹb, əiglj*), т.б. Бірақ кирилл жазуының алғашқы кезеңінде **я** дыбысы **йа**-мен жазылған (айанбасаң, аямай, комиссия, армия, т.б. (Қазіргі ұсынылып отырған емле ережелерінде де осылай жазу ұсынылып отыр). Бірақ **баяндама** сөзінің жазылуы осы күнгі жазылу нұсқасымен бірдей. **Ю** дыбысы **иу**-мен жазылған (*Иугославия*). Екінші буынында **я** жазылатын орыс сөздерінде **э** жазылған (*Октəбр*). Орыстың **э** дыбысы қазақтың **ә**-дыбысының орнына жазылған (*Сəлім*, т.б.). **Ц** дыбысының орнына біраз уақытқа дейін **с**, кейіннен

ц-ның өзі жазылған (*Редаксияға*). Қазіргі әлібиде **ц** дыбысы жоқ, орнына **с** жазылатын болады. **Э** келетін жерлерде **е** жазылған (*энергия, экономика*). Қазіргі әліпбиде **э** дыбысы жоқ, яғни **э** келетін жерлерде **е** жазылады. Қазіргі кезде **х** жазылатын жерлерде **қ** жазылған: *қабарлаймыз, қалқы, қаты*. Бірақ *рахмет, хабар* сөзі бірде **х**-мен, енді бірде **қабар** түрінде (*жаңа қабарлар*) жазылған. **Х, һ**-ға байланысты да өзгерістер жаңа әліпбиде бар. Қазіргі кезде **қ**-мен жазылатын кейбір сөздер ол кезде **х**-мен жазылған: *хасиетті (хасиетті борышы, революцияның хасиетті туы)*. **Ы, і**-мен жазылатын сөздердің бәрі **ы-, і**-сіз, түсіріліп жазылған (*үкмет, аброймен, ысрабына*). **Ы** артық қосылып жазылған (*даңыққа*). **«Ұ»** әрпін **«у»** әрпінің төбесіне диакритика қойып жазған (*ұрыста*). **«Ү»** дыбысын **«у»**-мен таңбалаған (*кушке*). Ал **ия** қосарланып келетін жерлерде **ия**-ның жазылуы (*жарыя, жан қыярлық*), т.б. ерекшеліктер болған. Бұл жазу тарихы, тарихтан керегі, ұтымдысы сұрыпталады. Бәрін бірдей өзгеріссіз қайта қабылдау мүмкін емес. *Бірақ адамзат жазулары тарихында бұрынғы да, қазіргі де жазу типтері бір фонема бір графема принципін ұстанғанмен, таза бір принциппен әліпби құрастыру мүмкіндігі қашан да аз болған*. Оны түсіну үшін латынға көшу басталғанда ұсынылған әліпби жобаларын еске түсірейік. Тек диграфтардан тұратын әліпбидің біздің агглютинативті, яғни жалғамалы тіліміздің табиғатына сай келмейтіні дәлелденді. Айталық *шашу* деген сөздегі **ш** (**sh**) *shashu* (6 таңба) – *şaşu* (қазіргі жобада 4 таңба) салыстырып байқайық. Қайсысын жазу қолайлы? Әліпби апострофпен, ақутпен ұсынылып отырса да, кейбір дыбыстар диграфтармен берілді (**sh, ch**), яғни таза диакритика аясына дыбыстарды сыйдыра алмаған. Ақырында диграфтар жобалардың жарамсыз болып шығуына әсер етті. Апострофты әліпбиде бір сөздің құрамындағы әріптердің өзі бөлектеніп тұрғандай көрінді, мысалы: *ku'bir-sybyrdan, s'u'i'iretin*. Жазған кезде апострофты әріппен екі сөз қатар келсе, бас әріп болып жазылып кетуі байқалды. Қолайлы шрифттер Lusida Handwriting, Harrington, Old English Text Mt, AgencyB, Arial, Arial Unicode Ms, Calibri болды, ал қолайсыз шрифттер: Times New Roman, Britannic Bold, Bodoni Mt Black. Осыларды өткен күннің еншісінде қалса да айтып отырған себебіміз – бүгінгі әліпбиді толығырақ тануға, дұрыс бағалауға септігі тиер деген үміт. Сонымен қатар қазір қолданып отырған кирилнегізді әліпби 42 әріптен тұрады, ал ұсынылып отырған жобада 31 әріп бар, таңбалар саны 11-ге қысқарған. Қысқарса да, әрбір төл дыбысқа жеке таңба берілген.

Классикалық латын әліпбиіне көзі үйренгендер кейбір танымал таңбаларды іздейді. Олардың орны қалай толтырылды? Тапқырлықпен шешілген мәселенің бірі деп жаңа әліпби нұсқасындағы цитаталық принципті айтуға болады. *«С, Х, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік*

сөздерде қолданылады». Неліктен осы С, Х, W таңбалары жаңа әліпби нұсқасында айрықшаланып берілді? Оның негізгі себептерінің бірін шеттен енетін түрлі марка, бренд атауларының әліпби ауыстыру туралы әңгіме қозғалмастан бұрын шеттілдік нұсқасымен өзгеріссіз жазыла бастауынан іздестіру керек. Осындай түрі мен қалпы сақталатын, өзгеріссіз алынатын шеттілдік сөздер БАҚ-та, визуалды ақпарат құралы саналатын теледидарда, әдеби-көркем журналдарда, тіпті аударма әдебиет пен оқулықтарда, көшедегі жарнамаларда, маңдайшаларда кездеседі. Әсіресе қалаларда осындай атаулар аяқ аттап басқан сайын кездеседі. Мысалы, қазақ тілінің көркемдігін, байлығын паш етуге қызмет ететін әдеби-әлеуметтік «Жұлдыз» журналының өзінде де осылай жазылу үрдісі бар: «Алматылық музыканттарды қолдау үшін арнайы платформалар құрылып, өнімдері **iTunes, Yandex, Spotify** тағы да басқа заманауи цифрлы құралдар арқылы таратылатын болады» («Жұлдыз», 2019, №11, 176-б.). «Оның дамуы әлеуметтік желілер мен блог-платформалар танымалдығының артуына да тікелей серпін берді. **Youtube, Instagram, Twitter** секілді тиімді контент құрып, жақсы табыс табуға мүмкіндік береді» (Жұлдыз, 2019, №11, 177-б.). Бұл мысалдар журналдың жетілдірілген әліпби талқылауға ұсынылмастан бұрынғы нөмірлерінен алынған. Танымал **Twitter, Yandex** сияқты атаулар сол күйінде жазылып тұр. Осылай жазуға көз де, қол да үйренген. Фирмалар үшін бұл қолайлы, тауарының танымалдығы, өтімділігі арта түседі. Екінші себеп алғашқы себептен келіп туындайды: әртүрлі тілдердің иелері (тұтынушылары, елдер, мемлекеттер) арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың нығаюы, жаппай компьютерлендіру, ғылым мен техниканың дамуы, техникалық құралдардың қолжетімді болуы шеттен енетін сөздерді көбейтеді. Оның ішінде жазба тұрпаты сақталатын бренд, марка атауларын өзгеріссіз жазу әбден дағдыға айнала береді. Сондықтан жобада **С, Х, W** таңбаларымен жазылатын белгілі маркалар, бренд атауларын сол күйі көшіріп алу, яғни мәтінде де, жеке тұрғанда да цитаталық принциппен жазу ұсынылған. Әлемге белгілі бренд атауларын өзгертпей жазу көп тілдерде бар құбылыс. Бұл атаулар өздері енген тілде гибридтер саналады, себебі оларға қазақ тілінің қосымшалары жалғанады, мысалы: *Yandex*-тен, *Word*-пен, *Coca-Cola*-ның, т.б.

Төл әріптерсіз тіл тіл бола ма? Өткен ғасырдың 40-жылдары С.Аманжолов төл дыбыстар туралы: «...Осы жазғы тұрым орталық жаңа әліппе комитеті барлық ұлттарға өзіндегі **q, o, a, y, b, o** әріптерін алып тастауды ұсынды. Олардың кеміс бөгеті, қолайсыздығы көп. Бірақ мұны ұсыну алдында Жаңа әліпби комитеті әр ұлттың ерекшелігімен санаспағаны көрініп тұр. Орыста **q, o** әрпі жоқ екені рас, оларға ол әріптерді үйрету де қиын екені рас.

Бірақ орыста жоқты жойып, ұлт тіліне балта шабуға бола ма?» деген екен төл дыбыстардың таңбасын сақтап қалу туралы. Сондықтан төл дыбыстар жетілдірілген жобада сақталған. Олардың әрқайсысының әрпі бар. Жоғарыда аталған диакритикалық таңбалар төл дыбыстардың таңбалануына жәрдем етіп тұр. **Aa**-мен ғылыми әдебиетте а-ның аллафоны саналатын **Ää** (ә) – кор-реляттар. **Gg** мен қазақтың төл дыбысы **Ğğ** (ғ)-ның диакритикамен ажы-ратылып берілуі, **Nn** (Нн) мен **Ŋŋ** (Ңң) таңбаларының кескінделуі; **Oo** мен **Öö** (ө), сондай-ақ **Ss** мен **Şş** (ш); **Uu** (Уу; ұу); таңбалануы ұқсас **Ūū** (Ұұ); **Üü** (Үү) дыбыстарының екі түрлі диакритикамен ажыратылуы да заңды. **Ii** (Іі) бас әрпі диакритикасыз беріліп отыр. Диакритиканы көбейтпеу мақсатында диакритика қойылмады, бәлкім жиілігі, сөз шенінде келуі сияқты маңызды факторлар ескерілгенінен де болар. **Ŋŋ** (ң), **Şş** (Шш) әріптерінің таңбалануы да көңілге қонымды, сөз үстіндегі диакритикаларды азайтады. Ал **ң** таңбасы, сондай-ақ соңғы жоба бойынша барлық шешім дауыс берумен қабылданды. Ал ғылыми көзқарастармен келіспеу, қарсы болу, қайшылықтар болуы, қалыс қалу – заңдылық.

Орыс тілі дыбыстарының әліпби жобасында болмауы назар аударуға тұрады. Бүгінгі ұрпақ бұл әріптерді жазып қолдары да, көздері де үйреніп қалғандардың қатарына жатады, бірақ келер ұрпақ орыс тілінен енген сөздердің сол тілде жазылған нұсқасын емес, ұсынылып отырған әліпби арқылы енгізілген, қазақшаға әбден бейімделген нұсқасымен ғана жазатын болады. Ертенгі ұрпақ *jiu, kiu, qiar, sia* деп бірден-ақ жазады (ю-мен, я-мен жазбайды). Кірме **ъ, ь** (белгілер), **щ**, т.б. дыбыстарын жазуды қаперіне де ал-майды, сондай-ақ **э** орнына **е**-ні, **ё** орнына **ө**-ні, **ц** және **сц** әріп тіркесі орнына **s** (*sirk, sement*) жазатын болады. Кірме сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішкелігін айыратын **ъ, ь** белгілері жазуда еленбейді, бірақ сөзге қосымшалардың жуан не жіңішке жалғануының заңдылыққа сай болуы ескерілетін болады. Сол сияқты **сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу** әріптерінің бірі түсіріліп жазылуы сөздерді қазақша айтылымға жақындата түседі: *prosesor, atestat, asonans, disonans, akaunt, akord, vakum* т.б. Осы сияқты өзгерістер ұсынылғанда сөзге қосымшалардың дұрыс жалғануы, үндесу, дыбыстардың үйлесімі мейлінше ескеріледі. Бірақ барлық шеттілдік сөздерді бір үлгіге салу кейде мүмкін бола бермейтіні байқалды. Жобаға қарағанда ертең емес, бүгіннің өзінде орыс сөздерінің орысша нұсқасы емес, қазақшаға бейімделген нұсқасы танымал болатыны сезіледі. Кірменің бірі – **ф** дыбы-сы әліпбиде бар, осыған байланысты өз ойымды білдіре кетейін. **Ф** – қазақ жазуы тарихында қадымнан бері келе жатқан дыбыс. *Фикр, фәни* сияқты діни сөздерде жазылады, ескі жазбалардың бірегейі саналатын Әбілғазының

«Шежіресінде» де *фасл* сияқты сөздер ф-мен жазылған, ал қазіргі діни әдебиетте жиі кездеседі. Оны екінің бірі білмегенмен, филолог-әдебиетшілер білуге тиіс. Сондықтан **ф**-ның әліпби құрамында жүруін тек орыс тілімен байланыстырған дұрыс болмас. Қалай дегенмен шеттілдік сөздерді жазу үлгілері бүгінгі күннің сұранысын өтейді, ертеңгі күннің талабына сай болады деген үміт басым. Ал пікірталастар мен көзқарас алуандығы (плюрализм) істі ілгерілетеді, дамытады. Әліпби ауыстыруға - байланысты пікірталастарды мен осы тұрғыда бағалаймын.

Қоғам әртүрлі топтан, әртүрлі көзқарас иелерінен тұрады. Әрбір ұлттың коммуникативтік әдебі бар, ол ұлттың тілге деген көзқарасы негізінде қалыптасады. Ал тілдік қарым-қатынас ұлт өкілдеріне қатысты *өзіміз* және *басқалар* деп бөлу мүмкіндігін туғызады. Қазақ қоғамына көп елде қалыптасқан осы стандарт, жеке тілдік тұлғаның идентификациясын құрайтын белгілер, үйлеспейді. Қазақстандағы тілдік ортаны мынадай жіктеліске түсіруге болады: а) қазақша ойлап, ойын қазақша қағаз бетіне түсіретін қазақтілділер; ә) орыстілді қазақтар (ана тілін мүлде білмейтін қазақтар). Ал өз тілінде сөйлемейтін адамның ойлау жүйесі мен танымы, дағдысы, мәселені талдауы, соған сай әрекет етуі де бөлек болады; б) шалақазақтар. Бұлар ана тілін ауызекі тіл деңгейінде білгенмен, ойын қағазға орыс тілінде түсіретіндер. Соңғы екі топ бірен-саран өкілдерден ғана тұрмайды, олардың саны көп, яғни бұқаралық сипаты бар. Сондықтан пернетақтаға байланысты түрлі пікірлер айтылуы заңды. Бірақ ол да дұрыс шешімін табады деген ойдамын, сала мамандары бұл тұрғыда да пікірлерін білдіруде. Шешім табатыны әліпбидегі коррелят дыбыстардың орналасу тәртібінен сезіледі: *Оо-Өө* т.б. және әріптер қолға ыңғайлы позицияларға қолданыс жиілігі сияқты ерекшеліктеріне қарай орналасатын болар.

Осыған дейін де өте көп нұсқа ұсынылғаны белгілі. Ұсыныс иелері тек тілші-ғалымдар емес, олардың арасында әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері де болды. Жобаның талқыланып, әдістемелік тұрғыдан сынамадан өткенін, көптеген шаралар атқарылғанын естен шығаруға болмайды.

ЮЛИЯ ЛАГУТКИНА

*Еуразия Ұлттық университетінің
халықаралық қатынастар
факультетінің түлегі*



БІРНЕШЕ ТІЛДІ ЕРКІН МЕҢГЕРДІМ

Юлия Лагуткина – Еуразия Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің түлегі. Қазір магистратурада білім алып жүр. 12 жыл орыс мектебінде білім алған орыс ұлтының өкілі қазақ тілінде ойын іркілмей айтып, еркін сөйлейді. Сонымен қатар ағылшын, түрік тілдерін де меңгерген.

Қазақ тілін мектеп бағдарламасынан білемін. Ден қойып оқыған балаға оны меңгеріп кету үшін сол да жеткілікті деп ойлаймын. Бәрі мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шәкірттің ынтасына байланысты. 12 жыл орыс мектебінде оқыдым. Ұлы Абай тіліне деген сүйіспеншілігімді Айыртау ауданы Лавровка ауылындағы қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Жанар Құсайынова оятты. Сол үшін де алтын ұстазыма алғысым шексіз. Ол кісінің сабағы басқа ұстаздардікіне ұқсамайтын. Біз жай ғана мәтін оқып, шығарма, эссе жазумен шектелмейтінбіз. Сынып бөлмесінде кішкентай ғана теледидар тұратыны есімде. Мұғалім таңертең оны қосып, жаңалықтар көрсететін. Барлық бала түсінгенімізді, ойға түйгенімізді ортаға салатынбыз. Күн сайын балаларға жаңа тақырыпты қызықты етіп жеткізудің түрлі әдісін тататын. Әр сабақ ерекше, қызықты өтетін еді. 9 сыныпта емтихан арқылы Петропавл қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне қабылдандым. Ауылдағы білім ошағында үйренгенімді тәжірибе жүзінде пайдалануға жол ашылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен түрлі облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Дайындық барысында тілді тереңдете меңгере түстім. Сайыстардың да көп пайдасы тиді.

Шын ниет болса, тіл меңгеру қиын емес. Еркін сөйлеу үшін 4 ай жеткілікті. Әсіресе қазақ тілін білу үшін грамматиканы үйрену керек. Тәжірибе де өте



маңызды, тілді жаттықтырып, сөйлеу қабілетін қалыптастыру үшін тілді күнде қатынас құралы ретінде пайдалану маңызды. Ағылшын тілімен салыстырғанда әлдеқайда оңай. Келер шақ, осы шақ пен өткен шақты ажырата білсең жеткілікті. Үш жылдан бері репетиторлық қызмет көрсетіп, өзгелерге қазақ және ағылшын тілдерін үйретіп жүрмін. Методикасын толық меңгеріп алдым деуге болады. Өз уақытымды тиімді өткізумен қатар, өзгелерге де пайдаң тисе жақсы.

Қазақстанда 100-ден аса этнос өкілдері тұрады. Өкінішке қарай, мемлекеттік тілді меңгергендері аз. Дегенмен, қызығушылар қатары артып келе жатқанын байқап жүрмін. Елімізде тіл білген азаматтың жолы ашылады, әсіресе, өзге ұлт өкілдері үшін. Өз тәжірибемнен айтайын, өзің қалаған жұмысқа орналаса аласың. Қызмет сатысымен өсуге мүмкіндік бар. Еліміздің қай түкпіріне барсаң да, халықпен емін-еркін қатынас жасай аласың. Америкаға сапар шексек, ағылшын тілінде, Ресейге барсақ, орыс тілінде сөйлейміз. Қазақстанда да солай болуы тиіс. Былтыр Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының жетекшілігімен өткен «Бір шаңырақ астында – биік мақсаттарға» атты Ассамблея кеңесі отырысына қатысып, сөз сөйледім. Мемлекеттік тәл мәртебесі мәселесін көтердім. Оны тек мемлекетке жүктеп қоюға болмайды. Қазақстанның барлық азаматы атсалысуы керек. Тіл білуімнің арқасында талай үлкен жиындарға қатысып, мінберден сөз алып жүрмін. Үлкен тұлғалармен кездесіп, әрқайсысынан өмірлік тәлім аламын.

Адам ана тілін және өзі тұратын елдің мемлекеттік тілін білуге міндетті. Ол ананың сүтімен берілетін құндылық. Қазақстанда тұратын барлық халықты қазақ тілін үйренуге шақырамын. Ұлы данышпан Абайдың, ақиық ақын Мұқағалидың тілі мен үшін өте әдемі, әуезді, бай. Тіл арқылы қазақ халқының тарихын біліп, дәстүрі жайында хабар алып келемін. Қаншама рухани қазынаға ие болдым. Ағам Ресейге оқуға да шақырды. Бас тарттым. Өйткені Қазақстанда туып-өстім. Отаным өзіме қатты ұнайды.

Мен қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін, және түрік тілін аздап білемін. Қазір меңгеріп жүрмін. Қазақ тілі – менің екінші ана тілім. Түрік тілін оқу маған оңай болып жүр. Себебі қазақ тіліне көп сөздері ұқсайды. Болашақта испан, француз тілдерін білгім келеді. Адам шындап кіріссе, алынбайтын қамал жоқ.

Қазақстанда мемлекеттік тілді үйрену үшін барлық жағдай жасалған. Тек қызығушылық болса жеткілікті. Тегін курстар, интернет сабақтар, сан-алуан кітаптар бар. Қайсысын тандағың келсе, өз еркің. Тек кейбір адамдардың соны пайдаланбайтыны өкінішті. Мемлекеттік тіл деңгейі өзекті болып тұр. Бұл уақыттың еншісінде деп ойлаймын. Жастардың арасында қазақ тілін білмей тұрып, ағылшынды меңгергісі келіп жүргендер көп. Оны білген әрине жақсы, тек адам бірінші кезекте ана тілін білуі шарт.

ЕЛИЗАВЕТА СЕДЫШЕВА

*«Берегиня» орыс этномәдени орталығы»
қоғамдық бірлестігінің мүшесі*



БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІ ҚАЗАҚША ШЫҒУЫ ТИІС

Менің ұлтым қазақ болмаса да, жүрегім – қазақ. Қазақ тілін ана тілімдей құрметтеп, ойымды қазақша жеткізгенде талайы таң қалады. Әрине, мен осындай қасиетті елде дүниеге келдім. Қасиетті елдің қастерлі тілі бойыма дем алған ауамен, ішкен суымен бірге дарыды. Тіпті, осыған дейін қамқор болып, қасымнан табылған ізгі ниетті адамдар да басымнан сипап, жақсы тілектерін осы тілде жеткізген екен. Тағдырдың жазуымен Теміртау қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, қазақтың тілімен қатар, көркем дәстүріне қанып өстім. Әр кез қасымнан табылатын достарымды да қазақ ортасынан таптым. Достарым қазақ болған соң үнемі сөздік қорымды байытып, білім көкжиегін кеңейтуге тырысамын. Осы жерде туып, осы елдің азаматы болғандықтан, тілді білмеу – мен үшін ардың ісі.

Мен жаспын, алдымда – үлкен даңғыл жол! Елімізде біз үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. «Болашақ – жастардың қолында!» деген сөзді үнемі жадымда ұстап, Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан!» дегеніндей, еліміздің өркендеуі жолында мен де біліміммен, білігіммен бір кірпіші болуды көксеймін.

Ол үшін, әлбетте, қазақ тілін білу – міндетті! Замандастарымды қазақ тілін жетік меңгеруге, ойын қазақ тілінде ашық әрі еркін жеткізуге насихаттаймын. Себебі – болашақ қазақтың тілінде екенін әлдеқашан сезінгенмін.

Қазақстандықтар әлемдік мінбелерден қазақша сөйлеп, еліміздің абыройын асқақтатқанда менің жұдырықтай жүрегім ерекше қуанады. Себебі, мен де осы елдің бір бөлшегімін.

Қазақстан Республикасының Президенті қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керектігін жиі айтады. Тілді дамыту әрқайсысымыздың тікелей міндетіміз. Тіл – ең алдымен халқымыздың тарихының, мәдениетінің

айнасы. Ал, мемлекетімізге қызмет ететін азаматтар осы құндылығымызды қастерлесе – еліміз ары қарай қарыштап дами түсетіні сөзсіз.

Күлтегін дәуірінен негіз алатын баба тіліміздің мәртебесі биік, ешқандай дәуір желі түбірін қозғай алмайтындай болсын деген тілегім жайдан-жай айтыла салған сөз емес. Ол менің шын тілегім!

Еліміздің әр азаматы қазақ тілін білуі керек. Мемлекеттік тілді білу – борыш емес, міндет!

Мемлекеттік тілдің имиджін арттыру мақсатында жастар арасында қазақша сөйлеуге шақыратын пікір алаңдары, форумдар, түрлі акциялар жиі ұйымдастырылса деген тілегім бар. Сондай-ақ кинотеатрлардың және барлық теларналардағы балалар мультфильмдердің тілін қазақшаға көшіретін уақыт жетті. Қазір ата-аналардың жұмысбастылығына байланысты балаларды мультфильмдер тәрбиелейтін болды. Ешкім үйретпесе де балабақша бүлдіршіндері орыс, ағылшын тілдерін меңгеріп алады. Керісінше өз ана тіліне келгенде сөйлей алмайды, себебі олардың қазақша таным-түсінігін қалыптастыратын орта жоқ, адам жоқ, ата-ана, ата-әже жоқ.

Біздің болашақ балаларымыздың тілі қазақша шығуы тиіс. Сондықтан ең алдымен телеарналар тілін мемлекеттік тілге 100 пайыз көшіруіміз керек деп есептеймін.

ҰМТЫЛ ЗАҚАН

*Ақын, «Алтын тобылғы» әдеби
сыйлығының иегері*



ТІЛ ЕЛДІКТІҢ ТҰТҚАСЫ

Біздің елімізде Қазақстан халқы тілдер күні атты мерекелік атаулы күн бар екені баршаңызға аян. 2017 жылы «Қазақстан Республикасында мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» үкіметтің қаулысынан кейін, 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күні болып біржола бекітілген болатын. Бұған дейін, бұл мереке 22 қыркүйек күні тойланып келе жатқан еді. Оның өзіндік тарихи себептері болатын. Айталық, 1989 жылы 22 қыркүйек күні Қазақстанда алғаш рет «Тілдер туралы» заң қабылданған еді. Осы тарихи уақиғаға байланысты, тұңғыш президенттің 1998 жылғы жарлығымен 22 қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күні болып қабылданған. Тілдер күнінің жаңа датаға өзгеруінің де өзіндік себебі бар. Ең бастысы 5 қыркүйек – қазақ тіл ғылымының атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Бүкіл халықтық тілдер мерекесін Ұлт Ұстазының туған күні құрметіне қою оң шешім деп бағалаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлынан қалған «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген аталы сөз бар, бұл сөз уақыт өткен сайын өз өміршендігін танытып келе жатыр. Ресми деректерге сүйенсек, жер бетінде әр екі жұма сайын бір тіл жойылады екен. Бұл статистиканың сәл ескіргенін ескерсек, әлемдегі кішкентай тілдердің жойылу жиілігі бұдан да тез қарқын алуы әбден мүмкін. Тіл де – тірі ағза. Оның дүниеге келу, жетілу, даму тарихымен қатар құлдырау кезеңдері болады. Тірі ағзаға тән тіршілік ету қабілетінен айрыла бастаған да, әр он бес күн сайын жойылып отыратын өлі тілдердің қатарынан табылады. Өлі тіл дегенміз – «қолданыстан шыққан, ешқандай тұтынушысы жоқ тіл» - деген сөз. Ғалымдардың пікірінше егер сол тілде толыққанды сөйлейтін жалғыз адам қалғанға дейін, ол тіл өлі тілдердің қатарына қосылмайтын көрінеді. Өкініштісі, бүгінгі таңда өміршендігін жоғалтқан тілдер «Қызыл кітапқа»

кіретін жан-жануарлар мен өсімдік түрлерінен әлдеқайда көп болып отыр. Демек, жәндіктердің жоғалуынан гөрі, тілдің жоғалу жылдамдығы басым.

Дүниежүзі халықтарының тілі ретінде жер шарында өмір сүру қабілеті бар тілдердің жиынтығын атаймыз. Халықаралық лингвистика ғылымымен айналысатын ұйымдардың әр жылғы мәліметтерін қорытындыласақ, өткен ғасырдың 90-ы жылдарына дейін, жер бетінде алты мыңдай тіл болған. Соңғы жылдары осы дерек жыл сайын емес, күн сайын жаңарып жатқанға ұқсайды. Оның ең басты себебі, тілдің өміршеңдік қуатының төмендеуі болып саналады. Орта есеппен алынған алты мың тілдің соңғы деректерге сәйкес, тең жартысынан астамы он мыңнан аса тұтынушысынан (сөйлеушісінен) айрылған. Олардың тағдыры алдымыздағы жарты ғасырда соңғы тиянағын табуы мүмкін деген болжам бар. Осы алты мың тілдің ішіндегі бес жүзге жуық тілді өз ана тілі ретінде санайтын адамдардың саны жүз адамнан аспайды екен. Ал үш жүзден аса тіл «өлі тілдердің» қатарына енген. Қорқынышты мәліметтердің тізімі «біз осы жазбаны жазып отырған» сәттің өзінде өзгеріп жатуы әбден мүмкін.

Венгрияның тілдерді зерттеуші ғалымы Янош Пустаидың болжамдарына сүйенсек, ХХІ ғасырдың соңғы ширегінде әлемдік тілдердің 80 пайыздан астамының жоқ болып кету қаупі жоғары. Оған ең басты себеп ретінде тілдердің жаһандану процесіне ілесе алмауымен әртүрлі жағдаяттарға байланысты адамдардың жиі қоныс аударуы жатады. Тілінен айрылған халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, ғұрыптық санасы, дүниетанымы сол тілмен бірге енді қайыра ашылмайтын есіктің арғы жағында қалып қояды. Қанша жерден тіл маманы, тіл ғалымы бар зердесімен зерттегенімен, сол тілдің төл презенті болмағасын, оның тамырын дөп басып, жан әлемін аша алмайды. 2001 жылы жарық көрген «Жоғалудың алдында тұрған және жоғалған тілдердің атласы» мен осы құжаттың, араға сегіз жыл салып жаңаланған нұсқасының арасында елеулі өзгерістер болған. 2001 жылы шыққан атласта 6900 тілдің 900-і жоғалудың алдында тұр деп берілсе, 2009 жылы шыққан еңбекте бұл көрсеткіш үш есеге артқан екен. Демек, небәрі сегіз жылдың ішінде 2700 тілдің тағдыры шешіліп қойған. Одан бері де он жылдан артық уақыт өтті. Осы уақыт ішінде тағы қаншама тіл құрдымға бет алғанын болжау қиын емес сыңайлы.

Жоғарыда осы ғасырдың соңына дейін жер бетіндегі тілдердің жартысынан көбі жойылып кету қаупі бар екенін атап өттік. Сол жоғалу қаупі төнген тілдердің басым көпшілігі бұрынғы КСРО құрамында болған елдердің тілі екен. Бұл жерде империялық саяси жүйенің нақты әсері болғаны түсінікті. Яғни, отарлаушы ел, өз қарамағындағы аз санды ұлттардың алдымен тілін, дінін, ділін ассимиляциялау саясаты арқылы, тұтас елді бір тілді, бір ұлтты,

бір ізді мемлекетке айналдыру жобасының нәтижесі дер едік. Қазірдің өзінде бұл ел аумағында 136 тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғаны туралы ресми деректер бар. Соның ішінде мына 5 тіл жоғалудың ең қауіпті деңгейінде тұр. Оның бірі – түркі тілдердің оғыз тобына жататын ғағауыз тілі. Ғағауыз халқы он сегізінші, он тоғызыншы ғасырлар аралығында Ресей саясатының қысымына қатты ұшыраған. Соның нәтижесінде тұс-тұсқа шашырап, басым көпшілігі Қырым түбегін паналаған. Алғашында румын әрпін пайдаланған, кейін біржола кирилл әрпіне көшкен. Қазір бұл тілде сөйлейтін адам саны жүзге де жетпейтін көрінеді. Осындай тағдырдың тәлкегіне ұшыраған тағы бір тіл – ливия тілі. Ливия тілін еркін меңгерген жалғыз адам 2009 жылы қайтыс болған. Алайда бір топ еріктілер осы тілді өз еркімен үйреніп, қазір ливия тілінде сөйлейтін адам саны екі жүзге жуықтап қалған көрінеді. Осындай жоғалуға бет алған тілдің бірі саам тілі. Халқының жағырапиялық орналасуына қарай саам тілінің оншақты нұсқасы қалыптасқан. Өкініштісі, осы түрлерінің дені уақыт өткен сайын өз тұтынушыларынан айрылып жатыр. Ресейдің шет аймақтарында ғана он бес-жиырмадай сөйлеушісі қалған вод тілінің де соңғы күндері таяу екені айтпаса да түсінікті сияқты. Осындай мүшкіл халге ұшыраған тағы бір тіл – бізбен туыстас қарайым халқының ана тілі - қарайым тілі. Бұл тілдің тағдырын мен өз көзіммен көрген уақиғамен байланысты айтып көрейін. Әр жылы Астана күні қарсаңында, түркі тектес халықтардың «Астана арқауы» атты мәдени-сазды кеші өтетін. 2019 жылы болған сондай бір концертте қарайым халқының бір презенті келіп, туған тілін де, туған халқының халық әнін орындады. Бұл әнші қарайым тілінде ән айта алатын соңғы адамдардың санатынан екен. Әрине, туыстас бауырыңның осы күйін көріп, көзіңе жас келеді.

Тілдің өміршендік қуаты қандай принциптермен өлшенеді деген сауалға аз ғана тоқталып өтелік. Ең әуелі ол сол тілді тұтынушы елдің саяси-әлеуметтік көрсеткішіне тікелей байланысты. Тілді дамыту, қолдану аясын кеңейту жолындағы кешенді мемлекеттік саясаттың берік, орнықты және тұрақтылығы қажет. Содан соң, сол тілде сөйлеуші халықтың демографиялық өсімі аса маңызды орында тұрады. Әсіресе, сол тілде сөйлеуші халықтың басым бөлігі жастар болса, ол тілдің болашағы нұрлы бола түсері анық. Сонымен қатар, тілдің лингвистикалық көрсеткіштері сол тілдің ғылыми дәрежесін анықтайды. Әдеби тілдің барлық нормалары жасақталған, әлемдік тілдердің ықпалына төтеп бере алатын күші, дұрыс терминологиясы болуы ләзім. Осындай құрлымдардың дұрыс жұмыс істеуі негізінде, сол тіл ғылымының, мәдениеттің, өркениет пен техниканың, күнделікті әлеуметтік өміріміздің шынайы бет-бейнесіне айнала алады.

Тілдің жоғалып кетпей, уақыт, заман ырғағымен үндесе дамып отыруының түп негізі – тілдің ғылыми-танымдық биікке көтерілуі. Осы ретте біздің ана тіліміздің ауызекі сөйлесу құралынан, ғылыми сипатқа өтуінің тірегі болған Ахмет Байтұрсынұлының ұшан-теңіз еңбегінің алдында, бүгінгі ұрпақ қарыздар екені хақ. Егер Байтұрсынұлының «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» сынды кітаптары болмағанда, қазақ тілі әркімнің етегіне бір жармасып, жығылып-сүрініп өз арнасын таппай кетері анық еді. Ахаң тұтас өмірін қазақ баласының көсегесі көгеруіне, көкжиегін кеңейтуге арнаған ұлт руханиятының көсемі. «Ана тілі» деген терминді, асыл ұғымды алғаш жас ұрпаққа сіңірген кемеңгер. Нағыз ғылыми еңбек ұлтына, ұлттық ғылымына мәңгілік еңбек ете алатынын көрсетіп берген, қазақ тілтану ғылымының сөнбес шырағы. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» еңбегі арқылы тарихта тұңғыш рет қазақтың төл әліпбиін жасақтады. Қазақ тіл ғылымының терминдерін түзді. Тіл өмір сүруінің үш тірегі, дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесін зерттеп, ғылыми негізін салып берді. Бүгінгі қазақ лингвистикасының берік тағанын қалады. Бала тәрбиесі, балаға білім берудің ғылыми педагогикалық әдістемесіннің үлгісін жаратып кетті. Айта берсең Ұлт Ұстазының көл-көсір еңбегі осылай жалғаса береді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл ғылымының ғана емес қазақ әдебиеттану ғылымының да берік тағанын қалаған теоретик. Сонау XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеті теориясының терминдері мен ұғым-түсініктерін, әдебиеттің ғылыми жіктелуін, тұтас концепциясын анықтап кетті. Ахаң «Әдебиет танытқыш» арқылы әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екенін нақтылап, оның қалыптасу үрдісіне қарай өз категориялары арқылы түсіндіре білді. Мағжан Жұмабаевтың поэзиясынан мысалдар келтіру арқылы, қаламгердің шығармашылық күш-қуаты мен ерік-жігері, сөз иесінің жан бостандығына тікелей байланысты екенін айғақтап көрсетіп, ұлттың әдебиеті тек өз топырағынан нәр алғанда ғана өнер биігіне көтеріле алатынын дәйектеп берді. Маржандай тізе берсек қазақ әдебиеттану ғылымының бастауында тұрған «Әдебиет танытқыш» монографиясының інжуі жетерлік. Өңгіме, повесть, роман жанрлары және көркем шығарманы талдаудың әдіс-тәсілдері туралы пайымдауларының өзі бір төбе. Ең бастысы – осы уақытқа дейін құны артпаса кемімегенінде. Ахмет Байтұрсынұлы міне осындай жанкешті еңбегінің арқасында, қазақтың ауызекі тілде ғана қолданып жүрген сөздерін, үлкен ғылыми болмысқа көтеріп, ғылым тіліне, мәдениет, өнер тіліне дейін асқақтатты.

АЙГҮЛ МАХАМБЕТОВА

*Қазақстан Республикасы
Заңнама және құқықтық ақпарат
институты Лингвистика орталығының
аға ғылыми қызметкері*



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕН РЕСМИ ТІЛДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Ағымдағы жыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен ерекше. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары Қазақстан іргетасының қалану сатысындағы маңызды қадам – бір ширек ғасырдан аса құқықтық негіз қалап келе жатқан Ата заңымыздың қабылдануы. Осы негізгі Заңға сәйкес әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар. Алайда Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болып табылады. **«...Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек»,** – деген Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың сөздері осы парызды естен шығармау керектігін де білдіреді [1].

Көпұлтты мемлекетте этностардың қатар өмір сүруіне, ұлтаралық түсінушілік пен келісімнің сақталуында тіл саясаты маңызды рөл атқарады. Қазақстан ұстанып отырған тіл саясаты қатар өмір сүріп жатқан барлық этникалық топтың тілдеріне ешқандай шеттету танытпай, ұлттық ауызбіршілікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің толыққанды қызметін қамтамасыз етуді мақсат етеді [2, 103]. Тіл саясатындағы басты фактор – тілге мемлекеттік тіл не ресми тіл деп мәртебе беру өзекті мәселелердің бірі.

Конституциямыздың 7-бабы 1-тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені, ал 2-тармағында және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның орыс тілін қолдануға қатысты 5-бабында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында

орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны көрсетілген. Шын мәнінде, тіл туралы заңнамаға сәйкес көрсетілген ұйымдар мен органдарда:

Мемлекеттік тіл жоғарыда санамалап өткен ұйымдардың жұмыс және ісқағаздарын жүргізу тілі, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады;

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады;

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, басқа тілдерге аударыла отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі.

Бұл ретте елімізде мемлекеттік тілмен тең дәрежеде ресми түрде орыс тілі қолданылады деген ұғымды Қазақстан Республикасында ресми тіл деп танылады деген ұғыммен байланыстырып, қате пікір туғызбаған жөн.

Мемлекеттік тілмен қатар орыс тілінің ресми тіл деп танылу фактілеріне мысал ретінде, 2021 жылғы 5 мамырдағы «Қырғыз Республикасының Конституциясы туралы» Заңының Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілі қырғыз тілі болып табылады деген 1-тармағы мен Қырғыз Республикасында ресми тіл ретінде орыс тілі қолданылады деген 2-тармағынан тұратын 13-бабын айтуға болады.

Кейбір елде интернет желілерінде жарияланған мақалаларға шолу жасап, Қазақстан Республикасында қазақ және орыс тілдерінің қолданылуына қатысты ақпараттың қате жазылғанына көз жеткіздік. Мәселен, «В каких странах два государственных языка» және «20 стран мира с двумя и более официальными языками» атты мақалаларда Қазақстан мемлекеттік тіл ретінде қазақ және орыс тілдерін қолданатын, яғни екі мемлекеттік тілі бар ел деп көрсетілген. Ал «Статус языков в различных государствах мира» деген мақалада Қазақстанда Конституцияға сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі, ал орыс тілі ресми болып табылады және қазақ тілімен тең қолданылады деп жаңылыс жазылған. Мемлекеттік тіл мен ресми тілдің аражігі нақты ажыратылмауы себебінен ел арасында осындай қате түсінік пайда болуда.

1953 жылы ЮНЕСКО сарапшылары «мемлекеттік тіл – мемлекеттің саяси, әлеуметтік және мәдени салаларында интеграциялық функцияны орындайтын, осы мемлекеттің нышаны ретінде әрекет ететін тіл», ал «ресми тіл – мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу тілі» деп анықтама бере отырып, «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» ұғымдарын ажыратып алуды ұсынды. Сонымен қатар бұл екі анықтама барлық ел үшін міндетті емес, түсіндірме

түрінде және ұсыныс ретінде берілген. Енді көрсетілген ұғымдарға берілген анықтамалар қатарына шолу жасап өтейік.

Осы ұғымдардың «мемлекеттік тіл – бұл мемлекеттік мекемелердің, құжат айналымының, заң шығарушы және заңнамалық актілердің, жоғары оқу орындарының және ғылыми жарияланымдардың қолданатын заңмен бекітілген тілі. Бүкіл функционалды және құрылымдық ұйымның ішінде мемлекеттік тіл – бұл ұлттық әдеби тіл, халыққа ортақ тілдің ең жоғарғы өңделген түрі. Ресми тіл – заңмен бекітілген мемлекеттік емес тіл, мемлекеттік басқару, заңнама және сот ісін жүргізу тілі. Көбінесе ол мемлекеттік тілмен қатар қолданылады» деген анықтамаларын кездестіруге болады [2, 103].

Сонымен қатар ашық энциклопедияда «мемлекеттік тіл – мәртебесі конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі. ...Ал ресми тіл – заң, сот, оқу, т.б. ресми кеңсе қызметінде мемлекеттік тілмен қатар қолданылатын негізгі тілдердің бірі. Әдетте, көпұлтты елдердің конституцияларында кейбір тілге ресми мәртебе берілгені белгіленіп отырады» деп түсіндірілген.

Ал «Большой юридический словарь» атты заң сөздігінде «ресми тіл – мемлекеттің заңнама мен ресми іс жүргізуде, сот ісін жүргізуде, оқытуда және т.б. қолданылатын негізгі тілі. Көпұлтты халқы бар елдерде (мысалы, Үндістан, Канада, Швейцария) өз конституцияларында қай тілдің (тілдердің) ресми тіл екені айқындалады. Көптеген мемлекетте «ресми тіл» мен «мемлекеттік тіл» ұғымдары сәйкес келеді. Сонымен бірге ресми терминологияда ресми тілге мемлекеттік тілмен қатар ресми салаларда қолдану үшін заңмен бекітілген тіл деген анықтама берілген.

Шолу жасалған анықтамалардан екі ұғымға қатысты функцияларының орнын ауыстырып пайдаланылғаны әрі нақты аражігі ажыратылмағаны байқалады. Соның салдарынан екі ұғымды ұқсас әрі айырмашылығы жоқ деп тұжырым жасауға да болады.

Алайда заң жүзінде қандай да бір не бірнеше тілдің мемлекеттік немесе ресми деп танылуы, оларға әртүрлі мәртебе берілгені, яғни олар өз мәртебесіне сай әртүрлі мағынада қолданылады деген мағынаны білдіреді.

Әлеуметтік тілтанымдық сала анықтамалығы бойынша мемлекеттік тіл – мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларында интеграциялық функцияны орындайтын, оның нышаны ретінде әрекет ететін тіл. Азаматтардың әкімшілік-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзара іс-қимылы мемлекеттік тілде жүзеге асырылады, нәтижесінде тіл мемлекеттік бірлесудің маңызды құралдарының біріне айналады.



Мемлекеттік тіл тұжырымдамасының қалыптасуы ұлттық тіл саясаты қағидаттарына байланысты, ал мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау осындай саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Көпұлтты мемлекетте мемлекеттік тілдің маңызды функцияларының бірі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі болуында.

Әдетте, халықтың сандық қатынасында басым болып келетін бөлігінің анағұрлым функционалдық дамыған тілі мемлекеттік тіл рөлін атқарады. Мемлекеттік құрылым аумағында мемлекеттік тіл мәртебесіне бір не бірнеше тіл ие болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілі Ресей Федерациясы аумағында мемлекеттік тіл болып табылады, ал Қарашай-Шеркес Республикасы аумағында мемлекеттік тіл мәртебесіне орыс тілімен қатар, абазин, қарашай, ноғай, черкес тілдері де ие. Француз тілі Францияда мемлекеттік тіл болып саналса, ал Бельгия мен Швейцарияда мемлекеттік тілдердің қатарына жатқызылған.

Әр жағдайда олардың функционалдық жүктемесінің дәрежесі белгілі бір тілдік ұжымда пайдаланылатын тілдер арасында функциялардың дәстүрлі қалыптасқан нақты бөлінуіне және қабылданған тіл заңнамасына байланысты болады.

Өзіндік ерекшелігі ажыратылып отырған екі ұғымның терминологиялық сәйкестігі көбінесе олардың ұлттық тілдің ресми қолданылу саласы элементін қамтуында. «Мемлекеттік тіл» ұғымының өз ерекшеліктері бар, соның ішінде басты ерекшелігі деп оның қандай да бір нақты мемлекеттің қалыптасуымен тығыз байланысын атап өткен жөн. Мемлекеттік тіл ресми қарым-қатынас саласында байланыс құралының рөлін атқаруға арналған, бірақ мұнымен ғана шектеліп қоймайды. Осылайша ол көпұлтты қоғам өмірінің көптеген саласында байланыс құралы болып табылады. «Мемлекеттік тілдің» басты айырмашылығы – бұл оның белгілі бір ұлттық мемлекеттілікпен, нақты этноспен байланысын көрсететін мемлекет нышаны (мемлекет Туы, Елтаңбасы, Әнұранымен қатар) ретінде орны, сондай-ақ оған қорғауды және қолдауды қажет ететін ұлттық құндылық ретінде қарау. Оның мәртебесі аталған тілдің ресми саламен қатар, білім беру және жалпы қатынас салаларын да қамтитын, мүмкіндігінше басымдықпен дамуын және оның қолданылуын білдіреді.

«Ресми тіл» пайдаланылу саласы мен атқаратын функциялар ауқымы бойынша «мемлекеттік тілге» қарағанда неғұрлым тар мағынаға ие ұғым, бірақ оны көптеген құқық субъектілері айқындай алады. «Ресми тілге» мекеменің, қоғамдық немесе халықаралық ұйымның, саяси партияның және т.б. ресми қарым-қатынасы мен ресми іс жүргізу тілін білдіру үшін қолданылатын «жұмыс тілі» ұғымы жақын.

Мемлекеттік тіл немесе ресми тіл негіздемесіз белгіленбейді, оны таңдау әрқашан объективті себептерге негізделеді. Ең алдымен, бұл – тілдің өзіне қатысты қойылатын талаптарға қатысты. Әлбетте, ұлттық тілдің әдеби, жазба нысанасы болуы қажет. Тілтанушылар тілдің қоғамдық қатынас саласында 20-дан астам функциясы бар деп санайды. Оларды орындау үшін тіл функционалдық стильге, лексикалық қорға, әдеби нормаға ие болуы керек. Теориялық тұрғыдан білім саласының кез келген мәтінін түрлі тілге, оның ішінде қандай да бір тайпаның тіліне де аударуға болады.

Осылайша нақты тарихи-тілдік жағдайға байланысты ұлттық тілдердің функционалдық даму деңгейі әртүрлі болады әрі мемлекеттік тілді немесе ресми тілді белгілеу кезінде қоғамның әлеуметтік-лингвистикалық қажеттіліктеріне әрқашан сәйкес келе бермейді.

Мемлекеттік тілді таңдау барысында сол тілде сөйлейтіндердің саны мен таралу дәрежесінің маңызы зор. Дегенмен олар әрқашан сәйкес келе бермейді. Қандай да бір тілдің таралуына сол тілде сөйлейтін адамдардың субъективті қатынасы да әсер етеді. Ал олар қалыптасатын этнолингвистикалық жағдай әлеуметтік-саяси өзгерістерге, ұлттық мәдениеттің жай-күйіне, экономикалық және идеологиялық себептерге байланысты әртүрлі бағаланады.

Мемлекеттік тілді белгілеуді жалпы шоғырландырылған процестің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, бірақ оған көп жағдайда ассимиляция процесінің әсер ететінін айта кеткен жөн. Сол себепті заң жүзінде бекітілген тілдердің тең болуы және бір мемлекет аумағындағы барлық ұлттық тілдің дамуына қолайлы жағдайдың жасалуы негізге алынып, ұлттық тілдердің еркін дамуы қағидаты мұқият сақталуы керек. Тілдердің құқықтық теңдігін белгілеу олардың функционалдық теңсіздігін жоюды болғызбауға ықпал ете алмайтын сөзсіз. Іс мәні бойынша әрбір тіл байланыс әлеуетінің түрлі деңгейлерін иелене отырып, әлеуметтік-мәдени сатыда өзіне тән орын алады. Тек кейбір тілдер, яғни әлемдік тілдер барлық әлеуметтік функцияны атқара алады, ал әр ұлттық тіл оларды толық көлемде атқаруға міндетті емес.

Тілді мемлекеттік тіл немесе ресми тіл деп тану оның неғұрлым тиімді қорғалу құралы ретінде қарастырылады, өйткені бұл оның басым түрде дамуына және пайдаланылуына жағдай жасайды. Алайда осындай шешім әрдайым дегтеген нәтижеге қол жеткізбейді. Біріншіден, заңнама тұрғысынан белгіленген ресми қатынас салаларында сан түрлі ұлт азаматтары арасындағы қарым-қатынастың әмбебап құралы ретінде мемлекеттік тілдің негізгі мәні бұрмаланады. Екіншіден, көпұлтты халық, этнолингвистикалық мүдделердің әртүрлілігі, күрделі ұлттық-мемлекеттік

құрылым тұрғысынан барлық ұлттық тілдің дамуы және оларды қорғау проблемаларын шешу мүмкін емес. Сонымен қатар тілдерге, оларды қорғауға қатысты заңнамалардың, ұлттық тілдерді дамыту мен қорғау жөніндегі арнайы мемлекеттік бағдарламалардың және т.б. көмегімен тілдерді барынша тиімді қолдаудың және қорғаудың мүмкін екенін ескеру қажет. Мемлекеттік тілге қамқорлық жасау – бұл мемлекеттің айрықша құзыреті мен міндеті. Оны меңгеру материалдық әрі моральдық тұрғыдан ынталандырылады.

Мемлекеттік тілді енгізу арқылы мемлекет пен оның азаматтары арасында өзара құқықтар мен міндеттемелердің тұтас кешені пайда болады, олар кейде ұлттық тілдік қатынастардың шеңберінен шығып жатады. Белгілі бір ұлттық тілді білу «жеке тұлға» – «мемлекет» арасындағы өзара байланыстың туындауы негіздерінің бірі болуы мүмкін. Практикада заңнама саласында азаматтық алу шарттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді білу талабы кездеседі.

Өз азаматтарына ұлттық-тілдік қатынастар саласында ерекше талаптар қоя отырып, мемлекет мемлекеттік тілді оқыту, үйрену және қолдану процесін толық көлемде қамтамасыз ету және мемлекеттік тіл ана тілі болып табылмайтын азаматтардың сол бөлігінің этнолингвистикалық мүдделерін іске асыруға кепілдік беру міндеттемелерін өзіне алады. Мұны ұлттық-тілдік қатынастарды реттейтін заңнаманың аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде қараған жөн. Әрбір халықтың өз тілін дамытуға деген сөзсіз қажеттілігі бар, бұл – ұлттық сананың ең маңызды көріністерінің бірі [3, 13–16].

Президентіміздің «Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында Егемендігіміздің төртінші онжылдығына қадам басудамыз. ... Қазақ тілін меңгеру – біртұтас ұлт болу жолындағы айрықша маңызды қадам. Сондықтан тіл үйренуге талпынған азаматтарымызды бәріміз қолдайық. Мемлекеттік тілді білетін әрбір азамат қазақша үйренгісі келген досымен, әріптесімен немесе танысымен өз білімін бөліссін. Мұндай игі іс бір-бірімізге қамқорлықты арттырып, бірлігімізді нығайта түсері сөзсіз» деген тұжырымын алға тарта отырып, мемлекеттік тілімізді дамыту, мәртебесін арттыру үшін күш-жігер салуымыз қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады, ал Қазақстан Республикасында жоғарыда көрсетілген ұйымдар мен органдарда орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады және ол Қазақстан Республикасында ресми тіл деп танылмаған. Сонымен қатар «мемлекеттік тіл» мен «ресми тіл» ұғымдарын бір-бірінің орнына қолданылатын әрі мағыналас тіркестер ретінде

пайдаланбай, оларды жүктелген функцияларына сәйкес пайдаланған дұрыс. Бұл – тілге берілген мәртебені әрбір азаматтың құрметтеуін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: Еліміз бұл қиындықтан шыңдалып шығады. 5 мамыр, 2020. <https://egemen.kz/article/233344-prezident-qasym-zhomart-toqaev-elimiz-bul-qiyndyqtan-shynhdalyp-shyghady>;
2. Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б.;
3. Доровских Е.М. К вопросу о разграничении понятий «государственный язык» и «официальный язык» // Журнал российского права. 2007. № 12 (132). С. 8 – 20.

ТАМЫРЛАС ТҮРКІ ТІЛДЕРІ

Өркениетке бетбұрған түркі халықтарының тілдік ерекшеліктері, әлеуметтік лингвистикалық мәселелерін кеңінен таныстыруды жалғастырамыз.

Хюля Касапоглу Генчел, Байрам Уәли университетінің профессоры, «Түрік тіліндегі кірме жалқы есімдердің емлесі мен латын графикалы қазақ тілі үшін ұсыныстар», **Елчин Ибрахимов**, Әзербайжан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы И.Насими атындағы Тіл білім институтының Түркі тілдері бөлімінің директоры, доктор «Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әзербайжан тіліндегі ономастикалық вахидтердің орфографиялық ерекшеліктері (қазіргі кезең)», **Насимхон Рахманов**, Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. «Өзбек латын графикасындағы кірме сөздер емлесінің мәселелері» латыннегізді әліпбидің қолдану аясындағы ғылыми ұстанымдарына негізделген зерттеу мақалалары және тәжірибелерін ұсынамыз.

ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ МЕН ЛАТЫН ГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰШІН ҰСЫНЫСТАР

Хюля Касапоглу Генчел

Байрам Уәли университетінің профессоры

Ең алдымен Түрік тілі Қауымдастығының (Türk Dil Kurumu) емле нұсқаулығындағы (Анкара/2021) емле ережелері жайында айта отырып орфографиядағы â әрпін таңдау мәселесінің себептерін айқындаймын, және қазақ тіліндегі шетелдік жер атаулары мен кісі есімдерін латын графикасымен жазуға қатысты өз ұсыныстарымды беремін.

Егер біз бүгінге дейін бірнеше басылымнан шыққан нұсқаулықтарға жалпы баға беретін болсақ, 1941 жылдан 1985 жылға дейін басылып шығарылған орфографиялық нұсқаулықтарда шетелдік жалқы есімдердің ономастикалық атаулардың орфографиясына арнайы бір емле ережесі жасалынбаған. Бұл нұсқаулықтарда белгілі бір елдер мен тілдердің атаулары көрсетілген: *Германия, неміс, немісше; ағылшын, ағылшынша, Англия* және т.б. Бұл тақырып алғаш рет 1985 жылы Хасан Эреннің әзірлеген орфографиялық нұсқаулығында жазылып, егжей-тегжейлі сипатталды. 1985 жылдан бастап шетелдік жалқы есімдер түпнұсқада жазылады деген шешім қабылданды. Шетелдік жалқы есімдердің орфографиясы (TDK 2021/ 26-27 б.)

Латын графикасын қолданатын тілдердегі жалқы есімдер

Латын графикасын қолданатын тілдердегі жалқы есімдер түпнұсқадағыдай жазылады: *Beethoven, Byron, Cervantes, Chopin, Grimm, Rousseau, Shakespeare; New York, Rio de Janeiro* vb. Алайда, батыс тілдерінің ономастикалық бірліктерінің орфоэписын жақша ішінде көрсетуге болады: *Shakespeare (Şekspir)* vb.

Ұсыныстар/ХКЧ : Түрік тілінде ономастикалық бірліктер әуел бастан осылай жазылып келе жатыр және бұл нұсқалардың сақталуы дәстүрді жалғастыру үшін де, ұрпақтар арасында байланыстың болуы үшін де маңызды. Сонымен қатар, шеттілдік жалқы есімдердің/ономастикалық атаулардың түпнұсқадағыдай жазылуы халықаралық аренадағы байланыс пен іс-қағаздық қарым-қатынас үшін маңызы зор. Егер әрбір тіл бұл атауларды өз фонетикалық ерекшеліктеріне бейімдеп жазатын болса хаос орнайды. Осы тұрғыдан қарастырсақ, Қазақстан латын графикасын қолданатын тілдердегі ономастикалық бірліктерді түпнұсқадағыдай қабылдауы тиіс, бұл бірліктер түпнұсқадағыдай жазылуы тиіс.

2. Көнеден түрік тіліне енген Батысқа тән кісі есімдері мен жер атаулары түрік тілінің айтылымына сәйкес жазылады: *Napolyon, Brüksel, Cenevre, Londra, Marsilya, Münih, Paris, Roma, Selanik, Venedik, Viyana, Zürich, Hollanda, Letonya, Lüksemburg* және т.б.

Ұсыныстар/ХКЧ: бұл ереже, шеттілдік кісі есімдерін жазуда ортақ бір нұсқаулықтың жоқ екенін көрсетеді (1-ереже). Демек, алғаш енген және соңынан енген батыстық кірме сөздердің емлесінде айырмашылықтар бар. Қазақстан осы топ ономастикалық атауларына байланысты стандарттық емле ережесін қабылдауы тиіс. Жоғарыда айтқанымдай, мұндай атауларды жазу барысында түпнұсқа формасын сақтап жазу керек.

3. Шетелдік жалқы есімдерден түретілген атаулар түрік тіліндегі айтылымға сәйкес жазылады: *Dekartçılık, Kalvencilik, Marksçılık, Marksizm* vb.

Ұсыныстар/ХКЧ: Бұл атауларды жазу мәселесінде де түпнұсқа формасы таңдалуы тиіс.

4. Түпнұсқада бөлек жазылатын топонимдер де түрік тілінде бөлек жазылады: *Buenos Aires, Hyde Park, San Marino* vb.

Ұсыныстар/ХКЧ: Батыс тілдеріне тән топонимдер түпнұсқадағыдай жазылуы керек.

Араб және парсы түбірлі жалқы есімдер

Араб және парсы түбірлі кісі есімдері мен топонимдері түрік тілінің дыбыстық және құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес жазылады: *Ahmet, Bedrettin, Fuat, Mehmet, Necmettin, Nizamettin, Ömer, Rıza Sadettin; Cezayir,*

Fas, Filistin, Mısır, Suudi Arabistan, Bağdat, Cidde, Erdebil, Halep, İsfahan, İskenderiye, Medine, Mekke, Şam, Şiraz, Tahran, Tebriz, Trablusgarp және т.б.

Ұсыныстар/ХКЧ: Араб және парсы түбірлі кісі есімдері мен жер аттары негізінен қазақ тіліне айтылым принципіне негізделе отырып енді. Дәстүрді ұстану тұрғысынан қарасақ, бұл атаулар осы нұсқада латын әліпбиіне көшірілуі керек: *Axmet, Ospan, Maksut, Mukambet, Mamat, Mambet, Marjan; Aljir, Palestina, Bağdad, Mekka, Medina, Şiraz* vb.

Грек жалқы есімдері

Грек кісі есімдерін жазу барысында грек әріптерінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келетін түрік әріптері қолданылады: *Homeros, Sokrates, Aristotales, Platon, Karamanlis, Papandreu* және т.б. Алайда *Herodotos, Sokrates, Aristoteles, Platon* есімдері білімізде *Herodot, Sokrat, Aristo, Eflatun* нұсқасында жазылады.

Ұсыныстар/ХКЧ: Бұл есімдердің емлесі қазақ тілінің айтылымына негізделе отырып қабылдануы тиіс. *Gomer, Sokrat, Platon, Aristotel* және т.б.

Орыс жалқы есімдері

Орыс кісі есімдерін жазу барысында орыс тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келетін түрік әріптері қолданылады: *Bolşevik, Çaykovski, Çehov, Dostoyevski, Gogol, Gorbaçov, İlminskiy, Klyaştorniy, Malov, Tolstoy, Yeltsin, Moskova, Orenburg, Petersburg, Volga, Yenisey* және т.б.

Ұсыныстар/ХКЧ: Орыс кісі есімдері емлесінде айтылым принципі негізге алынды. Алайда бұл ережеге екпінсіз /o/ дауысты дыбысы мен кісі фамилиясында қолданылатын /v/ дауыссыз дыбысының емлесі, әсіресе жуандық белгісі мен жіңішкелік белгісі жатпайды. (Екпінсіз /o/ дыбысының /a/ болып оқылуы мен кісі фамилиясының соңында қолданылатын /v/ дыбысының /ф/ болып оқылуы: *Malov/Malof, Kononov/Kononof, Radlov/Radloff* сияқты) Қазақ тіліндегі орыс есімдерінің емлесіне өзгеріс енгізуге керек емес. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты жазылатын сөздер сол нұсқада қалуы тиіс: Мәскеу (Москва), Орынбор (Орынбор) және т.б.

Қиыр Шығыс тілдеріне қатысты жалқы есімдері

Қытай ономастикалық атаулары түрік тілінде қалыптасқан формасына сәйкес жазылады: **Nankin, Pekin, Şanghai.**

Қытай тілінде кісі фамилиялары есімдердің алдында жазылады. Фамилиялары негізінен бір буыннан, ал кісі есімдері бір немесе екі буыннан тұрады. Бұл есімдер бас әріппен жазылады; буындардың арасына дефис қойылады: *Sun Yat-sen, Lin Yu-tang. Yalnız Konfüçyüs gibi yaygınlık kazanmış adlar bitişik yazılır.*

Öneriler/НКЧ: Бұл жалқы есімдердің емлесі қазақ тілінің айтылымына негізделуі тиіс.

2. Жапон ономастикалық атаулары да түрік тілінде қалыптасқан формасына сәйкес жазылады: *Tokyo, Hiroşima, Nagazaki, Osaka, Kyoto; Hirohito, Kayako Hayashi.*

Түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарындағы жалқы есімдер

Түрік тілінде Түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарындағы кісі есімдері мен жер атаулары қалыптасқан формасына сәйкес жазылады: *Azerbaycan, Özbekistan; Taşkent, Semerkant, Bakü, Bişkek; Abdullah Tukay, Abdür-rauf Fıtrat, Bahtiyar Vahapzade, Baykonur, Cafer Cebbarlı, Cengiz Aytmatov, Muhtar Avezov vb.*

Түркі әлеміне тән кісі есімдері түрік тіліне енген нұсқасында яғни айтылымына сәйкес жазылады: мысалы, *Cengiz Aytmatov* немесе Түркістанда араб әліпбиінің қолданылған кезеңінде ортақ емлеге сүйеніп жазылғандар сақталды: мысалы, *Abdullah Tukay*. Бұл ережеге сүйенбейтін түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарына қатысты қолданылатын жер атаулары мен кісі есімдері түпнұсқа түрінде жазылуы керек: *Kızıljar, Almatı, Şimkent; Mağjan Jumabay, Mirjakıp Duwlatulı (Mir Yakup Devlet peminde emec), Axmet Baytursınulı, Askar Jubanov, Rabiğa Sızdık vb.*

Түркия мемлекеті 1928 жылы латын әліпбиін қабылдағаннан бастап латын графикасын қолданатын батыстық шеттілдік жалқы есімдерді түпнұсқада жазды және бұл емле ережесі бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Емле ережесінің басты принциптері сақталды. Түрік тілі Қауымдастығы да бұл мәселеге қатысты өз жұмысын атқаруда. Осыған байланысты латын графикасына көшу бастамасында болып отырған қазақ бауырларымыздың Түркияның осы тәжірибесін пайдаланса болар еді. Қазақ тілі латынды қолданатын шетелдік тілдердегі жалқы есімдерді жазу емлесінде түпнұсқа формасына артықшылық берген жөн. Басқа тілдерің ономастикалық атаулар емлесінде қазақ тілінің қазіргі емле ережесі өз жалғасын табады.



ЕЛЧИН ИБРАХИМОВ

*Әзербайжан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясы И.Насими атындағы
Тіл білімі институтының Түркі тілдері
бөлімінің директоры, профессор*

ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап әзербайжан тілінің емле тарихында жалқы есімдерді дұрыс жазу мәселесі ғылыми қауымдастықтың назарында болғанына қарамастан, бірнеше рет басылымнан шыққан «Әзербайжан тілінің орфографиялық сөздігіндегі» жалқы есімдердің емле ережесі назардан тыс қалған. Бұл себепті кітаптарға, газеттерге және журналдарға көз салған кезде, жалқы есімдердің әр жерде әр түрлі жазылатынын байқауға болады. Сондықтан әзербайжан тіл білімінде жалқы есімдердің емлесі шешілмеген мәселе болып қала береді.

Ономастикалық бірліктердің орфографиясында өзіндік ерекшеліктер бар. Орфографияның қолданыстағы жалпы принциптері ономастикалық бірліктердің емлесінде де қолданылады, және бұл дұрыс болып табылады. Себебі, ономастикалық бірліктердің емлесін тілдің жалпы емле ережелерінен толығымен ажырату дұрыс емес. Алайда бұл ономастикалық бірліктердің емлесінде әртүрлі ерекшеліктердің бар екенін жоққа шығармайды. Біз осы айырмашылықтарды анықтауға тырысамыз.

Әзербайжан тілінде екі немесе одан да көп компоненттері бар ономастикалық бірліктер үш түрлі жазылады: бөлек, бірге және жартылай бірге.

1. Бірге (іргелес) жазылатын ономастикалық бірліктер

Әзербайжан тіліндегі кейбір ономастикалық бірліктер екпінмен айтылады және бірге жазылады.

Антропонимикалық бірліктер (кісі есімдері). а) Екі түрлі кісі есімдерінің бірігуі арқылы жасалатын кісі есімдері: *Həsənqulu, Hüseynqulu, Məlikməmməd, Məmmədəli, Abbasmirzə, Əbdüləziz, Əbdüllətif, Əliməmməd, İbrahimxəlil* және т.б.

Осылай бірігу арқылы жасалатын кісі есімдерінде екі дауысты бірге келген кезде бірінші есімнің соңғы дауысты дыбысы түсіп қалады. *Məsələn, Əli-Əkbər//Ələkbər, Əli-Əsgər//Ələsgər, Əli-İmran//Əlimran, Mirzə-Əli//Mirzəli, Hacı-Ağa//Hасаға және т.б.*

б) Белгілі бір қатынасты, оқиғаны бейнелейтін бірігу арқылы жасалатын кісі есімдері: *Qızbaş, Allahverdi, Qızılgül, Qönçəgül, Qaryağdı, Bircəhanım, Adışirin, Aybəniz, Gülbadam, Gülara, Gülbahar, Gülbəsti, Xaspolad, Haqverdi, Ocaqverdi, Tanrıverdi және т.б.*

с) «*Ağa*», «*han*», «*bey*», «*mirza*», «*hacı*», «*seyid*», «*soltan*», «*beyim*», «*hanım*» сөздері құрамында бар бірігу арқылы жасалатын кісі есімдері: *Ağaəli, Ağaқulu, Təzəхан, Məmmədхан, Hüseynхан, Bəybala, Bəydadaş, Mirzəхан, Mirzəli, Qulammirzə, Hасаға, Hacıbala, Hacıbaba, Seyidəhməd, Seyidəli, Seyidağa, Soltanəli, Güllübəyim, Böyükханım, Anaxанım, Xirdaxанım және т.б.*

Этнонимдік бірліктер. Әзербайжан тілінің этнонимдік бірліктерінің өте аз бөлігін күрделі құрылымды сөздер құрайды. Бұл сөздер екпінмен айтылатындықтан бірге жазылады. Мысалы, *Ağqoyunlu, Qaraqoyunlu, Ayıbasan, Beşdəli, Şahsevən және т.б.*

Топонимикалық бірліктер. Әзербайжан тіліндегі жалпы саны 7 мыңнан асатын топонимикалық бірліктердің шамамен 70 пайызы күрделі құрылымды атаулар болып табылады, және олардың жартысына жуығы бірігу арқылы жазылады.

Бірігу арқылы жазылатын күрделі топонимикалық бірліктер әртүрлі топонимдерден тұрады:

1) **Kənd** – *Abadkənd, Xanlarkənd, Azadkənd, Ağkənd, Qarakənd, Başkənd, İsakənd, Zəhmətkənd, Daşkənd, Pirkənd және т.б.*

2) **Oba** – *Ağaşirinoba, Çuxuroba, Çökəoba, Çobanoba, Salahoba, Otmanoba, Müzəffəroba, Kəndoba, Kəhrizoba, Kələntəroba және т.б.*

3) **Ağ** – *Ağkilsə, Ağbulaq, Ağqaya, Ağdam, Ağdaş, Ağkənd, Ağköynək, Ağcüyür, Ağoğlan, Ağdərə және т.б.*

4) **Qara** – *Qarabulaq, Qaraçuxur, Qarayazı, Qaraçı, Qaraçay, Qaratuğa, Qaratorpaq, Qaraməryəm, Qaradağ және т.б.*

5) **Ala** – *Alabaşlı, Alaqay, Alaqurşaq, Alagöz, Alagözmirzə, Alatava, Alagöllər, Alaxancallı және т.б.*

6) **Qızıl** – *Qızılağac, Qızılavar, Qızılulaq, Qızılburun, Qızıləng, Qızılqaya, Qızıldağ, Qızıldaş, Qızıltəpə және т.б.*

7) **Şıx** – *Şıxlağalı, Şıxmöhlə, Şıxbabalı, Şıxbağı, Şıxbəy, Şıxzayırılı, Şıxəmir, Şıxmahmud, Şıxheybət, Şıxhüseynli және т.б.*

8) **Şor** – *Şorbulaq, Şorqobu, Şordərə, Şordəhnə, Şorəlli, Şorkənd, Şorgöl, Şorsulu және т.б.*

9) Күрделі құрылымы бар топонимдер, мағынасы әртүрлі сөздерден тұрады: *Göyəbaxan, Gəlinqaya, Gərməçatax, Kosagül, Kömürdağ, Kömürdəhnə, Qibladağ, Qarqucaq, Qalaaltı, Qazanbulaq* және т.б.

Кейде екінші жалғанған сөз жалғаумен бірге жалғанады: *Ağaməmmədli, Ayıbasanlı, Aygünlü, Atakişili, Aşıqbayramlı, Vəlixanlı, Qaraqaşlı, Qaraqoyunlu, Qarayanlı, Qaraxanbəyli, Dövlətyarlı, Əmirxanlı, Əlimərdanlı, Kərimbəyli* және т.б.

Кейде осындай жер атаулары үш сөзден бірігіп жасалады: мысалы, *Agaverdioba, Agarəhimoba, Alagançay, İmangulukend, Kurgarabujag* және т.б.

Гидронимикалық бірліктер. Гидронимикалық бірліктерде бірігу арқылы жазылатын сөздер саны аз. «Çay», «arx», «bulaq», «su» сияқты сөздер гидронимикалық терминдермен бірігу арқылы жасалып, күрделі композициялық жалқы есім қалыптастырады. Мысалы, *Bolqarçay, İmdərəçay, Şərbətçay, Qoşqarçay, Tərtərçay, Qoşaarx, Yəddiarx, Govurarx, Gümüşarx, Qarabulaq, Ağbulaq, İstisu, Şorsu, Qarasu* және т.б.

Осы принцип бойынша жазылған атаулардың арасында «*Təkbuyunuz, İlandaşıyan*» сияқты атауларды келтіруге болады.

2. Дефис және тире арқылы жазылатын ономастикалық бірліктер

Жалпы, дефис пен сызықшаның міндеті орфографияда бір-бірінен ерекшеленеді.

Дефис белгісі негізінен күрделі сөздерде қолданылады. Бірақ, назар аударатын жайт, ономастикалық лексикадағы дефис негізінен кірме сөздерде қолданылады.

а) Дон, Сен префикстері бар шеттілдік есім мен фамилияларда дефис арқылы жазылады; мысалы, *Don-Kixot, Don-Juan, Sen-Simon* және т.б. Бірақ Дон сөзі «Оңтүстік» мағынасында қолданылған кезде бөлек және кішкентай әріппен жазылады: *don Pedro*. Шеттілдік фамилияларда (дефис қойылмай) бөлек жазылады: *Leonardo da Vinçi, Lope de Vega, fon Bismark* және т.б.

б) Бір адамның екі фамилиясы болған жағдайда: *Sultanova-Əliyeva, Andersen-Nekse, Rinski-Korsakov, Niyazi Tağızadə-Hacıbəyov, V.Tereškova-Nikolayeva* және т.б.

в) Әр түрлі сөздерден құралған географиялық атауларда: *Alma-Ata, Amu-Dərya, Buenos-Ayres, Mahaç-Qala, Monte-Karlo, Nyu-York, Rostov-Don, Ulan-Bator, San-Fransisko, Samur-Dəvəçi, Qara Boğaz-Qol, Kebit-Boğaz, Anqar-Boğaz, Car-Balakən* және т.б.

г) Араб-парсы жалқы есімдерінде, шығармалардың атауларында: «*Kitabi-Dədə Qorqud*», «*Divani-lügət-it-türk*», «*Gülüstanı-İrəm*», «*Ziyayi-Qafqaziyyə*», «*Məcmueyi-Əşara-şüarayı-Azərbaycan*», «*Təzkireyi-Nəvvab*», «*Riyazül-aşiqin*», «*Danişməndani-Azərbaycan*», «*Sərgüzəşti-vəzir-i-xani-Lənkaran*» және т.б.

Сызықша белгісі мынандай жағдайларда қолданылады:

а) Қоғалыс бағдарында: *Bakı – Moskva qatarı* (Баку – Мәскеу пойызы), *Bakı – Moskva reysi* (Баку – Мәскеу ұшақ рейсі), *Bakı – Rostov qatarı* (Баку – Ростов пойызы), *Bakı – Tbilisi marşrutu* (Баку – Тбилиси бағыты) және т.б.

б) Әртүрлі тарихи тұлғалардың теориялар атауларында: *Marks-Engels nəzəriyyəsi* (Маркс-Энгельс теориясы), *Boyl-Mariot qanunu* (Бойль-Мариот заңы) және т.б.

3. Кісі есімдеріндегі туыстықты білдіретін «oğlu» (ұл) сөзін жазуға байланысты

Әзербайжан тілінде «oğlu» (ұл) сөзінің ономастикалық бірліктер жүйесіндегі емлесінде ерекшеліктер бар:

а) «oğlu» (ұл) сөзі алдынан тіркесіп келген сөзден екпін бойынша тәуелсіз болатын болса бөлек жазылады. Мысалы, *Hüseynov Mehdi Əli oğlu*, *Rzayev Rəsul İbrahim oğlu*, *Vəliyev Əli Qara oğlu* және т.б.

б) Кейде «oğlu» (ұл) сөзі кісі есімімен бірігіп жазылады. *Vasif Nəsiboğlu*, *Emin Sabitoğlu*, *Balaş Azəroğlu* және т.б.

Бұл мысалдарда бірінші кісі есімі (*Vasif*, *Emin*, *Balaş*) екінші тұрған фамилиясымен (*Nəsiboğlu*, *Sabitoğlu*, *Azəroğlu*) ауыстырылады. Ауызша және классикалық әдебиеттерде осы форма кездеседі. «Көрұғлы» эпосында «Koroğlu» (Көрұғлы) (кісі есімі), *Dəmirçioğlu* Демиршиоғлы (кісі есімі), классикалық әдебиетте ақын Иззиддин Гасаноғлы (лақап аты) және т.б. немесе көркем шығармада: «İndi sən gəl dilsiz meşədən, dağ-daşdan soruş hanı Kürzalioğlu Fərzəli?!» (S.Rəhimov) (енді Сен келіп, Керзалиоғлы ханның орманынан, тауынан және тастан сұрайсың ба?!).

4. Шет тілдерден енген сөздердің орфографиясы (емледегі ерекшеліктер)

Бұл емле ерекше дәлдікті қажет етеді. Кез келген тілге сол тілдің төл табиғатына жат фонетикалық немесе грамматикалық өзгеріс енген кезде, тіл бұзылып, нашарлауы мүмкін. Сондықтан, шеттілдік жалқы есімдерді қолдану барысында ана тілінің ішкі заңдылықтарын, талаптары мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Әзербайжан тілінде антропонимдерге, топонимдерге, гидронимдерге, космонимдерге қатысты көптеген шетел тілдерінен енген кірме ономастикалық бірліктер бар. Оларды жазу кезінде бірыңғай принциптерді ұстануымыз керек және мұндай принциптер аз болып табылады. Мысалы:

1. Әдетте, құрамында «ц» бар туынды сөздер екі (-ц -с, ц -мс) түрлі жазылады. Бірақ ономастикалық бірліктерде «ц» тек қана «ts» -ға өзгертіледі. Мысалы, *Клара Цеткин* - *Klara Tsetkin*, *Кузнецов* - *Kuznetsov*, *Моцарт* - *Motsart*, *Илья Муромец* - *İlya Muromets* және т.б.

а) «Щ» сөз басында болатын болса бір «ş» әрпімен жазылады: *Щорс - Şors, Щедрин - Şedrin, Шерба - Şerba, Шалыпин - Şalyapın, Шулта - Şults* және т.б.

б) «Щ» сөз ортасында болатын болса екі «ş» әрпімен жазылады: *Верещагин - Vereşşagin, Мещанинов Meşşaninov* және т.б.

3. Бірқатар жалқы есімдердің соңында қолданылатын «й» әрпі әзербайжан тілінің емлесіне жат болғандықтан жазылмайды: *Горкий - Qorki, Грозный - Grozni, Маяковский - Mayakovski, Дмитрий - Dmitri, Ярославский - Yaroslavski* және т.б.

4. Кірме ономастикалық бірліктердің бір тобы дефис арқылы жазылады: *Nyu-York, San-Fransisko, Ulan-Bator, Los-Anceles, Тәл-Әviv, Buenos-Ayres* және т.б.

5. Бір түбірден тұратын шеттілдік географиялық атаулардың көпшілігі әзербайжан тілінің фонетикалық құрылымына сәйкес жазылады: *Qüids, İsveç, Stokholm, Argentina, Kopenhagen, Әlcəzair, Cenevrə, Nigeriya* və s. Бұл сөздердің жазылуындағы *ü, h, g, ə, c* әріптері әзербайжан тілінде жазылу мен айтылуды жеңілдетеді.

6. Түпнұсқа тілдің буындарындағы «с» деп айтылатын сөздер әзербайжан тілінде де «с» болып жазылады, бұл да осы сөздердің оңай айтылуына ықпал етеді; мысалы, *Cek London* және т.б.

7. Түпнұсқа тілдің буындарындағы «h» деп оқылатын сөздер әзербайжан тілінде де «h» болып жазылады: *Hegel, Heyne, Bethoven, Münhauzen* және т.б.

5. Кірме сөздердегі дауысты дыбыстардың орфографиясы

2.1. О әрпі бар кірме сөздер [a] немесе [o] деп айтылатынына қарамастан О әрпімен жазылады: *avtomat, kollec, kollektiv, laborant, Moskva, motor, obyekt, Odessa, poeta, poeziya, problem, professor, solist, velosiped* және т.б.

2.2. Екінші буындағы дауысты дыбыс [i] және кейде [ü] деп оқылатын араб тілінен шыққан сөздер тарихи-дәстүрлі принцип бойынша жазылады: *külli, müdir, müdrik, müflis, müxbir, müxlis, münbit, münsif, mürid, mürşid, müsibət* və s. Ескерту. *müşkül* және *üfüq* сөздеріндегі екінші буын *ü* әрпімен жазылады.

2.3. Бастапқы түпнұсқа тілде [u] дауысты дыбысы бар кірме сөздер *ü* әрпімен жазылады: *bülleten, büro, jüri, karbüurator, kompüter, paraşüt, süjet, şlüz* və s.

2.4. Бастапқы түпнұсқа тілде *a* әрпіне аяқталатын кірме сөздер екі түрлі жазылады:

2.4.1. *aksiom, anket, aptek, atmosfer, diaqram, diaspor, fabrik, fonem, kaset, kayut, konfet, kontor, qəzet, qrafem, qravür, leksem, lent, maşın, perspektiv, planet, proqram, pyes, reklam, rezin, sistem, sistern, sitat, teorem, vitrin* және т.б. сияқты сөздердің соңында *a* әрпі жазылмайды; Кірме сөздердің соңындағы *a* әрпінің түсуімен қатар келесі сөздерде жұптасқан дауыссыз дыбыстардың біреуі жазылмайды: *abreviatur, grup, ton, diaqram, stenogram* және т.б.

2.4.2. *botanika, doktrina, forma, kamera, grammatika, norma, poetika, poeziya, respublika, taktika* және т.б. сияқты сөздердің соңында *a* жазылады.

2.5. Бастапқы түпнұсқа тілден енген түбір сөздер екі түрлі жазылады:

2.5.1. Екі дауыстымен жазылатындар: *cisim, eyib, әtir, feil, fәsil, fikir, heyif, isim, izin, qәbir, qәdir, qisim, meyil, nәsil, ömür, sәbir, sәtir, sinif, şeir, şәkil, zehin* және т.б.

2.5.2. Бір дауыстымен жазылатындар: *cәbr, әmr, hәbs, hәsr, hökm, hüsн, hüzn, kәsr, qәbz, qәhr, qәsr, nәbz, nәfs, nәsr, sehr, sәdr, üzr, üzv, zülm* және т.б.

6. Кірме сөздердегі дауыссыз дыбыстардың орфографиясы

3.1. Орыс тілінен енген кірме сөздердің құрамында *ц* әрпі бар сөздерді жазу кезінде келесі ережелер негізге алынады:

3.1.1. Жалпы зат есімдер *s* әрпімен жазылады: *aseton, dosent, konsert, lisey, kulminasiya, aksiya, sement, sirk* және т.б.;

Ескерту. *Metso, vitse* морфемалары және *blits, ratsiya* және т.б. сөздері ережеден тыс жайт болып табылады.

3.1.2. Жалқы есімдер сөз басында *s* (*Setkin, Siolkovski* және т.б.) болып, ал сөз ортасында және соңында *ts* (*Motsart, Muromets, Vorontsov* және т. б.) болып жазылады.

3.2. Орыс тілінен енген кірме сөздердің құрамында *щ* әрпі бар сөздерді жазу кезінде келесі ережелер негізге алынады:

3.2.1. Сөз басындағы және соңындағы *щ* әрпінің орнына *ş* жазылады: *Şedrin, Şerba, Şors, borş* және т.б.;

3.2.2. Сөз ортасында орналасқан *щ* әрпі қос екі *ş* әрпімен жазылады: *meşşan, Vereşşagin* және т.б.

3.3. *H* әрпінен басталатын кірме сөздер *h* әрпімен жазылады: *Haaqa, Hamburq, harmoniya, Havana, Hegel, hektar, Heyne, hidrogen, hippodrom, hospital, humanizm* және т.б.

3.4. Бірінші және екінші буындағы дауыссыз дыбыстардың [m] және [n] ретінде айтылатын кірме сөздер *n* әрпімен жазылады: *anbar, günbәz, İstanbul, qәnbәр, sünbül, şәnbә, tәnbәl, zanbaq, zәnbil* және т.б.

3.5. *-iy, -skiy*-ға аяқталатын жалқы есімдердің соңындағы *y* әрпі жазылмайды: *Qordlevski, Qorki, Mayakovski, Yaroslavski* және т.б.

3.6. Химиялық элементтердің атаулары түпнұсқаға сәйкес жазылады: *kalium, maqnezium, natrium* және т.б..

3.7. Бастапқы ана тілдегі [c] әрпі бар кірме сөздер *c* әрпімен жазылады: *Cek London, cemper, Siciliya* және т.б.

3.8. Бастапқы ана тілдегі [q] әрпі бар кірме сөздер жіңішке буындарда *g* әрпімен жазылады: *biologiya, dialektologiya, general, genezis, geologiya, gigiyena, etimologiya, gitara* және т.б.

3.9. Бастапқы ана тілдегі *w* әрпі бар кірме сөздер *v* әрпімен жазылады: *vebsayt, Vilyam, vörd* және т.б.

3.10. Соңғы дыбысы [k'] ретінде айтылатын бір топ кірме сөздер *q* әрпімен жазылады: *filoloq, ittifaq, müstətiq, natiq, şəfəq, üfüq, vərəq* və s. Бұл топ сөздерге дауысты дыбыстан басталатын жалғау қосылғанда әріп өзгермейді: *filoloqa, şəfəqi, üfüqə* və s.

Тіл білімінің ең ірі салаларының бірі болып табылатын ономастика саласы әзербайжан тілінің жалқы есімдерінің пайда болуын, дамуын, өзгеруін, міндеттерін, лексикалық-грамматикалық құрылысын, стилистикалық мүмкіндіктерін және т.б. зерттейді. Жоғарыда атап өткеніміздей, жалқы есімдердің пайда болуы мен дамуы әртүрлі қоғамдық-саяси, тарихи және тіпті экономикалық оқиғалармен байланысты. XIX ғасырдағы Әзербайжан әдеби тілінің көркемдік стилінің ономастикасы, ең алдымен, жалпыхалықтық тілдің арнайы атауларының жиынтығы, содан кейін поэтикалық ономастика, көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің дамуы болып табылады.

НАСИМХОН РАХМАНОВ

*Мирзо Улугбек атындағы
Өзбекстан ұлттық
университетінің профессоры, ф.ғ.д.*



ӨЗБЕК ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР ЕМЛЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өзбекстанда латын әліпбиі бірнеше жылдан бері бар, бірақ ол барлық салаларда емес, оқу-оқыту жұмыстарында қолданылады. Бұл әліпби жетілген және толық, оның жетістіктері мен кемшіліктері туралы біз 2020 жылы өткен семинарда өз пікірлерімізді айтқан едік. Қазіргі латын графикасы негізінде өзбек алфавитін жақсарту үшін 2019 жылдың мамыр айында алфавитке келесі өзгерістер енгізу ұсынылды. /Ch/, /Sh/, /G/ и /O/ орнына /Ç/, /Ş/, /Ğ/, /Ö/ және кириллицаға /Ц / орнына «Сни»-ді қосу жоспарлануда. Бірақ кейірінек алфавитке кірмес үшін /C/ (Ц) әрпі күшейтілді.

Кейбір лингвисттер латын жазуына негізделген өзбек алфавиті осылайша жетілдіріледі деп санайды. Бұл өзгерістерді алфавитке енгізу немесе енгізбеу туралы талқылау 2021 жылы 1 наурызда аяқталуы керек еді. Бірақ зиялы қауым арасындағы жоғарыда аталған әріптерді енгізу немесе енгізбеу жайлы пікірталасты осы жылдың 1 қарашасына дейін жалғастыру жоспарлануда. Дәл сол кезде латын графикасы негізінде өзбек әліпбиінің жетілдірілуі атап өтілді.

Жоғарыда аталған түзетулерді латын әліпбиіне енгізуге қалың жұртшылық аса риза емес. Олардың пікірінше, қолданыстағы алфавитте 35 жасқа дейінгі адамдардың сауаттылығы арта түсті, егер қайтадан түзетулер енгізсе, онда жұмысты жүргізуде, оқу процессінде көптеген проблемалар пайда болады. Сондықтан әліпбиді қазіргі күйінде қалдырған дұрыс.

Айтып жатқандарымыз, қазіргі алфавиттің құрылымдық құрылысына қатысты. Бұл қазіргі латын әліпбиіне негізделген өзбек алфавитінің мәселелерінің бірі, екінші мәселе емле проблемаларына байланысты, іс жүзінде емле де алфавиттің жетілдіруінсіз мүмкін емес.

Кірме сөздер қай тілден енген, сол тілдің тіл заңдарына, атап айтқанда, осы тілдің орфографиялық ережелеріне бейімделетіні белгілі. Емле ережелері сөздерді ассимиляциялау үшін де негіз болып табылады. Бірақ бір таңқаларлығы, латын әліпбиіне негізделген өзбек алфавитінің емле ережелері де жиі ескерілмейді. Бұрын игерілген сөздер орфографиялық нормаға емес, орфоэпиялық нормаға бағынады. Мысалы, қазір айлардың аттарын жазу – латын жазуында орфографиялық нормаларға емес, орфоэпиялық нормаларға негізделген. Орфоэпиялық нормалардың орфографиялық нормалардан кейбір жағдайларда басым болуы, өзбек орфографисын латын әліпбиінің бөлшегі ретінде деп айтуға болады. Мысалы, *sentabr*; *oktabr*. Бұл кириллицадағы айлардың аттарын жазудан өзгеше екі аспект бар (сентябрь, октябрь стилінде жазылуы және айтылуы). Біріншіден, /Y/ графемасының орнында кириллицада тек /A/, /Y/ дауысты дыбыстары көрінсе, латын тілінде жоқ. Біз бұны дұрыс деп санамаймыз. Рас, әліпбиді бір тілдің дыбыстық жүйесіне бейімдеу жазу тарихында болды. Негізінен, үш жазбаша әліппеде – латын, араб және орыс әріптері кейінгі ғасырларда – XIX – XX ғасырларда көптеген басқа тілдерге бейімделді. Әсіресе **you** латын әліпбиі көптеген еуропалық және африкандық тілдерге бейімделген. Осылайша, жазуды кез келген тілге бейімдеу нақты құбылыс. Алайда, бұл өзгеріс тілдің дыбыстық жүйесіне қайшы келмеуі тиіс. Біз латын жазуына негізделген өзбек алфавитіндегі жоғарыда аталған өзгерістерді, негізінен кірме сөздердің өзгеруін «тілге кері әсерін тигезетін құбылыс» ретінде тілдік қолданыстағы дыбыстық жүйені жасанды түрде қабылдамау деп қарастырамыз. Тілге, дыбыстық жүйеге, лексикалық немесе грамматикалық болсын, жасанды тәсіл әдеби тілдің қалыптасуындағы ана тілдің ролін жоққа шығаруға, әдеби тіл нормаларынан ауытқуға әкеледі.

Қазіргі уақытта /Щ/ дыбысы өзбек тілінде қолданылады. Немесе латын алфавитінің кірме сөздердегі /Щ/ дауыссыз дыбыстардың жазылуы ешқандай ережемен анықталмайды, ол тек латын алфавитінің /S/ дауыссыз дыбыстардың жазбаша өрнегімен шектеледі. Бірақ /S/ қарпі кирилл алфавитіндегі /Щ/ әрпімен көрсетілген дыбысты, мысалы, «функция, концепцияны» білдіре алмайды. Енді латын тіліндегі келесі сөздердің жазылуына назар аударайық: *punktuatsiya*, *substantivatsiya*, *assimilyatsiya* *kompozitsiya*. Көріп тұрғандарыңыздай, дауыссыз /Щ/ барлық келтірілген сөздерде латын тіліндегі сөздерде екі түрлі болады. Латын тілінде /Щ/ дауыссызы екі түрлі жазылуының себебі неде? /Щ/ дауыссыз дыбысының өзбек тілінде бекітілген нақты ережесі жоқ. Сондықтан кейде /S/, кейде /Ts/ дыбыстарының тіркесімдері қолданылады. Осындай шектеулер мен немқұрайлылықтың нәтижесінде өзбек тіліне сырттан енген және осы дыбыстық өрнек үшін қолданылған дыбыстар өз мәнін жоғалтады,

сөздің мағынасында да түсініспеушіліктер пайда болады. Бірінші топтағы терминдерге /Ц/ орнына /S/ қарпін қолдану келесі себепке негізделуі мүмкін: /S/ дыбысының алдында дауыссыз /р, к/ дыбыстары тұрады, ал дауысты дыбыс /TS/ әріп тіркестерінің алдында пайда болғандықтан, ол екі түрлі жолмен жазылады. Бірақ бұл ереже қабылданған кезде де ештеңе өзгермейді. Екі жағдайда да /Ц/ дыбысы айтылады. Бұл екі түрлі жағдайда емле ережелерін бұзу деп санауға болады.

Латын әліпбиінің ерекшеліктері мен заңдылығын құруға тырысқан лингвисттер кириллицаға негізделген емлеге қайшы келетін ережелер жасады және сол ережелер бүгінде де тәжірибеден өтіп келеді. Осындай түсініспеушілік тыныс белгілері ережелерінде пайда болды деп айтуға болады. Мысалы, пунктуацияның барлық ережелері 1956 жылы қабылданған емле ережелеріне негізделсе де, айды білдіретін сандардан кейін сызықша (-) қою міндетті болды: 2020 жылғы 29 қазан. Ереже біздің ойымызша, дұрыс қабылданған. Себебі кириллицада сандарда **-нчи** жұрнағы айтылады. Бірақ жазбаша түрде бұл айтылмайды. Сызықша белгісі (-) ереже бойынша анықталады, **- нчи** реттік сан есімнің жұрнағын білдіреді.

Өзбекстанның Министрлер Кабинеті жанынан Мемлекеттік Тілді Дамыту Департаменті құрылды. Департамент қызметінің негізгі бағыттары: латын әліпбиін тезірек енгізу және орталықтандыру, алфавит бойынша сөйлемдерді есепке алу және т.б. тапсырмаларды орындау. Атап айтқанда, алфавитте жоғарыда аталған бес әріпті өзгерту және практика жүзінде қолдану туралы көптеген пікірлер, ұсыныстар берілген. Департамент осы сынды ұсыныстарға жауап береді. Бірақ олардың барлық қарым-қатынасы алфавитті жетілдіруге қызмет етеді деп айтуға болмайды. Департамент алфавитті өзгерту туралы ұсыныстардың біріне келесідей жауап берді: «Алфавитте көрсетілген өзгерістер оқушылардың сауаттылығына оң әсер етеді. Сондай-ақ, аға буын өкілдерінің әліпбиді тезірек үйренуіне септігін тигізеді». Бірақ бұл жауап, әрине, көптеген адамдарға ұнамады. Аға буын латын графикасына негізделген өзбек алфавитін біледі. Барлығында сол бір пікірталас «4 әріпті енгізу керек пе әлде жоқ па?». Бұл пікірталас ұзақ уақытқа созылатын сияқты.

Латын әліпбиінің емле ережесі 1995 жылы қабылданды. Көбінде кириллицадағы емле ережелер негізге алынады. Өсіресе, бір тармақ шет тілдерден және орыс тілінен алынған шетелдік сөздерге арналған. «Орыс тілінен тура немесе сөзбе-сөз аударма арқылы алынған сөздер түпнұсқаға сәйкес сызықша арқылы жазылады: *unter-ofitser, kilovatt-soat kabi.*» Бұл құпталады. Неліктен /Ц/ әрпі қатысқан сөздер мен айлардың аттарын жазу ережесі берілмейді? Бұл анық емес және ережесі де жетілдіруді қажет етеді.

Емледе біз зат есімнің түпнұсқалығына кері ретпен жазылғандарын кездестіреміз. Мысалы, «Ромео мен Джульетта» шығармасында Джульеттаның атына назар аударайық. Бұл жерде зат есімдегі /y/ (й) дауыссыз дыбыстың ұлғаюының себебі неде деген сұрақ туындайды. Өйткені, кирилл алфавитінде де дыбыс пен оның өрнегі, әрпі де жоқ. Тек латын әліпбиінде бір әріп қолданылады. Әріптің көбеюінің себебі тағы да орфографиялық норманың орфоэпиялық нормаға бағынуы. Бұл ереже латын алфавитіндегі қалыптан тыс жағдай болды, біз atelye сөзінің әріптер санының көбеюін, жоғарғы байқаймыз. Бұл сөзде де орфоэпиялық норма басты рөл атқарады.

/Ь/ (жіңішкелік белгісі) латын әліпбиіне еنبесе де, кириллицада кейбір проблемалар туғызады. Мысалы, лагерь сөзі lager тәрізде жазылған кезде, /p/ дауыссыз дыбыс қатты айтылады. Ол сонымен қатар өзбек тілінің критерийларына (өлшемдеріне) сәйкес келмейді.

Aluminiy, yubiley сияқты сөздерді жазуда екі сөзде де бірқатар проблемалар бар, кириллицадағы /ю/ әрпі көрсетілген. Бірақ екі түрлі жазылған: алюминий сөзінде /y/ қарпі түсіп қалған. *Yubiley* сөзінде ережеге сәйкес жазылған.

Өзбек тілінде барлық тілдердегі сияқты латын емле ережелері негізінен орфографиялық нормаларға бағынады, тек кейбір жағдайларда орфографиялық норма орфоэпиялық нормаға негізделген кезде бұзылады.

Лингвистердің арасында *дыбыстардың әріп ретінде* жазылуы туралы әртүрлі көзқарастары бар. Сондай-ақ, ауызекі тіл жазбаша түрде айтылған кезде, әдеби тілдің фонетикалық нормасына әсер етеді. Бірақ жазбаша әдеби тілдің нормасы сақталуы міндетті.

Латын алфавитіндегі тағы бір үлкен мәселе сингармонизмді алфавитте сақтау керек пе, жоқ па деген сұрақ. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған төрт әріпті латын әліпбиіне енгізу туралы мәселені талқылау барысында өзіміздің ұсыныстарымызды білдіреміз. Сингармонизмді сақтау үшін 1929 жылғы алфавитте 9 дауысты дыбыс енгізілген. Бірақ 1934 жылы қаңтарда Тіл және емле мәселелеріне арналған конгрессте сингармонизмді сақтау үшін енгізілген дауысты дыбыстар алфавиттен алынып тасталды. Бұл келесі әріптер болды: /Ө/ /ө/, /Ү/ /ү/, /Ә/ /ә/.

Осы түсініктемелерден көрініп тұрғандай, латын тіліне негізделген өзбек алфавиті әлі де айтарлықтай жетілдіруді қажет етеді, әсіресе орыс тілінен және батыс тілдерінен енген сөздерді жазуға ерекше назар аудару да басты міндеттердің бірі болып табылады. Қазіргі жағдайда көптеген техникалық терминдердің өзбек тіліне енуі латын әліпбиіне негізделген өзбек алфавитін, олардың латын әліпбиінде жазылуына кедергі келтірмейтіндей жетілдіру қиын.

ГҮЛІМ САЙЛАУОВА

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің "Қазақ тілі мен әдебиеті"
мамандығының магистранты*



СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫСТЫ ЭКСПРЕССИЯНЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ: ИНТОНАЦИЯ

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, экспрессия – сөздің мәнерлілік, суреттілік, көркемділік, уыттылық жағы, айтар ойымыздың әсер қуатын арттыру деген тоқтамға келуге болады.

Экспрессивтілік мәселесі, негізінен, тіл білімінің лексикология саласында қарастырылады. Лексикологияда эмоционалды-экспрессивті сөздер дейтін арнаулы тармақ та бар. «Экспрессия» сөзінің мәніне ой жіберсек, бұл құбылыстың тілдің синтаксистік құрылысында да болатынын байқаймыз. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде арнаулы зерттеу нысанына іліккен жоқ деуге болады.

Синтаксистік құрылымдардың сан алуан синонимі болуы мүмкін. Бір құрылым дәстүрлі, қалыптасқан синтаксистік байланыстардың негізінде жасалып, ешқандай экспрессивтік реңкке ие болмауы да ықтимал. Ал кейбір синтаксистік құрылымдар ерекше экспрессивтілікке ие болады. Оның үстіне әрбір стильдің синтаксисінде өзіне тән ерекшелігі де болады. Бояуы мол өрнекті тіл үлгілері көркем әдебиет стилінде кездессе, ал ғылыми әдебиет ойдың нақтылығын басты нысана етеді. Ал ауызекі тілде синтаксистік құрылымның тұрмыстық қарапайым үлгілері мол. Стилдердің сан алуандығына қарамастан олардың барлығының мақсаты – ойды анық, ұтымды жеткізе білу. Бұл орайда біз сөзсіз экспрессивтік синтаксистің көмегіне жүгінеміз. Ғылыми зерттеу жұмыстарына көз жүгіртер болсақ, экспрессивтік синтаксистің ауқымы өте кең. Қазіргі тіл білімінде сөз етіліп жүрген интонация, лепті сөйлем, аползиопезис, риторикалық сұрақ, антиципация, сегментация, инверсия, эллипсис, атаулы сөйлем, қайталаудың түрлері (анафора, эпифора, анадиплозис, симплока, параллелизм, полисидентон, хиазм), оқшау сөздер сияқты ұғымдардың барлығы да экспрессивтік синтаксистің зерттеу нысанына жата-

ды. Сонымен қатар, экспрессияның жазбадағы көрінісі тыныс белгісі арқылы да берілетіндіктен, тыныс белгілерінің қойылу жайттарын да экспрессивті синтаксис аясында қарастырған жөн.

Біздің мақсатымыз – осы единицалардың бірі, интонацияның экспрессияға қаншалықты қатысы бар екеніне және аталған единицаның синтаксистік-экспрессивтік реңк беретініне көз жеткізу.

Экспрессивтік бояу сөйлемде интонация арқылы айқын көрінеді. Интонация – ауызша сөйлеудің маңызды элементі, ол – жазуда тыныс белгілерімен және арнайы графикалық амалдармен беріледі. Мысалы, *Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады...* (М. Әуезов. Абай жолы. 1-том, 3-б) Берілген сөйлемдерде, тыныс белгілері арқылы интонацияда алдын-ала ескерту, үрей, қауіптену сынды сезім, экспрессивті бояу байқалады.

Интонацияға берілген анықтамаларда қайшылықтар болмағанмен, өзгешеліктер бар. Қараңыз.

Интонация – өзара байланысты сөйлеу элементтерінің жиынтығы: сөйлеу әуені, интенсивтілігі, созылыңқылығы және сөйлеу карқыны мен тембрі. Интонация сөйлеуді қалыптастырудың және оның мағынасын айқындаудың маңызды құралы [1, 148].

Сөйлеу элементтерінің жиынтығы, сөйлеудің мағынасын айырудың маңызды құралы интонация (лат. Intono-дауыстау, intonare-қатты айту, қаттырақ дауыстап айту) - сөйлемнің ажырамас бөлігі, дауыс сазының бірде көтеріңкі жоғарылап, бірде төмендеп бәсеңдеуіне, сөйлемнің ритмикалық-мелодиялық жағына қатысы бар құбылыс, сөйлемде синтаксистік мағына білдіруші және сөйлемге эмоционалды-экспрессивті реңк беруші құралдың бірі [2, 159].

Интонация (лат. Intonatio-қатты айтылатын) – мелодия, интенсивтілік, ұзақтық, сөз темпі, айту тембрі сияқты бір-бірімен байланысты сыңарлардың бірлігі [3, 99].

Интонация – сложный комплекс просодических элементов, включающих мелодику, ритм интенсивность, темп, тембр и логическое ударение, служащий на уровне предложения для выражения как различных синтаксических значений и категорий, так и экспрессивных и эмоциональных коннотаций [4, 180]. Сөйлемге синтаксистік мағына беруші, эмоционалды-экспрессивті коннотация дегеніне назар аудару қажет.

Интонация (лат. intonare - громко произносить). Ритмико-мелодическая сторона речи, служащая в предложении средством выражения синтаксических значений и эмоционально-экспрессивной окраски [5, 334].

Осындай анықтамааларды қорыта келе интонация – сөйлемге синтаксистік мағына беруші, эмоционалды-экспрессивті реңк деген тоқтамға келеміз.

Жалпы тіл білімінде интонацияға арналған еңбектер де өте көп. Сондықтан оның айналасында да пікірталас тудырып жүрген мәселелер көптеп кездеседі. Түркі фонетикасында сөйлемнің негізгі коммуникативтік типтерінің интонациялық ерекшеліктерін семантикалық аспектіде зерттеген мынадай ғалымдар бар: қазақ тілінде Н.Түркбенбаев, өзбек тілінде З.Ахмедов, қарақалпақ тілінде П.Бекімбетов, татар тілінде Р.Балтаев, қырғыз тілінде Р.Чановский, азербайжан тілінде Ф.Гаджиева. Н.Түркбенбаев сұраулы сөйлемдердің интонациясын эксперименталды-фонетикалық тұрғыдан зерттеген еңбегінде интонацияны профессор В.А. Артемовтың берген түсініктемесін басшылыққа ала отырып, сөйлемнің мағыналық бөлшегі, оның коммуникативтік мағынасы, синтаксистік құрылымы және лексикалық құрамы нақты бір мазмұнға ие болған жағдайда яғни осылайша сөйлемді фразаға айналдыратын ауызекі сөйлеу тіліндегі құбылыс ретінде анықтаған [6, 21]. З.Базарбаева докторлық жұмысында интонация мәселесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырған [7]: XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың 40 жылдарына дейін және сол кезден бүгінгі күнге дейін. Бірінші кезеңде интонацияның жалпы мәселелері, оның тілдік нысан ретінде қаралуы, қызметі мен құрылымы зерттеле басталды (К. Пайк, Ж. Армстронг, И. Уорд т.б.). Екінші кезеңде пневматикалық құрал ойлап табылды, оның мүмкіншіліктерінің шектелуі болғанына қарамастан, тіл білімінің фонетика саласында эксперименттік әдісті кеңінен қолдануға жол ашты (шетелдік ғалымдар В.А. Богородицкий, В.И. Всеволодский-Гернгросс, А.Пешковский, В.А. Артемов, С.Карцевский, Л.В. Щерба, Н.С. Трубецкой, отандық ғалымдар Н.Түркбенбаев, Ө.Нұрмаханова т.б.). Ал Академиялық грамматикада (Қазақ грамматикасы, Астана, 2002, 106-б.) З.Базарбаева интонацияның негізгі компоненттерін атап, жалпы тіл білімінде интонация сөйлемді сомдайтын ең маңызды әмбебап факторлардың бірі болып саналатынын, оның компоненттерінің сөйлемнің әр алуан түрлерін түзіп, дифференциялауда және бір-бірінен айырып ажыратуда орны ерекше екендігін көрсеткен, З.Базарбаеваның пікірі бойынша, интонация ұғымының әр түрлі түсіндірілуі ғалымдардың аталмыш мәселені әр қырынан қарастыруына байланысты екен, мысалы, бір зерттеушілер оның сыртқы формалық жағынан, енді екіншілері оның мазмұнына, функциясына ғана көңіл аударғандығынан деп тұжырымдайды, «Басқа фонетикалық құбылыстармен салыстырғанда, интонация жалпы мазмұнмен өте тығыз байланысты және синтаксистік тұрақты құрылымдарға қарағанда, онда абстрактілік сипат айқынырақ. Тіл білімінде интонацияны зерттеуде үш түрлі бағыт бар (синтаксистік, фонетикалық және фонологиялық). Синтаксис бағыттағылар интонацияны синтаксис көлемінде ғана қарастыру керек

деп санайды. Себебі, олардың пікірінше, интонация синтаксистік мағынаны, синтаксистік қатынастар мен байланыстарды қамтиды. Фонетикалық бағытты ұстанғандар интонацияны сөйлеу тілінің жалпы ағысын қамтып, оның сөйлемдерін, синтагма, фразалардың басқа да фонетикалық майда бөлшектерін қалыпқа түсіріп, тиянақтап, оның үстіне олардың бәрінің басын қосып, бөлшектерден тұратын әуенін шашыратпай бір күрделі байламға келтіретін құбылыс деп есептейді. Ал фонологиялық бағыттың өкілдері интонацияны қарама-қарсы, яғни бір-бірінен айырмашылығы бар бөлек жүйелер ретінде алып қарайды. Егер сегменттік фонологияда фонемалардың «қарама-қарсылығы» оларда белгілі бір сипатты белгінің бар не жоқ болуына негізделсе, суперсегменттік фонологияда қарама-қарсылықтың, яғни айырмашылықтың механизмі басқаша: жоғарылау-төмендеу, жылдамдық-баяулық, болымды-болымсыз, т.с.с. болып келеді (106-6.). Б.Мурзалина докторлық диссертациясында интонацияны сөйлеуші мен тыңдаушы сөйлеу тізбегінен, сөйленісін және оның мағыналық бөлшектерін бөле алатын, сонымен бірге айтушының өзінің субъектілі қатынасын сөйленіс мазмұнына көрсете алатын тілдің дыбыстық құралы ретінде таниды [8,3]. Төмендегі сөздіктен берілген қай анықтаманы алсақ та, барлығында интонацияның синтаксистік қызметі баса айтылған, яғни интонацияны тек синтаксис шеңберінде ғана қарастыруға болатындығы айқын көрініп тұр. Мұнда интонацияның шектес құбылыс екені жайында пікір айтылмаған. Бірақ бүгінде көптеген әдебиеттерде интонацияны жеке бір сала ретінде бөліп шығарып интонология деген тіл білімінің жеке, дербес бір саласында қарастырып жүр. Осындағы бірінші сөздік пен үшінші сөздік интонацияның фонетикалық құбылыс екендігін мойындап тұр, ал екінші, төртінші, бесінші сөздік берген анықтамалар бірдей, яғни интонацияны тек синтаксис саласының құбылысы ретінде қарастырған.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде сегментті және суперсегментті фонетика саласы дамып келеді. Суперсегментті фонетикаға интонация жататыны белгілі. Осы орайда интонацияны сөйленім дискурсы тұрғысынан зерттеу қажет. Интонацияны кейде просодика немесе просодия деп те атаймыз [9]. Ең алдымен, «просодика» мен «интонация» бір ұғымды білдіргенімен, өзара іштей айырмашылықтары да бар. «Просодика» кеңірек ұғымды беріп, буын, сөз, ритмикалық топ, синтагма, сөйлесім деңгейінде болса, интонация синтагма мен айтылысты (высказывание) қамтиды. Просодика мен интонация хабардың не туралы, кім айтқандығы және қайда, кімге арнап айтылғандығы жөнінде мәлімет береді. Яғни интонация – айтылыстың құрылуымен бірге туындайтын құбылыс. Осы жөнінде Н.Д.Светозарова интонацияның сөйленім кезінде туындайтын құбылыс екенін айтады [10, 15].

Бұрын тіліміздегі ең кіші сегментті бөлшек ретінде фонеманы танысақ, уақыт өте келе сөйлемдердің, мәтіндердің суперсегментті фонетика саласына дейін көтеріліп, жеке сала ретінде қалыптасқандығын байқаймыз. Сондықтан бұл сала – адам сезімі арқылы дауыс ырғағына байланысты қалыптасатын күрделі құбылыс [7, 3]. Басқа тілдер сияқты қазақ тілінде де интонацияның атқаратын қызметі өте зор. Осы орайда Ә.Н.Нұрмаханова: «Интонация сөйлемге жан бітіріп қана қоймай, адамның ішкі дүниесін, сезімін, көңіл-күйін дәл білдіруге тікелей қатысады және оның қарым-қатынастық қызметін күшейтеді, әрі сөйлемді тиянақтап қана қоймай, оны түрлерге бөліп, біріненбірі ажыратады» – деп интонацияның күрделігін, әсіресе адамның ішкі жан дүниесімен байланыстылығын көрсеткен [11, 158б.]. Ал профессор З.М.Базарбаева қазақ тілінде 8 интонациялық бірлік (интонама) бар екенін айтып, оның ерекшелігін айқындап береді [3].

Сөйлеу кезінде бір сөйлемді әртүрлі интонациямен айтып, мағынасын әртүрлі етіп жеткізуге болады. Кейде ой өзінің нақты мағынасында жетпей қалып, түсініспеушілік пайда болуы да мүмкін. Интонация мен сөйлеу – бірін бірі толықтырып отыратын ажырамас бірлік. Яғни интонациясыз сөйлей алмаймыз, сөйлеу арқылы ғана интонация жүзеге асады. Интонация адам туралы негізгі белгілерді аша отырып, оның көңіл-күйін, мінез-құлқын бере алады. Сөзді мағынасына қарай сөйлеу, яғни интонацияның өзгеріп отыруы пікірді байытып, жандандырады. Сөйлеу сазы сөйлеушінің ішкі сезімін тыңдаушысына жеткізуге тырысады. Ал кейде терең мағыналы сөздер дауыс сазымен орынды айтылмайтын болса, оның әсері де аз болады, сөздің құны төмендеп, түсініксіз болып қалады. Осы орайда В.Н.Всеволодский-Гернгросс: «Адамның жан дүниесінің қанша құбылысы болса, соның бәрін интонация арқылы беруге болады», – десе [12, 49], Н.Түркбенбаев: «Сөйлеу кезінде интонация ауызша қарым-қатынас арқылы туындап, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін және оның нақты мағыналық ерекшелігін көрсетеді» – деп сөйлеу интонациясының қызметін сипаттайды [13, 47]. Ал М.Балақаевтың «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде «Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болмақ. Ол ойын анық, дәл айтуға қайтсем дұрыс сөйлем құраймын деумен қатар оны қалай айтсам, өзгеге түсінікті, нанымды әсерлі болады», – деп прагматикалық жағын да айтып отырады [14, 75]. Академик Р.Сыздық сөйлеу кезіндегі интонациялық ерекшелікті: «Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі» [15, 19], – дей келе: «Сөйлеу мәнерінің өзі біркелкі болмайды. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен



айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады»,– деп көрсетеді [16, 145]. Сөйлеу мәнері мен дикция тек ауызша қарым-қатынас кезінде орын алатындығы белгілі. Сондықтан да интонация арқылы толық мәнді сөздің мазмұны ашылады. Ол үшін әр адам өз дауысын меңгеріп, ойын жүйелі түрде жеткізуі арқылы интонацияға, кідіріске, сөйлеу шапшандығына, яғни қарқынына, дикцияға көп көңіл бөлуі қажет. Сонда ғана сазды, әрі мәнді сөйлемдер туындайды. Яғни интонация – сөйлеу кезінде пайда болатын әрі сөйлемді өз деңгейінде жеткізу мақсатын көздейтін ауызекі сөйлеудің аспектісі.

Сөйлеу коммуникациясында интонацияның мәні зор. Кейде әңгіме не туралы айтылғандығында емес, қалай айтылғандығында дейтін кез болады. Ән сияқты, дұрыс айтылған сөз де “құлақтан кіріп бойды алады”. Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын шешен адамды “сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп, интонацияны прагматикалық аспектіде қарастырып, сөзді қалай болса солай айта салмай, сөйлеу мазмұнына лайық әуенмен, үйлесімді ырғақпен, екпінін өз орнымен қолданып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар екендігін дәл айтқан. Көп жағдайда сөйлеуші адамның қуанышы, қайғы-қасіреті екінші адамның эмоциясына әсер етеді. Сондықтан сөйлеу үдерісі – интонация арқылы жүзеге асатын коммуникативтік қатынастардың тұтас жиынтығы. Әрбір ұлттың сөйлеу ағымында, интонациясында өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады. Бұл – ұлттық санамен, дәстүрмен, мәдениетпен, өскен ортасымен тығыз байланыстылығының белгісі. Сондықтан да әр ұлттың өзіне тән қалыптасқан интонациясы болады. Тіпті жергілікті аймақтың айтылуында да өзіндік интонация байқалады. Яғни еліміздің оңтүстігі мен солтүстігін немесе батысы мен шығысын зерттейтін болсақ, сөйлеу кезіндегі интонациялық ерекшелікті анық байқауға болады.

Ә.Нұрмаханова айтушы пікірінің дәлдігін, өткірлігін, жігерін, күшін беруде интонацияның қызметі айрықша екендігін баса айтып, интонация сөйлемге жан бітіріп қана қоймай, оның қарым-қатынастық қызметін күшейте түсетіндігін баса айтқан: «Интонация сөйлемді тиянақтап қана қоймай, оны түрлерге бөліп, бірінен-бірін ажыратады, «Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері» деген термин тек хабарлы, сұраулы сөйлемдерге ғана қолдануға болса, ал оның басқа түрлерінің мағынасын ашуға келмейді. Айтушы хабарлау арқылы түсіндіру мақсатына жетсе, сұраушы жауап алу арқылы мақсатына жетеді. Ал, бұйрықты, лепті сөйлемдерде мақсаттан гөрі бұйыруды, өтінуді, өкінішті, аянышты, ызаны, таңырқауды білдірушілік әр түрлі сезімге, эмоцияға байланысты екендігі белгілі. Демек, «айтылу мақсаты» деген термин барлық сөйлемдерді бір-бірінен ажыратуға тән бола алмайды. Оның

үстіне сөйлемдердің мағына жақтарын көбірек қамтыса да, грамматикалық жасалу тәсілдерін қамтымайтын сияқты көрінеді» [11, 157] «Сөйлемнің интонациясы, яғни оны айтудағы дауыс ырғағы сөйлемнің мағынасына байланысты, соған орай болып келеді. Керісінше, сөйлемнің мағынасын оның айтылу ырғағы, интонациясы арқылы ажыратуға, дұрыс түсінуге болады. Мағына мен интонация бұл жерде бір-бірімен тығыз байланысты. Адам сөйлегенде, біреуге белгілі бір жайды хабарлау немесе өзіне белгісіз бірдемені сұрау я болмаса тыңдаушының назарын белгілі бір нәрсеге аудару, үндеу т.б. мақсатпен сөйлейді. Сөйлемдердің осы белгілеріне, яғни интонациялық (айтылу сазына) белгілеріне сүйеніп, оларды хабарлы, сұраулы, лепті деп, үшке бөлеміз», – дейді Ө. Хасенов [17, 5-63]. Міне, мұнда да ғалым сөйлемдерді типтеріне жіктеу барысында олардың ең бірінші интонациялық айырмашылықтарын ескеру қажет екендігін айтады.

Қорыта айтсақ, сөйлеу элементтерінің жиынтығы, сөйлеудің мағынасын айырудың маңызды құралы интонация – сөйлемнің ажырамас бөлігі, дауыс сазының бірде көтеріңкі жоғарылап, бірде төмендеп бәсеңдеуіне, сөйлемнің ритмикалық-мелодиялық жағына қатысы бар құбылыс, сөйлемде синтаксистік мағына білдіруші және сөйлемге экспрессивті реңк беруші құралдың бірі. Дегенмен, интонацияның экспрессивтік қызметі әлі толығымен зерттелмеген тың тақырып. Кездестірген әдебиеттерімізде ғалымдарымыз көбіне интонацияның қызметі мен белгілерін толығымен айтса да, әлі «экспрессивтік қасиетін» толық ашып көрсеткен жоқ. Тілдік айғақтарды барлап көрейік.

Құнанбайдың қамқоры Алишынбай бопты ғой. Бұл сөйлемде Алишынбай бопты ғой дегенді ақырын айтсақ, Абайдың таңдануының мәні онша айқын болмай шығар еді, ал сол сөздерді сөйлемдегі басқа сөздерден гөрі көтеріңкі дауыспен айтсақ, онда сөйлемнің экспрессивті мәні анық көрінеді.

Яғни, сөйлеу тілінде және жазғанды оқығанда, дауыс ырғағын, интонацияны құбылту арқылы сөйлемге экспрессивтік мән енгізуге болады, мысалы: “Абай жолы” романында кітапханаға кірген Абайды түйеге теңеп бір чиновниктің мысқылдап күлгенін естіп Абай:

Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, мұнда ол түгіл есек те отырыпты ғой! – дейді. Бұл сөйлемде есек те отырыпты ғой сөздерін күмілжіп ақырын айтсақ, Абай мысқылының мәні онша айқын болмай шығар еді, ал сол сөздерді сөйлемдегі басқа сөздерден гөрі көтеріңкі, ойнақы дауыспен айтсақ, онда сөйлемнің экспрессивті мәні өзгеріп, айқындала түсер еді.

Сол сияқты, *Білмеймін дейсің бе, әй’ Көріңде өкіргір! Ақ дегені – алғыс, қара дегені — қарғыс* сөйлемдерін өршелене көтеріңкі, мәнерлі дауыспен айтса, олардың экспрессивті бояуы айқын сөйлемдер болып ұғынылады.

Мысалдардан байқалғандай, сөйлем интонациясын өзгерту оның экспрессивтік мәнін де өзгертуді көздейді. Демек, тілдесімнің тиісінше жүзеге асуы үшін экспрессияның қызметі зор, ал мұны жүйелеудің ең өнімді тәсілі интонация болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тіл білімі сөздігі/ Жалпы ред. Э. Сүлейменова. – Алматы, 1998.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
4. Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 2004.
5. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва, 1976.
6. Түркбенбаев Н. Интонация простых вопросительных предложений в казахском языке. – Алматы, 1971.
7. Базарбаева З.М. Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы: Комплекс, 2002. –202 б.
8. Мурзалина Б. Коммуникативная природа интонаций в сопоставительном освещении. – Алматы, 2003
9. Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А., Гордина М.В. Основы общей фонетики. – Санкт-Петербург: 2000. –160б.
10. Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А., Гордина М.В. Основы общей фонетики. –Санкт-Петербург: 2000. –160б.
11. Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдердің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1971. –290б.
12. Всеволодский-Гернгросс В.Н. Теория русской интонации. – Москва, 1922.
13. Туркбенбаев Н. Сравнительная фонетика современного русского и казахского языков. –Алма-Ата. Мектеп, 1978. –101 б.
14. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: 1971. –152 б.
15. Сыздықова Р. Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). –Алматы: Ғылым, 1983. –76 б.
16. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). –Астана: Елорда, 2000. –532 б.
17. Хасенов Ә. Жай сөйлемдер синтаксисін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 1957.

АЙНҰР СЕЙІТБЕКОВА

*А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Тіл тарихы бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымының кандидаты*



ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕГЕН ТҰЛҒА



Бабаш Әбілқасымұлы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жарты ғасырдай қызмет етіп, бар саналы ғұмырын қазақ тіл білімінің тың тақырыптарын зерттеуге арнаған еңбектерімен белгілі бірегей ғалым. Ғалымның есімі *қазақ баспасөзінің тарихы және қазақ әдеби тілінің тарихын* зерттеген тұлға ретінде белгілі. Бұдан бөлек зерттеулері *түркітану* саласына да арналады. Ғалымның басты ерекшелігі – зерттеу нысанына алған XVII ғ. жазба ескерткіштерінің, XVIII-XIX ғғ. жазба үлгілерінің тілін талдауда Мәскеу, Қазан,

Ташкент, Орынбор кітапханалары мен мұражайларында араб графикасымен сақталған қолжазбалары мен нұсқаларын іздеп тауып, түпнұсқадан оқиды, қазақ тіліне қаншалықты жақын екенін дәлелдейді. Ғалымның қазақтың жазба дүниелеріне қатысты жинаған барлық қолжазбалары мен нұсқалары кейінгі зерттеушілерге, шәкірттеріне құнды зерттеу материал болғаны сөзсіз. Ғалымның осы жинаған материалдарының ішінде XVII ғасырда Әбілғазы баһадүр ханның «Шажара-и түрк» (Түркі шежіресінің) жазба ескерткішінің қазақ тілінің тарихын зерттеуде орны ерекше болды. Аталмыш жазба ескерткіштің авторы Әбілғазы ханның өз шығармасының кіріспесінде жазған «...бұл кітапты бес жасар бала түсінетіндей түркі тілінде жаздым» деген ескертпесі жайында түркітанушылардың арасында әртүрлі пікір болды. «Түркі шежіресінің» тілін зерттеген орыс зерттеушілері А.Н.Кононов, А.М.Щербак, С.И.Иванов Әбілғазы мұрасының тілі қарапайым, түсінуге жеңіл, араб және парсы

сөздерін шектеп қолданған деген тұжырымдар жасағанмен, өзбек әдеби тілінің ескерткіші ретінде қарастырған. Отандық түркітануда «Түркі шежіресін» зерттеу нысанына алған профессор *Бабаи Әбілқасымов* орыс ғалымдарының пікірлеріндегі «хиуа тұрғындарының тілі», «шағатай тілі», «өзбек тілі» деген терминдеріне талдау жасай келіп, шығарманың өзбек әдеби тіліне қатысы жоқ екендігін дәлелдейді. Ғалым «Түркі шежіресінің» өзге ортағасыр шағатай тілінде жазылған жазба ескерткіштерден ерекшелігін фонетика-орфографиялық, лексика-фразеологиялық, грамматикалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасау арқылы шығарманың *қыпшақ тілінде* жазылған деген тұжырымға келеді. Зерттеу нәтижесі толыққанды дәлірек, нақтырақ болу үшін араб графикасынан хабарым бар болғандықтан болар, ұстазым «Түркі шежіресіндегі» араб, парсы тілінен енген кірме қабатын арнайы зерттеуді тапсырады. Зерттеуден бұрын «Шежіренің» баспа нұсқасын ұстатып, оқытады. Алғашқы рет бірден көз жүгіртіп оқу қиын болды. Бірте-бірте көзім үйрене бастады. Расымен де, шығарма тілі жеңіл, стилі жатық екен, қазіргі қазақ тілінде кездесетін фразеологизмдер де, мақал-мәтелдер де жеткілікті. Оны кейін 183 беттен тұратын «Түркі шежіресі» мәтініндегі барлық сөздерді жинақтап, әріптесім Г.Мамырбекпен сөздігін құрастыру барысында көз жеткіздік. Бірер мысал келтірейік:

ҮМІД ҮЗГЕНДІН СОҢ امید اوزكاندين سونک - *үміт үзгеннен соң, күдер үзгеннен соң*. Чыңғыз хан қайта қайта елші иіберді иарашайын деб Оң хан иарашмады иарашмақлықдын **үмід үзгендін соң** атланды (47, 6). *Шыңғыс хан достасайын деп қайта-қайта елші жіберді, бірақ Оң хан келісімге келмеді, бітімгершіліктен үміт үзген соң (Шыңғыс хан) аттанды*.

ХОШ КӨРДІ خوش کوردی - *дұрыс көрді, жөн көрді*. Бір ай ашны һәр уақытта хаһласақ иерміз амма бір ай күндүз аш иемесміз амма кече иерміз теділер мұны **һәм хош** көрді (75, 2). *«бір ай тамақты қай уақытта қаласақ (сол кезде) жерміз, бірақ бір ай күндіз тамақ жемей, тек кешке жейміз», - деді, бұны да (бұл сөзді де Шыңғыс хан) дұрыс көрді*.

ХҰДАЙҒА САЛУ خدايغه سالدیم - *құдайға тапсыру*. Иігірма уйғұрның һеч қайсысыны өлтүрмеді мен қарача халқым бірлән иаман болман һәркім иаманлық қылса аны **хұдайға салдым** (151, 5). *Жиырма ұйғырдың ешқайсысын өлтірмеді, мен қараша халқыммен жаман болмаспын, кім де кім жамандық қылса, оны құдайға тапсырдым*.

Ғалымның тағы бір ерекшелігі өзге түркітанушыларға ұқсамайтын «Түркі шежіресінің» толық мәтінін араб графикасынан кирилл графикасына қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне жақындатып транскрипциялауы.

Себебі араб әліпбиінде дауысты дыбыстардың үш-ақ түрі болғандықтан, түркі тілдеріндегі барлық дауыстылар осы үш таңбаға сыйдырылған. Бірақ бұл дауыстыларды түркітанушылар мәтін транскрипциялауда әрқалай пайдаланады. Мысалы, А.Н. Кононов Әбілғазының «Түрікмен шежіресінен» алынған мысалдар мен мәтіндерді беруде өзбектің қазіргі сөйлеу тіліне жақындатып транскрипциялаған. С.Н. Иванов Әбілғазының «Түркі шежіресін» кирилл таңбасымен бергенде академиялық (радловская) транскрипцияны қолданған. Ал өзге өзбек, татар т.б. түркітанушы ғалымдар ескерткіштер мәтінін өз тілдеріне жақындатып транскрипциялайды. Ұстазым транскрипциялаудағы осындай ала-құлалықты болдырмас үшін жеңілдетілген (упрощенная) транскрипцияны басшылыққа алады. «Түркі шежіресінің» тілі қыпшақ тіліне жақын екенін дәйектеген ғалым мәтінді қазақ тілінің әріптеріне салып транскрипциялайды: ¹ таңбасын орнына қарай *а, ә, е* әріптермен, ² таңбасын *б, п* әріптермен, ³ таңбасын *г, к* әріптермен бердік. ⁴ таңбасын *о, ұ, ү, ө* әріптерінің біреуімен таңбалайды. ⁵ таңбасын бірде *и*, бірде *ы, і* әріптерімен (сөздің жуан-жіңішкелігіне орай) береді. Ал ⁶ таңбасы бірде *ч*-ны, бірде *ж* дыбысын белгілейді екен, ыңғайына қарай солай қолданғанын айтады. Мысалы, *Қара ханның ұлұғ хатұныдын ұғұл болды көріклі ай күндін артұқ үч кече күндүз анасыны еммеді һәр кече анасының түшіге кіріб айтұр ерді ей ана болғыл әгәр мұсылман болмасаң өлсем өлермін сенің емчекіңізні еммен теб...*

Біз де сөздік әзірлеуде Ұстазымыздың «Шежіре» мәтінін транскрипциялаудағы принципін ұстанып, қазақ тіліне жақындатып бердік. Мысалы: *бурун емес бұрун, көчуб емес көчүб, тұтулду емес тұтұлду, бир куни емес бір күні, олтуруб емес олтұруб* т.б. Бұдан бөлек ғалым «Түркі шежіресінің» мәтінін транскрипциялап қана қоймай, қазақ тіліне аударады. Шығарма тілінде кездесетін қиын сөздерді, кірме сөздерді, жер-су атауларын қазіргі қазақ қоғамының түсінігіне лайықтап береді. Бұл ғалымның аудармадағы ұқыптылығын білдіреді.

Осылайша профессор Бабаш Әбілқасымовты «Түркі шежіресінің» тілін тың тұжырымдарымен жан-жақты сөз еткен, жазба ескерткіштердің тілін зерттеудің үлгісін көрсеткен ҰСТАЗ деп білеміз.

Тіл салсындағы түйткілі басым, түйіні толық шешілмей тұрған мәселелердің бір ол әрине, өзгелердің қазақ тілін үйренуі. Тілді жетік меңгеру мен үйрену ниетке байланысты. Десекте, бүгіндері жергілікті халықтың басымдыққа ие болуы, тіл игеруге деген өзге этнос сұранымы уақыт талабымен толықпай отыр. Себебі барлық мекемелерде ұлт тілі мен этнос тілі қатар жүргендіктен қазақ тілінің басымдығы байқалмайды.

Жергілікті оқыту орындарында тіл үйрету әдістемелерін көпке тарату бүгінгі күннің мақсаты саналады. Қазақ тілін үйрету әдіс-тәсілдерін ортаға салған Айман Мадиеваның «Ересектерге қазақ тілін оқыту барысында жазбаша сауаттылықты дамыту жолдары», Айдар Балабековтің «Сөйлесім әрекетін дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі (а2)», Әсия Смақованың «Лексиканы меңгерту: жеке тәжірибе және нәтиже», Салима Симбаеваның «Түр және талғам: сын есімдерді тыңдалым арқылы меңгерту жолдары», Орал Жанатовтың «Менің мамандығым», Жұпар Жақанованың «Тілді кәсіби салаға бағыттап оқытудың әдістемелік ерекшелігі» материалдарын әдістемелік тәжірибелермен сабақтастырып бергенді жөн көрдік.

Редакциядан

АЙМАН МАДИЕВА

*Ақмола облысы, Бурабай ауданының
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Тілдерді оқыту орталығы» КММ әдіскері*



ЕРЕСЕКТЕРГЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ БАРЫСЫНДА ЖАЗБАША САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 1960-80 жылдарда туған ұрпақ қазіргі жастарға қарағанда, сауатты жазады екен. Барлық мәселе – қазіргі заман жастарының өмірін жаңа техника, компьютерлер, ноутбук, планшет, айфон т.б. жаулап алған. Бұндай гаджеттер сапалы білім алуға арналған уақыттың ауқымды бөлігін алумен қатар, өкінішке орай, адамзаттың құлдырауына себеп болып отыр. Кей адамдар сауатты жазу онша маңызды емес, мені онсыз да түсінеді деп ойлайды, бірақ, кейде жай ғана тыныс белгі дұрыс қойылмағаннан, жазып отырған сөйлемнің, тіпті сөздің мағынасы өзгеріп кететініне, хабарлама алмасу барысында талай рет өзіміз көз жеткізгенбіз. Осы ретте орыс тіліндегі әйгілі фраза: «казнить нельзя помиловать» дегенді айта кетуге болады, бір тыныс белгісі (,) бір адамның тағдырын шешетін амфиболия – екіұшты ойға қалдыратын қателік. Яғни екіұшты ойға қалмау үшін, тыныс белгіні тиісті орнына қоя білу де өнер. Сауатты, қатесіз жаза білу, өзінің өзектілігін ешқашан жоғалтпайды, себебі ауызша да, жазбаша да сауаттылық әр уақытта да адам өмірінде жоғары бағаланады. Дұрыс жаза білудің басымдықтарын нақтылай кетейік:

Біріншіден, сауатты адам танысу кезінде өзі туралы жақсы пікір қалдыра алады, әсіресе жұмыс бабымен эпистолярлық жанрда іскерлік қатынас жасайтын адамдар үшін сауатты жаза білу өте қажет;

Екіншіден, сауаттылық – білімді адамның басқа адамдарды басқарудағы таптырмас қаруы;

Үшіншіден, баласы дәптерін тексертуге әкелген ата-ана сауатты болса, баланың алдында қызармайды;

Тәртінішіден, қатесіз жазатын адам өтініш, түйіндеме, түсініктемені қажетінде еш кедергісіз жазып береді;

Ең бастысы! Енгізілген мәтінді ешбір компьютерлік бағдарлама дұрыс түзете алмайды, оны тек адам ғана істей алады!

Міне, осы себептер үшін-ақ сауатты жазуға ерекше көңіл бөлу керек. Көптеген ересек адамдар, біз енді орфографиялық қатесіз жазуға үйрене алмаймыз деген кереғар пікірде болады. Әрине, оларға қарағанда баланы үйреткен жеңіл, дегенмен бұл іспен айналысу ешқашан кештік етпейді, ол да мүмкін екен.

Орталық оқытушылары үшін қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің, тіпті кей тыңдаушының ана тілі бола тұрып, қазақ тілінде сауатты жаза алмауы – үлкен мәселе.

Бұл мәселелерді болдыртпау үшін келесі дағдыларды дамыту керек:

- Әріптер мен шартты белгілерді көру арқылы айыра білу дағдыларын дамыту;

- Дыбыстарды көру және есту арқылы есте сақтау қабілетін дамыту;
- Негізгі морфологиялық ережелерге үйрету;
- Дыбыстарды дұрыс айта және ести білуге әдеттендіру;
- Сөздік қорын дамыту;
- Сөздерді байланыстыру қабілеттерін дамыту.

Әрине, оқытушы қай бағытта жұмыс істеу керектігін, тыңдаушының қате жіберу мотивін анықтау жолында біраз жұмыстар жасауы керек. Жиі кездесетін себептер:

1. Диктант жазушы адам белгілі бір ережені білмегендіктен (ұмытып қалғандықтан ба немесе кезінде түсінбегендіктен) қате жібереді.

2. Ережені біледі, бірақ оны жазуда дұрыс қолдана білмейді.

3. Ережелерді араластырып, шатастырады.

4. Жазып отырған сөзінің мағынасын түсінбей, зейін қоймай, механикалық түрде әрекет етеді.

5. Кей дыбыстарды қате естиді немесе өзі қате айтады (өзін-өзі бақылай алмайды).

Көрсетілген себептерді анықтаған оқытушы тиісті бағытта жұмыс істейді.

Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, біздің өз тәжірибемізде жиі кездесетін қателіктер төмендегідей деген қорытындыға келдім:

➤ Кей дыбыстардың орнына басқа дыбысты жазып қояды, мысалы: **і** дыбысының орнына **ы**, **е** дыбысын жазу, немесе **н** дыбысы мен **ң**-ды алмастыру екінің бірінде кездеседі; **ұ**, **ү** орнына **у**; **қ** орнына **к**; **с** орнына **з** және т.б.

➤ Сөздердегі бір әріптің қалып қоюы;

➤ Жуан сөздер мен жіңішке сөздердің аражігін ажырата алмауы, яғни сингармонизм заңын дұрыс білмейді немесе дауысты, дауыссыз түрлерін ажырата алмайды;

➤ Тасымалдау, яғни сөздің келесі жолға көшкен бөлігі дауыссыз дыбыстан басталатынын білмеуі.

Бұлардың бәрін анықтайтын жұмыстың негізгі түрі – диктант жазу.

Диктантты тексергеннен кейін, қателермен жұмыс жасау – өте маңызды. Әдетте, диктант жазу барысында жазып отырған адам қалып қоймайын деген оймен қате жібергенін байқамайды. Бұндайға жол бермеу үшін, оқытушы диктанттың мәтінін бірінші рет толық оқып болғаннан кейін, мәтін не туралы екенін, тыңдаушыларға таныс, таныс емес сөздерге тоқталып, қажет болса жеке сөздерді тақтаға жазғызып мәтінмен жұмыс істеуі керек. Диктант жазатын адам сөйлемді жазбастан бұрын дұрыс тыңдап, түсініп алуы керек екенін естен шығармау керек.

Сондай-ақ, сауатты жазуға дағдыландыру үшін ара-тұра еске сақтау жаттығуларын (мақал-мәтелді оқытып, талдап, мағынасын ашқан соң, жатқа жазғызу), ынтамен тыңдау жаттығуларын (тыңдалым тапсырмалары), орфографиялық жаттығулар – орфографиялық қырағылықты дамыту үшін қажет жаттығулар (катесі бар мәтінді тексерту) орындатып отыру керек. Мысалы, парақшаның екі жағына бір сөздің қате және дұрыс нұсқасын жазып, (қажет болса аудармасымен) дұрыс нұсқасын тапқызу арқылы: *денсаулық, көңілді, қысқарады, құстар, күнде, ұзын. Келесі бетке: денсаулық, көңілде, қысқарады, құстар, күнде, ұзұн.*

Диктант жазғаннан кейін сабақта қатемен қалай жұмыс істеуге болады?

Қатемен жұмыс істеуге толық бір сабақ жіберуге мүмкіндік жоқ, сондықтан сабақтың бір бөлімін ғана арнай аламыз. Бұл әрине жұмыс көлемі мен жұмыс істейтін ұжымның қабілетіне байланысты. Әр мұғалімнің тәжірибесінде бұл жағдайға қатысты өз әдіс-тәсілі бар, соның ішінде жиі кездесетін түрлеріне тоқталып өтейік.

Мұғалім қате жіберген сөйлемді немесе сөзді тақтаға жазғызады, ал қалғандар өз дәптерлеріне жазады. Сонымен қате жібергендер ғана емес, бүкіл ұжым берілген сөзбен не сөйлеммен жұмыс істейді. Диктантты «өте жақсы» жазған адамдар назардан тыс қалуы мүмкін, оларды да тақтаға шығарып, өзгелер қате жіберген сөз немесе сөйлемнің дұрыс нұсқасын жазғызу арқылы ұжымды барынша қамтуға тырысамыз.

Оқытушы әрбір қатемен жұмыс барысында төмендегі ержелерге қайта-қайта тоқтала беру керек деп ойлаймын.

Ең қарапайым тілмен айтқанда, егер сөздің ішінде а, о, ұ, ы (я) болса, сөз **жуан**, және ішінде дауыссыз «қ» және «ғ» болса, оның жуан сөз екеніне толық сенімді бола аласыздар. Мысалы: жұмыс – работа, аялдама – остановка, ғалым – ученый, жалақы – зарплата т.б.

Егер сөздің ішінде «ә, ө, ү, і, е (э)» болса, жіңішке, және «к», «г» дыбыстары тек қана жіңішке сөздің ішінде келеді: өмір – жизнь, есік – дверь, жүрек – сердце, сүлгі – полотенце, тіл – язык;

«И» және «у» дыбыстары жуан сөзде де, жіңішке сөзде де кездеседі. Ескерту: сөзде тек қана «и» дауысты дыбысы ғана болса, сөз жіңішке болып есептеледі: ит, би, (ол сөздер қатарына «**ми** – **мозг**» жатпайды, оған жуан қосымша жалғанады), егер сөзде тек қана «у» дыбысы болса, ол сөз жуан болып саналады: су, ту.

Егер сөз ішінде «я, ё, ю» әріптері болса, жуан қосымша жалғанады, ал ю әрпі «иу» дыбыстарынан тұратын болғандықтан, у әрпі сияқты жіңішке де жуан да бола алады, сондықтан сөздегі басқа дауыстыларға қараймыз: ою+ды, аю+ға, сүю+ге, көркею+де.

Айтылғандарды есте сақтауы үшін, төмендегі сызбаны ұсынуға болады:

я ё	жуан	жіңішке	е э
	А	Ә	
	О	Ө	
	Ұ	Ү	
	Ы	І	
	и у ю		

Жалғаулар бойынша: 1) сингармонизм заңына сәйкес жалғануын айтқан кезде келесі мәліметті қарапайым түрде айта кеткен жөн. Қазақ тілінің қосымшаларында тек төрт дауысты ғана кездеседі – **«а, е»** және **«ы, і»**:

«а, е» дауыстыларымен –: -лар/-лер, -да/-де, -ған/-ген т.б.

«ы, і» дауыстыларымен: -ды/-ді, -ым/ім т.б.

Жуан **«а, ы»** дыбысы бар жалғаулар жуан сөзге, ал жіңішке **«е, і»** дыбыстары бар жалғау жіңішке сөздерге жалғанатынын, сонымен қатар аралас сөздер (бір сөз ішінде жуан, жіңішке дыбыстар қатар) болса, соңғы буынға қарап жалғайтынымызды айта беру керек.

2) -ы/-і дауыстысымен келетін тәуелдік жалғауларын жалғағанда кей

сөздердің соңғы буынындағы «ы, і» дыбыстары түсіп қалады, тіпті бұл сөздердің тізімін беріп қоюға болады:

әріп – буква (әрп-і)

бөрік – шапка (бөрк-і)

ғұрып – обычай (ғұрп-ы)

дауыс – звук (екі нұсқасы бар: даус-ы и дауыс-ы)

дәріп – хвала, известность (дәрп-і)

ерік – воля (ерк-і)

ерін – губы (ерн-і)

зауық – желание, охота (зауқ-ы)

кейіп – облик, вид (кейп-і)

көрік – красота (көрк-і), кузнечный мех (көріг-і)

қалып – состояние (қалп-ы), колодка, шаблон (қалыб-ы)

қарын – желудок (екі нұсқасы бар: қарн-ы и қарын-ы)

қауіп – опасность (қауп-і)

қойын – пазуха (екі нұсқасы бар: қойн-ы и қойын-ы)

құлық – нрав (құлқ-ы)

құлып – замок (құлп-ы)

мойын – шея (мойн-ы)

мүлік – имущество (мүлк-і)

мұрын – нос (мұрн-ы)

орын – место (орн-ы), орын-ы деп те қолданылады, бірақ орф.сөздікте алғашқы нұсқасы

парық – смысл, суть (парк-ы)

сиық – обличие, внешность (сиқ-ы)

сұрық – вид, облик (сұрқ-ы)

тұрық – длина (тұрқ-ы)

халық – народ (халқ-ы)

шырық – спокойствие (шырқ-ы)

3) «Н» және «ң» дыбыстары туралы қарапайым және жеңіл түсінуге болатын келесі мәліметті беруге болады:

• Аталмыш дыбыстарды айтқан кезде, оның қалай жасалғанына, яғни ауаның ауыз қуысынан қалай шыққандығына мән беріңіз. Мәселен, «н» дыбысын айтыңыз да, оны дыбыстаған кезде, ауыз қуысында болған әрекет – тілдің ұшы *тіске тиеді*. Ал енді «ң-ды» айтқанда – *тіл кері (артқа қарай) шегінеді*.

Дыбыстардың жасалуының өзінде едәуір айырмашылық бар.

• Дыбыстарды жеке-жеке тағы да қайталап айтыңызда, мұқият өз

дауысыңызды тыңдаңыз. «н» дыбысын айтқанда, «н-дан» кейін «ы» дыбысы қосарлана естіледі. Яғни «ны» түрінде естиміз, бірақ бұл жазылуы емес екенін ескерту керек. Ал «ң» дыбысын айтқан кезде, керісінше «ы» дыбысы «ң-ның» алдына шығып «ың» түрінде айтылады.

• Негізі «н» дыбысы сөздерде аз кездеседі, сол себепті тіпті болмай жатса, мұндай сөздерді жаттап алып-ақ үйренуге болады. Бұл да дұрыс шығар. Тіпті, барлық сөзді емес, сол сөздің түбірін ғана жаттап алсаңыз, жетіп жатқаны. Сол түбірден өрбіген сөздердің мағынасы бірдей болмағанымен, дыбысталуы бірдей келіп, бір сөз қайталанатын.

Мысалы:

жаңа – жаңалық, жаңаша, жаңашыл;

жең – жеңіл, жеңілдік, жеңілтек, жеңіс, жеңімпаз, жеңге, жеңіліс;

тың – тыңда, тыңдалым, тыңшы, тыңайт, тыңайтқыш, тыңғылықты т.б.

таң – таңғы, таңертең, таңшолпан, таңба, таңдай, таңғажайып, таңда, таңдану және т.б.

Сөз соңында сауатты жазуды әдетке айналдыру үшін тыңдаушыға беретін қажет кеңестерді ұсынғым келеді:

КӨП ОҚЫҢЫЗ. Көркем әдебиет, әсіресе классикалық әдебиеттерді оқу. Мәтіндерді оқыту арқылы біріншіден, сабақта өтілген сөздердің мағынасына назар аудару арқылы есте қалады, екіншіден, сөздердің қалай жазылатыны көзбен көру арқылы санада сақталады;

ДИКТАНТ жазыңыз. Диктант жазғызу арқылы сауатты жазуға дағдыландыру. Оның ішінде, қарапайым деңгейдегі тыңдаушыларға – сөздерді ішінен қайталап айтып отырып жазуға кеңес беруге болады, кей адамдар сөзді ішінен қайталап отырып жазса, дұрыс жазады екен. Сондай-ақ адам өзін бақылап отыруға әдеттенеді.

СӨЗДЕРДІ ЖАТТАП АЛЫҢЫЗ. Сөздерді лексикалық тұрғыдан ғана қарастырмай орфографиялық жағынан да қарастырып, оның қалай жазылатынына назар аударып отыру керек. Белгілі бір лексикалық тақырыпқа байланысты сөздермен таныстырып, олардың қолданылу аясын бірінші сабақта өтсек, келесі сабақта оның қалай жазылатынына көңіл бөлген жөн, ол үшін өтілген сөздерді тақтаға жатқа жазғызып, өткендегі түпнұсқасымен салыстыруға мүмкіндік беру. Немесе сөздің өзге тілдегі нұсқасын айтып, жазбаша аударту арқылы да тексеру жұмысын жүргізуге болады.

СӨЗДІК ЖҮРГІЗУ. Қиын сөздердің дұрыс нұсқасын жазып алып отыруға әдеттендіру.

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ сөздікті пайдалану. Сөздікке қараудың ешқандай артықшылығы жоқ, ол ұят емес!

АЙДАР БАЛАБЕКОВ

*Назарбаев университеті, Қазақ тілі және
Түркітану департаментінің оқытушысы,
PhD доктор*



СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ (A2)

Сөйлесім әрекеті түрлерінің қай-қайсын болмасын оқыту үдерісінде дұрыс ұйымдастыру тіл үйретуде негізгі мақсат болып табылады. Қазіргі таңда тілді оқытудың әдістемесінде аталмыш әрекеттердің ғылыми-теориялық негіздері орнығып, оны практикалық тұрғыда қолдану бір жүйеге түскен. Сөйлесім әрекетінің барлық түріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну.


Тіл үйренуші үйренетін тілді еркін түсінгенде, тіл үйренуден шабыт, ләззат алып, өзін сол ортада еркін сезінеді. Осыған байланысты сөйлесім әрекетіндегі: *айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым* тығыз байланыста болып, бір-бірін үнемі толықтырып отырады және аталмыш әрекет түрлері тіл үйренушінің бойында белгілі бір құзіреттіліктерді дамытып, жаңа тілді үйренуге жол ашады. Соның нәтижесі ретінде әрекет түрлері арқылы қалыптасқан негізгі білім *сөйлесімде* (айтылым, тілдесім) жарыққа шығады.

Тіл сабақтарында, әсіресе, шет тілін үйрету барысында әрбір оқытушы сөйлесім әрекетін ұйымдастырар алдында өзіне төмендегідей сұрақтар қойып, сол сұрақтар негізінде ізденіске түсетіні белгілі. Әрбір мұғалім:

1. Сабақ барысында сөйлесім тапсырмаларын қалай ұйымдастырамын?
2. Қандай тапсырмалар тиімді жұмыс істейді?
3. Тіл үйренушіні сөйлесімге қалай шығарамын?
4. Нені басшылыққа алуым керек?
5. Егер жасаған тапсырмаларым жұмыс істемесе не істеймін?
6. Тіл үйренушіні қалай қызықтырамын?
7. Тіл үйренушіні жалықтырып алудан қалай сақ боламын?
8. Сөйлеу мен сөйлесуді қалай меңгертемін?, - деген секілді сұрақтарға жауап тапқан кезде ғана, ол өз мақсатына жете алады. Ал мақсатқа жету үшін

ең алдымен «сөйлеу мен сөйлесу»-ді 1-кестеде берілген негіздер бойынша ұйымдастыруы тиіс.

1-кесте:



Сөйлесімді ұйымдастыруда:

Оқытушы:

- ✓ бағыт беруші;
- ✓ көмекші;
- ✓ қадағалаушы;
- ✓ ең бастысы мұқият тыңдаушы болу шарт болса, ал:

Тіл үйренуші:

- ✓ белсенді қатысушы;
- ✓ ізденуші;
- ✓ сұрақ қоюшы;
- ✓ тыңдаушы;
- ✓ ең бастысы өзін еркін сезінуші болуы тиіс.

Оқытушы мен тіл үйренушінің міндеттері жоғарыдағыдай нақтыланғанда ғана сөйлеу мен сөйлесу еркін болып, тіл үйренуші барынша іс-тәжірибе жинап, өзіндегі «тілдік кедергіні» жеңуге жол табады. Тілдік кедергі жою тек оқытушы мен тіл үйренушінің құзіреттіліктеріне қатысты болып қана қоймайды, осы ретте оқытушы сөйлесім талаптарын нақты анықтап алуы тиіс. Мысалы, сөйлесімдегі тапсырмалар:

- ▶ деңгейге сай болуы;
- ▶ лексикалық және грамматикалық тақырыпты қамту;
- ▶ белсенді сөздік қор болуы;
- ▶ басы артық лексикалық, грамматикалық құрылымдарға жол бермеу;
- ▶ барынша шынайы өмірге жақын болу;
- ▶ сөйлемдегі сөз санына назар аудару;
- ▶ берілген сұраққа толық жауап берілу;
- ▶ кейіпкер саны (екі, үш);
- ▶ әрбір тапсырма белгілі бір қабілетті дамытуға бағытталу;
- ▶ сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді дұрыс ырғақта айта білу;

Сабақтағы сөйлесім жоғарыда көрсетілген талаптарға сай болған кезде,



1-сурет

2-сурет

1-суретте тіл үйренушіге белгілі бір нақты ақпарат сөз тіркестері арқылы берілсе, ал 2-суретте тек суреттер арқылы беріледі, алайда екі тапсырманың мақсаты бір. Тіл үйренуші ақпараттарға сүйене отырып сөйлеу дағдысын қалыптастырады. 1-суретте сөз тіркестерін пайдалана отырып нақты сөйлем-

дер құрса, екіншісінде суреттер арқылы өз сөйлемдерін құрады. Екінші тапсырманың айырмашылығы тіл үйренушіге шығармашылық тұрғыда ойлауға мүмкіндік беріледі. Осы секілді тапсырма түрлерін сөйлеуге емес, сөйлесуге де құруға болады. Мысалы:

Арман:	- Сәлеметсіз бе!	Айдар:	- Алло. Азамат, қалайсың?
Самал:	-	Азамат	- Жақсы. Сен ше?
Арман:	- Халіңіз қалай?	Айдар:	- Жаман емес. Бүгін киноға барасың ба?
Самал:	-! Сенің халің қалай?	Азамат	- Жоқ, бармаймын!
Арман:	- Тамаша!	Айдар:	- Неге?
Самал:	-?	Азамат	- Ренжіме!
Арман:	- Менің атым - Арман.?	Айдар:	- Жарайды. Сау бол!
Самал:	- Менің атым - Самал. Таныс-қаныма қуаныштымын!	Азамат	- Кездескенше!
Арман:	-!	Айдар:	- Жарайды. Сау бол!
Самал:	- Күннің сәтті болсын!	ал бұл тапсырмада белгілі жағдайды түсіндіру, себебін көрсету секілді дағдыны меңгереді.	
Арман:	-! Сау болыңыз!		
Самал:	-!		
Бұл тапсырмада толықтыру әдісі арқылы жауап беруге дағдыланса,			

Бұл тапсырмада толықтыру әдісі арқылы жауап беруге дағдыланса, ал бұл тапсырмада белгілі жағдайды түсіндіру, себебін көрсету секілді дағдыны меңгереді.

Берілген екі үлгіні кез келген тақырыпты меңгеруде түрліше қолдануға болатынын баса айтқымыз келеді, себебі бір мақсатты көздеген тапсырмалар түрлі нұсқада берілсе, тіл үйренушінің тілді меңгеруге деген қызығушылығы артары сөзсіз.

Сөйлесу тапсырмалар жүйесін тек жоғарыда берілген дайын күйіндегі үлгі ретінде берумен қатар, жағдаяттық нұсқада беруде тіл үйретуде тиімді болып табылады. Мысал ретінде төменде берілген тапсырмаларға назар аударып көрелік.

А. <i>Сыныптасыңнан сұра</i> В. <i>Оның жауабын айт</i> 1. Сен қай тілді білесің? 2. Сен қай тілде еркін сөйлейсің? 3. Сен күнде қай тілде сөйлейсің? 4. Сен қай тілде кітап оқисың?	1. 3 сөзді таңдаңыз. 2. Сөздермен 3 сұрақ дайындаңыз. 3. Сұрақты екінші студентке қойыңыз. 4. Студенттің жауабын аудиторияға айтыңыз.
---	---

5. Сен қай тілде кино көресің? 6. Сен қай тілде музыка тыңдайсың? 7. Сен қай тілді үйренгің келеді? С. Енді "Сен" есімдігін "Сіз"-ге ауыстырып мұғалімнен сұраңыз.	Бұл тапсырма түрінде тіл үйренушіге нақты лексикалық минимум берілу тиіс.
---	---

Тапсырмаларда тек сөздік қорды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар грамматикалық формаларды да меңгере алатынын тапсырмалардан байқауға болады. Сөздік қорды меңгертуде кесте арқылы беру тәсілі де тиімді жұмыс нәтижесіне қол жеткізеді. Ондай тапсырмаларды төмендегідей үлгіде ұйымдастыруға болады. Мысалы:

1. *Сөздерді пайдаланыңыз.*
2. *Асқар және Самал туралы айтыңыз.*
3. *Сосын өзіңіз туралы айтыңыз*

Сұрақтар	Асқар	Самал	Сіз
Ол қазақша қалай сөйлейді?	еркін	жақсы	Жақсы\\ ақырын
Ол күніне неше минут музыка тыңдайды?	20	30	1 сағат \\ 100 минут
Ол қандай тіл үйреніп жүр?	Ағылшын тілін	Француз тілін	Қытай тілін \\ араб тілін
Ол тіл үйрену үшін не істейді?	кітап оқу, кино көру, сөздік жаттау	тапсырма орындау, музыка тыңдау	Кітап оқу, сөздік жаттау, аудару\\ драма көру, музыка тыңдау
Ол материалды үйде қайталай ма?	+	+	+\\+

Сондай-ақ, сөздік қорды және белгілі бір лексикалық материалды меңгерту немесе меңгергендігін төменде берілген тапсырма түрі арқылы анықтауға болады. Тапсырманың басты ерекшелігі – тіл үйренуші берілген талаптар бойынша ғана ақпарат беруі тиіс, яғни, тіл үйренуші не туралы айтатындығы тапсырмада анық көрініс табуы шарт. Мысалы:

Өзіңіздің жақсы көретін дүкеніңіз туралы айтыңыз Айтуыңыз керек: -дүкен қайда орналасқан -ол дүкенде не сатылады -қаншалықты жиі барсыз -соңғы рет қашан бардыңыз -ол дүкен неге жақсы деп ойлайсыз	Оқыған кітабыңыз туралы айтыңыз: Автор кім? Кітап қалай аталады? Не\кім туралы? Қандай кейіпкерлері бар?
--	---

Сөйлесім әрекетінің негізгі мақсаты тіл үйренушіні үйренетін тілінде еркін сөйлету болғандықтан, тапсырмалар жеңілден күрделігі жүйесі бойынша құрылғаны абзал. Жоғарыда берілген тапсырмалар жүйесі де осы ретте берілді. Сөйлесім әрекетіндегі күрделі тапсырмалар қатарына төмендегідей тапсырмаларды ұсынуға болады. Мысалы,

Студент: А 1. Сөздерді пайдаланып жоспар жазу; 2. Жоспарымен бөлісу; Студент: Б 1. Досының жоспарын тыңдау; 2. Ақпаратты жазып алу; 3. Жазылған ақпаратты өткен шақта аудиторияға айту	Ертең	Кеше
	Бүгін	Бүгін
	Келесі аптада	Өткен аптада
	Келесі айда	Өткен айда
	Келесі жылы	Өткен жылы
	Таңертең	Таңертең
	Күндіз	Кеше күндіз
	Кешке	Кеше кешке

1-үлгі

2-үлгі

3-үлгі: Жағдаят

Сіз журналистсіз:

• егер сіз сүйікті әншіңізбен кездессеңіз, оған қандай сұрақтар қоясыз.
 5 сұрақ жазыңыз.

• егер сіз жазушымен кездесуге барсаңыз, қандай сұрақтар дайындар едіңіз?
 • сіз танымал кәсіпкермен кездесуде қандай сұрақтар қояр едіңіз?

Тіл үйретуде сөйлесім тапсырмалары әр сабақта осылай түрленіп, жеңілден күрделіге қарай дамып отыруы тілді меңгеруде өз нәтижесіне жететіні сөзсіз екенін айта кеткім келеді.

ӘСИЯ СМЫҚОВА

*Қарағанды облысы тілдерді
дамыту жөніндегі басқармасы,
Ресурстық тіл орталығының әдіскері*




ЛЕКСИКАНЫ МЕНГЕРТУ: ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

Тіл білу – сөз үйренуден басталатыны белгілі. Сөз үйрену тұтас тілді білу деген сөз болса, онда осы лексиканы меңгертуде мұқият болған жөн сияқты. Алдымен үйрететін сөздердің тіл үйренушінің деңгейіне қарай қолданыс жиілігін саралап, көлемін анықтау қажет. Одан соң сөздерді есте сақтаудың әдіс-тәсілдерін елеп-екшеу керек.

Бүгінгі күні, халықаралық тілдердің, әсіресе, ағылшын тілін оқытудың түрлі әдістері мен формалары бар және дамып отырады. Байқасаңыздар, әркім өз тілінің әлеуетін алға тартып, табиғатына тереңірек үңілдіруге тырысады. Сол сияқты қазақ тілін оқытуда да түрлі әдістерді қолдануға тырысып жүрміз. Бірақ тіліміздің табиғатын, әлеуетін естен шығарып аламыз.

Қазақ тілінің табиғатын ғылыми деңгейде білсек те, оның іс жүзінде қолданысын үйрете алмай, үйретудің тетігін таба алмай жүрміз. Қазақ тілін үйрету барысында оның әдістемесі ғылыми тұрғыда қарастырылады. Ол үшін қолданысы жоғары сөздерді жекелеп саралап, тұрақты сөз жаттату жүйесін құру керек сияқты. Бүгінде бұл мәселе Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығынан шыққан «Қазақ сөзі 500 сөз», «Қазақ сөзі 900 сөз» сөздіктері арқылы шешімін тапқан. Аталған сөздіктер барлық сөздердің жиілігі мен қолданысын ескеріп жасаған. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» демекші, осы дайын сөздіктерді тіл үйрету барысында қолданып, насихаттап жүрміз. Көріп отырғандарыңыздай, сөздерді тақырыптары бойынша бөліп алып, әлеуметтік желі арқылы жариялап отырмыз.



(бастауыш деңгей)

1-сабақ: Қимыл/Действие

Тұр - Стоит

Келу - Приходить,
приезжать

Кету - Уходить,
уезжать

Көру - Видеть,
смотреть


Оқу - Читать

Ішу - Пить

Әрі қарай осы сөздікті кеңінен қолдану үшін, әсіресе, етістіктермен байланыстырып фразалық тіркестер арқылы сөздерді есте сақтауға тәсілдер керек. Оны ағылшын тілі тәжірибесінен көруге болады. Бүгінгі күні ағылшын тілінде сөздік қорды молайту – тілді үйренудің кілті болып отырған Mind map (майнд мап) әдісі. Бұл сөзді ағылшын тілінен аударғанда «Ақылды карта» деген мағынаны береді. Бұл ұғымды аударудың басқа нұсқалары бар: ментальды карта, ақыл картасы, байланыс схемасы немесе ассоциативті карта.


Сөздерді бәрімізге таныс сөздікпен жаттау әдісі – қиындау, мағыналары әртүрлі, қанадай контексте қолданатыныңызды білмейсіз. Осы сөздік қорды молайту үшін ағылшын тілінің әдісі өте тиімді болып отыр. Бұл әдістің негізгі принципі – сөз бен оның мағынасы арасындағы көрнекі (визуалды) байланыс орнату арқылы ақпаратты есте сақтау. Тез нәтиже береді.

- ☐ Айтылған, оқылған, көргендердің мәнін тез түсіну қабілетінің артуы.
- ☐ Нақтырақ жоспарлау - логика емес, маңыздылыққа қарай бағыттау.
- ☐ Уақыт ұту.
- ☐ Зерттелетін материалға көбірек назар аударту.
- ☐ Шығармашылық жұмыс жасау.



Көріп отырғандарыңыздай, белгілі тақырып аясында сөздер топтас-
тырылған. Мұнда негізі тіл үйренуші ақ қағаздың бетіне бұл сызбаны өз
қалауынша жасайды, керек деп тапса, суретін салады.

Енді осы сияқты «ас үй» қатысты тақырыпты алып, осы тақырып аясын-
да сөздерді топтап көрелік. Ол үшін әмбебап сөзді іздеуге тырысамыз. Бұл
әрине, бірінші деңгей екенін естеріңізге сала кетейін. Кейін басқа деңгейге
өткен соң ол сөздің басқа да синонимдерін беруге болады.



Осы ақылды картаны тиімді пайдаланғанда күтілетін нәтиже: жаңа сөздерді
өңдеуге және есте сақтауға уақыт үнемделеді;

- жаңа идеялар пайда болады (сөздердің мағынасы, аударма нұсқалары, контекстік мәндер, синонимдер, антонимдер және т.б.);
- қайталау кезінде миға шабуыл жасалады;
- жоспар құру, құрылымдау, сөздер арасындағы логикалық ассоциативті байланыстарды табу дағдыларын жаттықтырады;
- өткен лексиканы тексереді немесе қайталайды;
- бүкіл лексикалық тақырыпты, оның негізгі және қосалқы компоненттерін нақты көрсетеді.

СӘЛИМА СИМБАЕВА

*М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ
университеті Жоғары гуманитарлық
мектебінің оқытушы профессоры, ф.ғ.к.*



ТҮР ЖӘНЕ ТАЛҒАМ: СЫН ЕСІМДЕРДІ ТЫҢДАЛЫМ АРҚЫЛЫ МЕНҒЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Тілді үйрену кезінде екі негізгі мақсат басшылыққа алынады: сол тілдегі сөздерді түсіну және оны айта білу. Кез келген тілді оқытудың негізгі бағыттары 4 дағдыны қамтиды:

- тыңдалым;
- айтылым;
- оқылым;
- жазылым


Тілді көбінесе оның лексикасы мен грамматикасын меңгертуден бастау – бұрыннан қолданыста жүрген әдістердің бірі, бірақ ол бірден сөйлеп кетуге кепілдік бола алмайды. Жаңадан үйреніп бастаған тілді меңгертуді тыңдалым дағдысын қалыптастырудан бастаған нәтижелі екендігіне әлемдік тәжірибелер арқылы көз жеткізуге болады. Өйткені өзге тілдегі сөзді есту арқылы қабылдау маңызды фактор болып табылады, себебі адам жазғаннан гөрі өзара жиі сөйлеседі және тыңдайды. Тіпті бала да жазу-сызуды білмей тұрып, ауызша сөйлей бастайды, яғни тілі ауызша шығады. Алайда тыңдау бар да, тыңдалым дағдысын қалыптастыру бар. Өйткені адам әуенді тыңдайды, бірақ оны ұққаны не ұқпағаны туралы ешкімге есеп бермеуі ықтимал. Ал тыңдалым белгілі бір мақсатқа құрылады да, қандай да бір жауапкершілік жүктейді. Адам өзіне қажетті ақпаратты табу үшін тыңдауы мүмкін, ол кезде естігенінің арасынан маңызды ақпаратты анықтауға, оны есінде сақтауға тырысатыны анық.

Тыңдау қарым-қатынастың негізін құрайды, ауызша қарым-қатынасты меңгеру де осыдан басталады. Ол қабылданған дыбыстарды саралау, оларды семантикалық кешендерге біріктіру және есте сақтау, қарым-қатынас

жағдайына сүйене отырып, қабылданған дыбыстық тізбекті түсіну қабілетінен тұрады. Тыңдалым көздері ретінде:

- аудиокітаптар мен диалогтер;
- әндер;
- сериалдар, ондағы кейіпкерлердің репликалары;
- адамдардың өзара сөйлесуі (әңгімесі) тыңдау, оны ұғыну;
- аудиотаспа тыңдап түсіну,
- теледидарлар арқылы берілетін түрлі бағдарламалар;
- подкастар дайындау немесе оларды тыңдау

МЫНА СУРЕТТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОРТАҚ ОЙ ҚАНДАЙ?



Тыңдалым – тілді оқытудың заманауи әдістемесіндегі ең өзекті тақырыптардың бірі, өйткені ауызша қарым-қатынас тыңдалымсыз мүмкін емес. Ол – есту арқылы қабылданатын сөйлеуді түсіну. Тыңдалым дыбыстық сөйлеуді мұқият тыңдауға, тұжырымның семантикалық мазмұнын болжай білу қабілетін қалыптастыруға және осылайша тыңдау мәдениетін шет тілінде ғана емес, ана тілінде де қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тыңдалым тіл үйренушіге не береді:

- қолданыстағы ауызекі сөйлеуді түсіну қабілетін дамытады;
- лексиканы тез есте сақтау ықтималдылығын арттырады;
- айтылым дағдысын жақсартады;
- тілдік ортаны сезінуге ықпал етеді.



Тыңдалым-айтылым, оқылым және жазылымнан гөрі қиын тіл үйрену дағдыларының бірі. Кез келген тыңдалым (лат. *audiare* - "есту") өте күрделі процесс. Тек тыңдауды ғана емес, сонымен қатар естуді үйрену оңай емес. Әдістемеде тыңдауды үйренудің екі жолы бар. Бірінші әдіс арнайы жаттығуларды орындау барысында тыңдалымды оқытуды ұсынады. Екінші әдіс ауызша сөйлесу барысындағы ақпаратты түсіну қажеттігін ұсынады. Тыңдалымды қай уақытта сабақ процесіне қосу керек деген мәселеге байланысты көптеген ғалымдар (Н.Д. Гальскова) А1, А2 деңгейінен бастап қолдана беруге болатындығын айтады.

Қазақ тілінде түр, түс, көлем, мөлшер, талғамға қатысты сөздерді, яғни сын есім категориясын меңгертудің өзіндік қиындықтары бар.

Себебі ол – зат есім категориясымен салыстыра қарағанда дерексіз ұғымды білдіретін сөздер. Сондықтан да оны меңгеру біршама күрделі.

Сол себепті де зат пен құбылыстың белгісі мен сыны және сипатын, түсін білдіретін әртүрлі сөздерді көрнекі әдіспен жеткізе түсіндіру тиімді болмақ.

Міне, осы жерде тыңдалым ұтымды әдіс болмақ. Ол үшін Назира Бурханованың авторлығымен түсірілген “Гүл сыйлау этикасы” атты бейнежазбаны тыңдатып (<https://www.youtube.com/watch?v=1aXBwK4-Sn8>), тапсырмалар орындатып көруге болады.

Біріншіден, бұл жерде сын есім сөздердің әртүрлі мағыналарын көру, есту арқылы түсінетін болса, екіншіден, сол сөздер арқылы табиғат құбылысын, адамның мінез-құлқын, сыр-сипатын кеңірек суреттеп, айтылатын ойды толық түсінеді.

Енді осы тыңдалымға байланысты мынадай тапсырмалар орындатуға болады:

Тыңдалым бойынша тапсырмалар.

1. Сурет пен айтылған ойды сәйкестендіріңіз.

- А) Әдемі ақ гүл сыйлады.
- В) Сүйіктісіне сары гүл сыйлады.
- С) Адамдар бір-біріне сезім білдіреді.
- Д) Гүл сыйлау ерте заманда қалыптасқан.

2. Әскерге кеткен адамға сыйланатын түсті атаңыз.

- А) Көк, себебі ол...
- В) Сары, өткені...



С) ҚЫЗҒЫЛТ.

Д) ҚЫЗЫЛ... ..

3 Тазалық пен жастықтың белгісін атаңыз.




Сын есімді басқа сөз таптарымен шатастырмай, тез айыра алатын және қолдануға дағдыландыру үшін тапсырма түрлерін түрлендіріп отырған абзал. Сондай-ақ, түр-түсті аудармасыз тыңдалым арқылы оқытуға байланысты басқа да бейнежазбаларды тыңдатуға болады:


1. «Өсімдіктердің түр-түске бөленуі» ертегісі https://docs.google.com/presentation/d/1j1KBBQ7Y2TBg0dr_5AW9SauLzmU4Eqm9ABMagEMY0V4/edit#slide=id.gc6f980f91_0_33https://www.youtube.com/watch?v=vLTbU8YDIrg

2. Знакомство с цветами на казахском языке <https://www.youtube.com/watch?v=vLTbU8YDIrg>

Тыңдаған сын есімдерін дұрыс қолдануға дағдыландыру да аса маңызды. Ол үшін бірінші кезекте қай зат есімдермен тіркесетінін беріп аламыз. Төмендегі кестеде «Үлкен» сөзінің тіркесім қабілеттілігі көрсетілген. Көк түспен көрсетілген зат есім сөздермен тіркесуі қиындық тудырмауы мүмкін, ал қызыл түспен берілген сөздердің тіркесуі және қолданысы бойынша біршама түсіндіру жұмыстары мен дағды қажет.



Енді, «үлкен адам» деген сөз тіркесінің қандай септікте келіп, қай етістікпен тіркесетінін де бірден меңгертетін болсақ, сөйлемді дұрыс құруға дағдыланбақ.



Келесі кезекте дұрыс сөйлем құрап үйренуге дағдыландыру үшін сөз таптарынан құралған кестені ұсынуға болады. Тіл үйренуші сөйлемдегі сөз таптарының немесе сөйлем мүшелерінің орын тәртібін бірден меңгереді де, оларды орынды қолдануға дағдыланады.

әке-шешем, дос, әріптес	қатты, қарт, шағын	кездесті, дауыс берді, билет сатты.
көрші, тағам, әріптес	ерекше, ұқыпты, жұмсақ	қоштасты, айтты, дайындады.
қаймақ, ірімшік, қарындас	қою, майлы, сабырлы	сатылды, қымбаттады, хабарласты.
жезде, шипажай, маусым	тілек айтты, серуендеп кетті, ашылды	құнды, жайлы, шыдамды.
бас, кірпік, жер үй	жазды, демалды, салынды	шексіз, ыңғайлы, тайғақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. https://ziatker.kz/ppt/keri_bailanys_885.html. Кері байланыс әдістері
2. <https://www.youtube.com/watch?v=1aXBwK4-Sn8> Назира Бурханова.

Сұхбат: «Гүл сыйлау этикасы»

3. Күзекова З.С., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш., Мамаева М.Қ. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы / Екінші басылым. – Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2017. – 72 бет

4. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О.. Қазақ тілі. Базалық деңгей Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016-320 бет. Қ 17 ISBN 978-601-7504-37-3

5. Гальскова Н.Д. Современная система обучения иностранным языкам: понятие и особенности //Иностранные языки в школе. – 2018. – №. 5. – С. 2-12.

ОРАЛ ЖАНАТОВ

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тілдерді оқыту орталығы
басшысының орынбасары*




МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ

Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша басылып шығарылған А1 қарапайым деңгейіне арналған оқулықта 12 лексикалық тақырып болса, соның төртіншісі «Мамандық» деп аталады. Оқулықта мамандық тақырыбы бойынша тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалай қалыптастыруға болады, қандай жаттығу түрлерін қолдану керек, қандай лексикалық, грамматикалық минимумдар қолдану керектігі жақсы, түсінікті тілмен жазылған. Бұл оқулықтың электронды нұсқасымен tilqural.kz сілтемесіне басып, толығырақ таныса аласыздар.

Менің мақсатым сіздерді қазақ тілін нәтижелі, әрі тиімді оқытуға болатын өз тәжірибемдегі әдіс-тәсілдермен таныстыру. Сол әдіс-тәсілдерді «Менің мамандығым» тақырыбының төңірегіне топтастыру.

Бүгінгі күні қазақ тілін үйренгісі келетіндердің саны артып келе жатқандығы қуантады. Негізі қазақ тілін жаттықтырушы жалдап, жеке оқығаннан гөрі топпен бірге оқыған әлдеқайда тиімді. Бірақ топта ең кемінде 8, ең көбі 15 адам болғаны жөн. Егер топта тіл үйренушілердің саны аз болса, сөйлеу де азырақ болады, қайталау да аз болады, ақпаратпен алмасу да аз болады, ал тіл үйретуде ең керегі – көбірек сөйлету.

Экранға екі ғана әріп беріледі.



Қазіргі күні аудиалдарға қарағанда, визуалдар көп. Яғни, құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көргенді естерінде жақсы сақтайды. Сондықтан тіл үйренушілерге материалдарды слайд түрінде ұсынғанда көзге тартымды болатындай, визуалды түрде есте сақталып қалатындай ашық түсті бояулармен жазамын. Менің мақсатым осы екі әріптің ғана көмегімен зат менікі болса, сөз соңында **-м**, ал егер сенікі болса, сөз соңында **-ң** естілу керек екендігін тіл үйренушілерге жеңіл түрде түсіндіру.

Мысалы: *атам, әкем, қолым, көзім, атым, жасым, ұлым, мамандығым.*

Яғни, зат маған тиесілі болса, сөз соңында **«М»** дыбысы құлаққа анық естілуі керек екендігін түсіндірсем жеткілікті. Бұл әдіс әрі ұтымды, әрі нәтижелі, әрі тіл үйренушілерге өте жеңіл.

Ал егер мен «Сөз дауысты дыбысқа аяқталса **«-м»** жалғауы жалғанады. Сөз дауыссыз дыбысқа аяқталса **«-ым/-ім»** жалғаулары жалғанады. **«-ым»** жуан сөздерден кейін, **«-ім»** жіңішке сөздерден кейін жалғанады», - деп созбалақтасам, өзге ұлт өкілдеріне бастапқыда мұны қабылдау қиын болады.

Орыс тілінде заттың біреуге тиесілі екендігін білдіру үшін міндетті түрде *мой, моя, твой, твоя* есімдіктері қажет, ал қазақ тілінде есімдіктерсіз-ақ **-м** мен **-ң** жалғауларына қарап, заттың кімге тиесілі екендігін анықтауға болады.

Мақсат	Александр
	
▪ Сәлем.	▪ Сәлем.
▪ Атың кім?	▪ Атым Александр.
▪ Жасың нешеде?	▪ Жасым отыз бес.
▪ Ұлтың кім?	▪ Ұлым орыс.
▪ Мамандығың кім?	▪ Мамандығым инженер.

Әр сабақта шағын сұхбаттар беріледі. Бір сабақта бірнеше сұхбат үлгісі берілуі мүмкін. Тіл үйренушілер өзге тілде өздері туралы көбірек айтқанды ұнатады. Өздері туралы айтылған сөздер мен сөйлемдер естерінде жақсы сақталады. Бұл сұхбаттар күнделікті өмірден алынса, тіпті жақсы. Тіл үйренушілер жұп-жұбымен кезектесіп, сұхбатты бірнеше рет қайталайды.

Мақсат	Александр
▪ Сәлеметсіз бе!	▪ Сәлеметсіз бе!
▪ Атыңыз кім?	▪ Атым Александр.
▪ Жасыңыз нешеде?	▪ Жасым отыз бес.
▪ Ұлтыңыз кім?	▪ Ұлым орыс.
▪ Мамандығыңыз кім?	▪ Мамандығым инженер.
▪ Қайда жұмыс істейсіз?	▪ Мен зауытта жұмыс істеймін.
▪ Зауытта кім болып жұмыс істейсіз?	▪ Зауытта бас инженер болып жұмыс істеймін.

Тіл үйренушілер егер зат үшінші жаққа тиесілі болса, сөз соңында **-ы** дыбысы естілу керек екендігін біледі. Бұл жерде қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына жататындығын, жалғаулар жалғанғанда екі дауысты дыбыс қатар келмейтінін мысалдар келтіріп, ескертіп қоямын.

Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді

Его дедушка	ата+ы	ата+сы
Её бабушка	әже+і	әже+сі
Её мать	ана+ы	ана+сы
Его отец	әке+і	әке+сі

Мысалы: ата+ы деп айту өте қиын, ал ата+сы, әже+сі, ана+сы, әке+сі деп айтсақ, әдемі, әуезді естілетіндігін мысалдармен келтіремін.

Әр сабақта тіл үйренушілерді сұхбатқа белсене қатысуға тартамын. Сұхбат өздеріне таныс, алдыңғы өткен лексикалық тақырыптармен байланыстырылып жасалады. Берілген сұхбат естерінде қалу үшін бірнеше рет қайталанады. Бастапқы кезде сұхбат толықтай экранға шығып отырса, келесілерінде көп нүктенің орнына сөздерді өздері қою керек болады. Сұхбаттарды қайта-қайта қайталатып, жалықтырып алмау үшін дауыс ырғақтарын өзгертіп отыруды, түрлі образдарға енуді ұсынамын.

Мысалы:

- ашуланған ер адамның даусына салыңыз;
- ұялшақ адамның даусына салыңыз;

- жылап айтыңыз, күліп айтыңыз;
- кәрі адамның даусына салыңыз;
- еркелеген кішкентай баланың даусына салыңыз және т.б.

Sûraq	Jauap
▪ Жұбайыңыз бар ма?	▪ Иә, жұбайым бар.
▪ Жасы нешеде?	▪ ...
▪ Ұлты кім?	▪ ...
▪ Мамандығы кім?	▪ Мамандығы мұғалім.
▪ Қайда жұмыс істейді?	▪ Ол мектепте жұмыс істейді.
▪ Мектепте кім болып жұмыс істейді?	▪ Мектепте орыс тілі мұғалімі болып жұмыс істейді.

Бұл әрі ойын, әрі оқу әдісі. Тіл үйренушілер ойын кезінде қате айтып жатқандарына мән бермейді, яғни бойларынан қазір қате айтып қоямын-ау деген қорқыныш жойылады. Маған да ең керегі осы, қате айта ма, дұрыс айта ма, ең бастысы сөйлете беру. Қателер қайталау арқылы, өзгелерді тыңдау арқылы өздігінен кейін түзеледі.

Автоматты түрде айтып, тілдері әбден жаттыққаннан кейін ғана грамматикалық ережені беремін.

	Дауысты дыбыстан кейін		Дауыссыз дыбыстан кейін	
	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке
Менің	-м		-ым	-ім
Сенің	-ң		-ың	-ің
Сіздің	-ңыз	-ііз	-ыңыз	-іііз
Оның	-сы	-сі	-ы	-і

Ал егер бірінші грамматикалық ережені беретін болсам, олардың басында өз ойларын айту емес, мына кестені көз алдарына елестетіп, жалғаудың қай түрін жалғасам деген ой бірінші тұрады. Сондықтан грамматикалық ережені соңына қалдыруға тырысамын.

Сабақтың нәтижелі болуы мұғалімнің қолданатын әдіс-тәсілдеріне байланысты екені белгілі. Тарихқа үңілетін болсақ, ең көне әдіс – грамматикалық-аудармалық әдіс деп аталған. Атауы айтып тұрғандай мұғалім бірінші грамматикалық ережелерді түсіндіреді, оған бір-екі мысал келтіреді де, сол грамматикалық құрылымдарды жаттығулар арқылы бекітеді. Негізінен оқылым мен жазылымға басымдық танытып, мәтінді аударумен айналысады. Бұл әдістің тиімділігі шамалы екендігі елдер арасында сауда-саттық орнап, аудармашылар тапшы болған кезде байқалды. Тездетіп аудармашы мамандарды даярлайтын әдіс қажет болды. Ол әдісті ағылшын тілінің маманы Гарольд Пальмер ойлап тапты. Ол әдіс – тура әдіс деп аталды. Бұл әдіс грамматикалық аудармалық әдіске қарама-қайшы әдіс ретінде дүниеге келді. Бұл әдісте керісінше, бірінші орында тыңдау, сөйлеп жаттығу, содан кейін ғана грамматикалық тұжырым жасалды. Пальмердің пайымдауынша, кішкентай бала сөйлеп үйрену үшін әліпбидегі әріптерден бастамайды. Ол бірінші тыңдайды, кейін сөйлеушінің соңынан тілін сындырып, қайталауға тырысады. Қайта-қайта қайталау арқылы сөздер есінде сақталып қалады. Ересектерге де тілді үйретуде осы әдісті қолдануды ұсынды. Бұл әдісті қолданушылардың саны көп болды. Тура аталу себебі – ана тілі қолданылмады, бірден екінші тілде сөйлетіп үйретуімен ерекшеленді.

Бірақ, бұл екінші әдіс те тіл үйренушілердің бәріне бірдей жарамады. Қазақша түсінбейтін ересек өзге ұлт өкілдеріне тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастырады деп сабақты тек қана қазақ тілінде жүргізу ауыз толтырып айтарлық нәтиже бермеді.

Бірақ бірінші әдіске қарағанда тура әдіс тиімді екендігі анық еді. Ал тура әдісті қолдану үшін ең алдымен тіл үйренушінің деңгейін базалық деңгейге көтеру керек болды. Енді тіл үйренушінің деңгейін базалық деңгейге қалай көтеруге болады, соған назар аударайық.

Сөйлемде негізгі ойды тиянақтайтын бастауыш пен баяндауыш.

Бұл жерде баяндауышты етістік ретінде айтып отырмын. Еуропа тілдерінде бастауыш пен баяндауыш негізінен сөйлемнің басында айтылады да, сөйлеушінің не айтайын деп жатқандығы бірден түсінікті болады. Содан кейін ғана ол өз сөйлемін толықтырады, пысықтайды. Ал қазақ тілінде бастауыш басында тұрғанымен негізгі ойды тиянақтайтын баяндауыш сөйлемнің соңында қалады. Сондықтан сөйлеуші нені толықтырып, нені пысықтап жатқаны баяндауышты айтпай түсініксіз болады. Қазақ тілін меңгерудің басты қиыншылығы осында. Сондықтан бастапқы кезде тіл үйренушілермен сөйлем құру барысында анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштың бәрін алып тастап, тек қана бастауыш пен баяндауышты қалдырамын. Бұл үшін

Мәскеу университетінің профессоры Дмитрий Петровтың әдісін қолданамын.

	жауап <i>ответ</i>		сұрақ <i>вопрос</i>
	келісу <i>утверждение</i>	келіспеу <i>отрицание</i>	
осы шақ <i>настоящее время</i>	1	2	3
келер шақ <i>будущее время</i>	4	5	6
өткен шақ <i>прошедшее время</i>	7	8	9

Бұл әдіс бойынша тіл үйренуші сөйлем құрар алдында өзіне екі сұрақ қояды:

1. Менің айтайын деген ойым қай шақта болады: осы, келер әлде өткен шақта;
2. Айтылымның қай түрін қолданамын: келісемін бе, келіспеймін бе, әлде сұрақ қоямын ба.

Бірінші кезекте тіл үйренушілерді кестемен дұрыс жұмыс істеуді үйретіп аламын. Ол үшін мына сөйлемдердің қасына сандарды жазып қоямын. Тіл үйренушілердің мақсаты басқа емес, неге дәл осы сан жазылғанын түсіндіру.

Ол жазбайды.	5
Мен жазып отырмын.	1
Ол жазды ма?	9
Сен жазбадың.	8
Мен жаздым.	7
Сіз жазасыз ба?	6
Ол жазып отырған жоқ.	2

Бұл кестемен жұмыс істеп үйренгеннен кейін тіл үйренушілерге етістіктің базалық кестесі таратылады.

	Келісу (утверждение)	Сұрақ (вопрос)	Келіспеу (отрицание)
Осы шақ Настоящее время	Мен ... - мын / - мін Сен ... - сың / - сің Сіз ... - сыз / - сіз Ол ... - *	ма? ме?	Мен ... - пын Сен ... - сың Сіз ... - сыз Ол ... - *
Келер шақ Будущее время	Мен ... - мын / - мін Сен ... - сың / - сің Сіз ... - сыз / - сіз Ол ... - ды / - ді	ба? бе?	Мен ... - мын / - мін Сен ... - сың / - сің Сіз ... - сыз / - сіз Ол ... - ды / - ді
Өткен шақ Прошедшее время	Мен ... - м Сен ... - ң Сіз ... - ңыз / - ңіз Ол ... - *	па? пе?	Мен ... - м Сен ... - ң Сіз ... - ңыз / - ңыз (- ңіз) Ол ... - *

Мектепте жыл бойы оқытылатын грамматикалық ережелер осы кестеге топтастырылды. Бұл кестені жаттап алған тіл үйренуші қазақ тілінің жартысын меңгеріп алды деп айтуға болады. Өйткені етістіктің базалық кестесі арқылы тілді оқушы

1. етістіктің үш жағын қолдануды;
2. жіктік жалғауларды дұрыс жалғауды;
3. етістіктің болымсыз түрін жасауды;
4. сұраулық демеуліктер қолдануды;
5. жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды орынды пайдалануды және ең бастысы сұрақ қоюды, оған дұрыс жауап беруді үйренеді.

Математика сабағында көбейту кестесін жаттап алған сияқты бұл кестені де жаттап алу үшін бір апта жеткілікті. Дмитрий Петровтың айтуы бойынша, тілді меңгеру дегеніміз – ол жартылай математика, жартылай психология. Математика – өйткені берілген кестені, берілген қосымша алгоритмдерді жаттап алып, айтылым дағдысына айналдыру. Психология – өйткені ішкі қорқынышты, өзіне деген сенімсіздікті жою. Етістіктің базалық кестесін жаттап алған тіл үйренушінің бойында сенім артады. Ал, сенім артқан кезде қорқыныш өздігінен жойылады.

Етістіктің базалық кестесінде жиі қолданылатын 4 қана етістік берілген (*отыр, тұр, жүр, жатыр*). Осы сөздермен жұмыс істеп үйренгеннен кейін, етістіктердің 98 пайызы осы шақта **-п** (-ып/-іп) қосымшасы арқылы жасалатынын, ал *бар, кел, апар, әкел* етістіктері осы шақта **-а/-е** қосымшалары арқылы жасалатындығын келесі сабақтарда айту керек болады.

Адам күнделікті өмірінде 50-60 етістікті ғана қолданатындығы белгілі.

Сондықтан әр сабақта жаңа етістіктерді осы кестеге салып, айналдырып айтқыза беремін. Тіл үйренуші осылайша тілді меңгеруде нәтижеге тезірек қол жеткізеді.

Біздің бір кемшілігіміз өзге ұлт өкілдерін қазақ тіліне үйреткенде бірінші сабақтан бастап басы артық сөздерді көп қолданамыз. Ол сөздер бізге түсінікті болғанымен өзге ұлт өкіліне ауыр тиеді. Өзін бір қалың орманның арасында адасып кеткендей сезінеді. Бойында қорқыныш, үрей пайда болады. Осы үрейді, осы қорқынышты тіл үйренушінің бойынан сейілтпей, тілге үйрету мүмкін емес. «Чтобы выучить язык, нужно отсечь всё лишнее» деп кезінде Назаров дұрыс айтты ғой деп ойлаймын.

Менің мамандығым тақырыбына түрлі сұхбаттар құру үшін 5-6 етістік жеткілікті.

жазу	писать
оқыту	учить
жүргізу	водить
сату	продавать
өрт сөндіру	тушить огонь
зерттеу	исследовать

Енді осы етістіктерге сөз тудырушы **-шы / -ші** жұрнақтарын жалғатамын.

жазу	-шы -ші	
оқыту		
жүргізу		
сату		

өрт сөндіру	-шы -ші	
зерттеу		

Қай уақытта жуан және қай уақытта жіңішке қосымша жалғанатындығын алдыңғы сабақтарда дауысты дыбыстарды екі командаға бөліп үйреткен болатынмын.

Жуан дыбыстарды айтқан кезде тілдің артқа жылжитынын, ал жіңішке дыбыстарды айтқан кезде тілдің ұшы астыңғы тіске барып тірелетіндігін айнаға қаратып, дәлелін келтірген болатынбыз.

Етістіктің базалық кестесін жаттап алған тіл үйренушіге сөйлем құру барысында жіктік жалғауларын қолдану әлдеқайда жеңіл, өйткені олар етістіктерге ғана емес, зат есімдерге де жалғанады.

Ол отыр.	Мен отырмын.	Сен отырсың.	Сіз отырсыз.
<i>Ол жазушы.</i>	жазушымын	жазушысың	жазушысыз
<i>Ол оқытушы.</i>	...	...	...
<i>Ол жүргізуші.</i>	...	...	...
<i>Ол сатушы.</i>	...	...	...
<i>Ол өрт сөндіруші.</i>	...	...	...
<i>Ол зерттеуші.</i>	...	...	...

Басты мақсатым көбірек сөйлету керек екенін естен шығармаймын.

	
<i>Алло, бұл өрт сөндіру бөлімі ме?</i>	<i>Алло, иә, өрт сөндіру бөлімі.</i>
<i>Дүкен өрттеніп жатыр.</i>	<i>Мекенжайды айтыңыз.</i>
<i>Әуезов көшесі, 57</i>	<i>Сіз күзетшісіз бе?</i>
<i>Жоқ, мен күзетші емеспін, сатушымын.</i>	<i>Қазір келеміз.</i>

Сөйлеушінің сұрағына келіскен кезде «иә» деп жауап берсек, келіспеген жағдайда «жоқ» немесе «емес» сөздері қолданылатындығы кесте арқылы көрсетіледі.

Сұрақ	Жауап	
	Келісу (болымды)	Келіспеу (болымсыз)
Сіз жазушысыз ба?	Иә, мен жазушымын.	Жоқ, мен жазушы емеспін, мен дәрігермін.
Сіз оқытушысыз ба?	...	...
Сіз жүргізушісіз бе?	...	...
Сіз сатушысыз ба?	...	...
Сіз өрт сөндірушісіз бе?	...	...
Сіз зерттеушісіз бе?		

Әр сабақта **ма, ме, ба, бе, па, пе** сұраулық демеуліктері келер шақта қолданылған уақытта үшінші жақтың қосымшалары **ды/-ді, -ты/-ті** түсіп қалатындығын естеріне салып отырамын.

Ол жаза ды ма?	Ол жаза ма?
Ол оқыта ды ма?	Ол оқыта ма?
Ол жүргізе ді ме?	Ол жүргізе ме?
Ол зерттей ді ме?	Ол зерттей ме?
Ол сата ды ма?	Ол сата ма?
Ол өрт сөндір ді ме?	Ол өрт сөндіре ме?

Осы бір ереже естерінде сақталса, кім не істей алады? деген сұраққа тақтада берілген алгоритм арқылы тіл үйренушілер жеңіл жауап бере алады.

етістік	а/е/й	алу
---------	--------------	-----

Кім не істей алады?

Жазушы	не істей алады?	Жазушы жаза алады.
Оқытушы		...
Жүргізуші		...
Зерттеуші		...

Сатушы	не істей алады?	...
Өрт сөндіруші		...

Келесі сұхбатты оқық.

	
Алло, сәлеметсіз бе!	Сәлеметсіз бе!
Сіз такси жүргізушісіз бе?	Иә, жүргізушімін.
Қазір келе аласыз ба?	Сіз қазір қайда тұрсыз?
Қазір мен Назарбаев көшесінде тұрмын	Сіз қайдан қайда барасыз?
Мен зертханадан университетке барамын.	Сіз қайда жұмыс істейсіз?
Мен зертханада жұмыс істеймін.	Зертханада кім болып жұмыс істейсіз?
Зертханада зерттеуші болып жұмыс істеймін.	Аа, жақсы, қазір келемін.
Төлемақысы қанша болады?	Төлемақысы 550 теңге болады.


Ауызекі сөйлеу барысында кім қайда тұр, қайдан келе жатыр, қайда бара жатқандығы жиі қолданылады. Сондықтан септіктерді мектептегідей жеке-жеке оқытпай, топтап салыстырмалы түрде бірден беру тиімдірек.

Сіз қайда жұмыс істейсіз?	Мен мектеп те жұмыс істеймін.
Сіз қайдан келе жатырсыз?	Мен мектеп тен келе жатырмын.
Сіз қайда бара жатырсыз?	Мен мектеп ке бара жатырмын.

емхана
дүкен
зертхана
қала
ауыл

Кері байланыс болсын, сіздерген мынадай тапсырма. Берілген алгоритим-

дерді қолданып, жазушы мен оқытушы, жүргізуші мен зерттеуші немесе сатушы мен өрт сөндіруші арасында диалог құрыңыз.




Ал енді менің тобымдағы тіл үйренушілердің сұхбатын оқып көрейік.

Сізбен танысуға бола ма?	Иә, болады.
Атыңыз кім?	Атым – Светлана. Ал сіздің есіміңіз қалай?
Менің есімім Сергей.	Танысқанымға қуаныштымын.
Ертең қайда барасыз?	Ертең маған мектепке бару керек .
Ал мен ертең театрға бар ғым келеді .	Сіз театрда жұмыс істейсіз бе?
Жоқ, мен редакцияда жұмыс істеймін.	Редактор болып жұмыс істейсіз бе?
Жоқ, редактор емес, жазушы болып жұмыс істеймін.	Ал мен мектепте орыс тілі мұғалімі болып жұмыс істеймін.
Театрға бар ғыңыз келе ме?	Иә, бар ғым келеді .

Алдыңғы сабақтармен салыстыратын болсақ, әр сабақ сайын тіл үйренушілердің қолданып жатқан сөздерінің саны артып, сөйлем құрылымы да ұлғайып жатқандығын байқауға болады.

Maqsat	Александр
	
• Сәлем.	• Сәлем.
• Атың кім?	• Атым Александр.
• Жасың нешеде?	• Жасым отыз бесіте.
• Ұлтың кім?	• Ұлым орыс.
• Мамандығың кім?	Мамандығым инженер.

	
-Сәлеметсіз бе!	-Сәлеметсіз бе!
-Атыңыз кім?	-Атым – Александр.
-Жасыңыз нешеде?	-Жасым отыз бесіте.
-Ұлтыңыз кім?	-Ұлым – орыс.
-Сіз оқытушысыз ба?	-Жоқ, оқытушы емеспін, мен инженермін.
-Қайда жұмыс істейсіз?	-Зауытта жұмыс істеймін.
-Жұбайыңыз бар ма?	-Иә, жұбайым бар?
-Ол қайда жұмыс істейді?	-Ол мектепте жұмыс істейді.
-Ол кім болып жұмыс істейді?	-Ол мұғалім болып жұмыс істейді.
-Қызыңыз бар ма?	-Қызым жоқ, ұлым бар.
-Ұлыңыз не істей алады?	-Ұлым көлік жүргізе алады.
-Көлікті жақсы жүргізе ме?	-Иә, көлікті жақсы жүргізеді.
-Сізден сұрауға бол ма?	Иә, әрине болады.
-Ұлыңыз қайда жұмыс істегісі келеді?	-Ұлым әкімдікте жұмыс істегісі келеді.

40 минуттан екі сабақ өтті дейік.

+		?	-	
Мен ...			Мен..	
Сен ...	- п	жатыр отыр жүр тұр	Сен ...	- п
Сіз ...	- ып		Сіз ...	- ып
Ол ...	- іп		Ол ...	- іп
		ба? бе?		жатқан жоқ отырған жоқ тұрған жоқ жүрген жоқ
				- пын - сың - сыз - ...

Мен ...			ма?	Мен ...	- ма		- мын / - мін
Сен ...	- а / - е	- мын / - мін	ме?	Сен ...	- ме	- й	- сың / - сің
Сіз ...	- й	- сыз / - сіз		Сіз ...	- ба		- сыз / - сіз
Ол ...		- ды / - ді	па? пе?	Ол ...	- бе		- ды / - ді
					- па - пе		

Мен ...			Мен ...	- ма		- м
Сен ...	- ды / - ді	- м	Сен ...	- ме	- ды - ді	- ң
Сіз ...	- ты / - ті	- ңыз / - ңіз	Сіз ...	- ба		- ңыз / - ңіз
Ол ...		- ...	Ол ...	- бе		- ...
				- па - пе		

Осы екі сабақ көлемінде тіл үйренуші 14-16 сөз жаттай алады. Сөздердің саны 14-16 ғана болғанымен базалық кестенің көмегімен түрлі формада жүздеген комбинация құруға болады. Ал біз сіздермен жарты сағат ішінде алты ғана етістікпен жұмыс істедік.

Мысалы:

Мен жазып отырмын.	Мен оқып отырған жоқпын.
Сен өрт сөндіресің бе?	Сен зерттемейсің.
Сіз жүргіздіңіз.	Сіз сатпадыңыз.
Ол сатты.	Ол жазбайды.

Енді осыларды анықтауыш, пысықтауыштармен толықтыру ғана қалды. Міне, өзге ұлт өкілдеріне немесе өзіміздің қара көздерімізге қазақ тілін оқытудың тиімді жолы да, басты құрылымы да осы - етістіктің базалық кестесінде жатыр.

Әлемдік лингвист Стивен Крашениң айтуы бойынша, тілді меңгеру үшін сол тілдегі хабарды қабылдап үйрену керек. Сонда басты процесс – тілді қабылдай білу. Бұл тұрғыда ең тиімді әдіс – үйреніп жатқан тілде субтитрлері бар фильм көру. Бұл дағды қайталанып тұрса, тілді меңгеру 17 пайызға көтеріледі екен. Ал егер субтитрлер ана тілінде, яғни өзіне түсінікті тілде болса, тілді меңгеру нөл пайызға пара-пар. Өйткені адамның миы автоматты түрде өзіне жеңіл тұстарды қарастырады. Егер жазылып жатқан сөздер түсінікті болса, айтылып жатқан сөздерге мән бермейді.

Соңғы жылдары сабақ барысында караоке қосып, қазақша ән салуды жақсы бір дағдыға айналдырдық. Өйткені:

1. Тіл үйренушілердің барлығы дерлік музыканы жақсы көреді.
2. Аудиториядағы музыка – сабақты түрлендірудің және жағымды көңіл-күй қалыптастырудың бір жолы.
3. Тіл үйренушілердің өздерін еркін ұстап, қатысымға түсуге ынталары артады.
4. Ән мәтініндегі сөздердің бірнеше рет қайталануы жаңа сөздердің, сөз тіркестерінің еріксіз тез есте қалуына мүмкіндік береді.

5. Тіл үйренушілер қазақ тілінің мәдениетімен танысады және соның негізінде сұхбатқа түсуге қызықты тақырыптар анықталады.

«Менің мамандығым» тақырыбына әр оқытушы сабақ жоспарын жаза алады ғой деп ойлаймын. Сондықтан негізгі ойды сабақ жоспарына емес, қазақ тілін нәтижелі, әрі тиімді оқытуға болатын өз тәжірибемдегі әдіс-тәсілдерді көрсетуді басшылыққа алдым. Сонымен бүгін нені қарастырдық:

1. Грамматикалық ережелерді қолданудың жеңілдетілген түрлері көрсетілді;
2. Грамматикалық-аудармалық әдіс пен тура әдістің айырмашылығы және тиімді әдіске көшу жолы мысалдармен берілді;
3. Етістіктің базалық кестесін ұтымды қолдану және оның тиімділігі жайында айтылды;
4. Жазылым мен оқылым дағдыларынан гөрі тыңдалым мен айтылымға басымдық таныту жөнінде сөз қозғалды;
5. Тілді меңгеру үшін тілді қабылдай білу туралы қысқаша мағлұмат берілді.

Мемлекеттік тілді меңгертуде барлығымыз белсенді болайық, назарларыңызға рақмет!



ЖҰПАР ЖАҚАНОВА

*Қарағанды облысы тілдерді дамыту
жөніндегі басқармасы жанындағы
Ресурстық тіл орталығының
бөлім меңгерушісі, п.ғ.м.*

ТІЛДІ КӘСІБИ САЛАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

«Қазақ жазуын жаңғыртудың әлеуметтік тілтанымдық негіздері: тілдік жағдаят және тәуекелдерді басқару» атты әлеуметтік зерттеу бағытындағы монографиясында А.Фазылжанова тарапынан Қазақстандағы тілдік жағдаятқа әлеуметтік тілтанымдық талдау жасалады, мәселелерді шешу жолдары ұсынылады. Қазақ тілінің қазіргі лексикалық қорына талдау жасай келіп, өзекті мәселе ретінде ғылыми, саяси, педагогикалық, дипломатиялық, жарнамалық дискурстарда, туристік, ақпараттық-технологиялық, діни, спорттық, іскерлік және т.б. салалардағы лексика-фразеологиялық бірліктердің қолданысына арналған қызықты құралдар, анықтағыштарға сұраныс жоғары екенін алға тартады. Бұдан түйгеніміз, егер аталған салалар бойынша салалық лексиканы қазақ тілінде қалыптастыруға негіз болатын өнімдерге деген сұраныс күшті болса, тіл үйренушілерге арналған қазақ тілі курстарының мазмұнын жаңартуды қолға алған дұрыс. Сондай-ақ ғалым терминология саласының әлеуеті осы сұранысты қанағаттандыруға негіз болатындай деңгейде көтеріліп келе жатқанын айтады. Аталған еңбекте осы уақытқа дейін білім мен өндіріс саласы бойынша 270-тен астам терминологиялық сөздік жарық көргені көрсетілген.

Ғалым мемлекеттік тілдің қолданыс аясын арттыру бағытындағы көптеген мәселелерге тоқталып, сараптама жасай келе, біз көтеріп отырған мәселенің шешімі болатындай бірнеше жолды ұсынады. Соның ең негізгісі ретінде екеуін атап кетуге болады:

1. Қазақ терминологиялық лексикасының корпусын құру;
2. Филологиялық білім беруді жаңғыртып, ЖОО филология факультеті дайындайтын мамандықтар тізімін Ресей тәжірибесін үлгіге алып қоғам

сұранысына қарай арнайы тарбейімді мамандықтармен толықтыру керек: филолог-экономист, филолог-менеджер, филолог-жарнама менеджері, филолог-логопед, филолог-копирайтер, филолог-спичрайтер, филолог-заңгер т.б.

Негізі, түрлі бағытта, түрлі мәселелерге қатысты әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі. Алайда зерттеу қорытындысы мен кейінгі әрекет бір-бірімен ұштаса бермейді. Тілді оқытуға байланысты да солай. Мәселен, біз сүйеніп отырған монографияда сала-сала бойынша тілдің жай-күйі, қолданыс аясының деңгейі, сұраныстың болу-болмауы, белгілі бір сала бойынша тілдің өз деңгейінде қолданылатын-қолданылмайтындығы, сұраныс бола қалғанда, жалпы, тілімізді дамытуға қажетті қадамдар мен алғышарттар, мемлекеттік ұйымдардағы қазақ тілін білу деңгейін арттыру және оны бағалау жүйесін жетілдіру жолдары жүйелі көрсетілген. Ең бастысы, мемлекеттік тілді оқытуды кәсіби салаға және жазбаша әрі ауызша тіл мәдениетін көтеруге бағыттап оқытуға мән беру керектігі айтылған.

Әрине, бұл айтылғандардың көбі жаңалық емес те шығар. Алайда, әр нәрсенің ғылыми негізі болатынын ескерсек, нақтылы әлеуметтік талдау қорытындысы осыны көрсетіп отыр.

Енді, мәселенің әдістемелік жағына келетін болсақ, тіл үйренушілерге кәсіби лексиканы меңгерту мәселесі дәл қазіргі уақытта қаншалықты жүзеге асырылып жатқанына байланысты бізде нақты талдау жоқ. ЖОО-ларда кәсіби қазақ тілі оқытылатынын білеміз. ЖОО қабырғасынан шыққан дипломды маман үшін тілді өз саласына қарай сала бойынша ауызша, жазбаша тілдік қатысымға сай үйреніп шығуға қажетті дайындық, база жоқ. Бұл республика бойынша үлкен мәселеге айналып отыр. Әрине, жекелеген өңірлерде бастамалар бар, қозғалыс бар. Мәселен, Қарағанды облысында бұрынғы «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешені авторлары тарапынан 2010 жылы Медицина саласына арналған жұмыс дәптері әзірленсе, биылғы 2021 жылы Қарағанды облыстық сотының тапсырмасы бойынша Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы тарапынан А1 және А2 деңгейі бойынша соттарға арналған кәсіби сала оқу құралы әзірленді. Сондай-ақ мәселенің әдістемелік жағын ғылыми тұрғыдан зерделеу мақсатында Ресурстық тіл орталығы тарапынан ф.ғ.д., профессор, әдіскер-ғалым З.Күзекованың қатысуымен «Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту мәселелері» тақырыбында республикалық семинар ұйымдастырылып, дипломатия саласында кәсіби қазақ тілін оқытудың әдістемелік мәселелері ортаға салынды.

Аталған мәселеге қатысты биылғы жылы 24 сағаттық қысқамерзімді курс бағдарламасы әзірленіп, өңірлердегі оқыту орталықтарына таратылды. Бұл бағдарлама:

- мамандардың өздері қызмет ететін мекемелерде қазақша қарым-қатынасқа түсе алуын;

- қарапайым хабарландырулар, жарнама, нұсқаулықты түсініп оқи алуын;

- өз мамандығына қатысты терминдерді түсініп, қолданысқа енгізе білуін;

- жиналыстарда, мәжілістерде қысқаша әрі нақты ақпарат бере алуын;

- қызмет бабында есептер бере алуын;

- әріптестерімен кездескенде жұмысына қатысты қысқа әрі нұсқа сөйлесе алуын;

- өзі қызмет ететін салаға қатысты теледидар мен радио хабарларын, газет-журналдағы қысқаша ақпаратты түсіне алуы және екінші бір адамға жеткізе алуын көздей отырып, әзірленді.

Кәсіби салаға бағыттап оқытуды қолға алу үшін ғылыми негізде әдістемелік тұрғыдан жүйелеп алып, мәселенің шешімін табуымыз керек. Осы орайда мына мәселелерге назар аударған дұрыс:

1) Нақты қай саланы оқытуға сұраныс көп екендігін анықтау;

2) Салаға бағыттап оқытудың қай деңгейіне сұраныс бар екені;

3) Салаға бағыттап оқыту бағдарламасын әзірлеу;

4) Оқытуды жүзеге асыруға қажетті әдістемелік өнімдер әзірлеу (оқу-әдістемелік кешен, салалық сөздіктер т.б.)

5) Курсты жүргізетін оқытушыны дайындау.

Қазақ тілін мамандыққа, кәсіпке қатысты оқыту мәселесіне байланысты әдістемелік өнімдер ішінара жарық көргенмен, жүйелі оқу-әдістемелік кешендер толыққанды құрастырылды деп айта алмаймыз. Осыдан келіп қазақ тілін оқыту ісінде жаңа міндеттер туындайтыны белгілі. Ол міндеттер сан алуан болғанмен, кәсіби қазақ тілінде сөйлеп, жаза алатын, сөздік қорында кәсіби лексика қамтылған, өз саласына қатысты сөйлеу әрекеттерін меңгерген тыңдаушы дайындау күн тәртібінде тұр.

Кәсіби салаға бағыттап оқытуда көзделетін негізгі мақсатқа тоқталатын болсақ, ең негізгісі мамандардың өздері қызмет ететін мекемелерде өз лауазымына сай ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсе алуы екені белгілі.

Тыңдаушыларға мемлекеттік тілді меңгерту сапасын арттырудың бір жолы – олардың сөздік қорын кәсіби терминдер арқылы жетілдіріп, сөйлесім әрекетінде орынды қолдануға төселдіру. Тыңдаушылардың сөздік қорының кәсіби лексикамен толығыуы олардың ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениетін жетілдірудің тетігі болып саналады. Сөздерді жүйелі пайдалану ойлауға, тілдік талғамын қалыптастыруға ықпал ете отырып, олардың кәсіби тілмен сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік тілді кәсіби бағытта оқытқанда кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары маманды

дайындауға мүмкіндік туады. Нәтижесінде тыңдаушының кәсіби құзіреттілігі қалыптасады.

Мемлекеттік тілді оқыту курстарында оқытушының іс-әрекеті де жоспарланады. Алғашқы қадам салалық терминдер мен жаңа сөздерді үйретуден басталады. Сөйлесім әрекеттерінің толық жүзеге асуы үшін тіл үйренушіге жаңа сөздерді үйрену қажеттілігі туындайды. Осы арада салалық терминдердің өзі тіл үйренуші ғана емес, оқытушы үшін де жаңа сөз болатынын ескертеміз. Жаңа сөз үйрету – мемлекеттік тілді белгілі бір салаға қатысты жетік меңгертіп, тіл үйренушінің тілдесім қабілетін арттырудың маңызды жолы. Лексикалық минимум жеткілікті жинақталмайынша, тіл үйренуші тілді тұтынушы деңгейіне көтеріле алмайды. Сөздік қорды байыту үшін үнемі түрлі жұмыстар жүргізіліп отырады. Ол тіл үйренушінің қоғамда болып жатқан түрлі жаңалықтардан бейтарап қалмай, қызмет бабында әріптестерімен қазақша кәсіби қарым-қатынасқа түсіп, белсенді сөйлеуші деңгейіне көтерілуі үшін қажет.

Басты назарда ұстайтын жайт мынау – қазақ тілі сабақтарында белгілі бір оқу құралымен ғана шектеліп қалу жеткіліксіз. Күнделікті жаңалықтардың дереккөзі, негізінен, ақпарат құралдарында болғандықтан, әр сабақта тыңдаушының газет-журнал оқып жаттыққаны нәтижелі болады.

Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа сөз үйрету, көбіне, кәсіби мәтіндерді үйрету арқылы жүзеге асады. Қазақ тілін мамандыққа ұштастыра оқытуда кәсіби сөздік қор мен мамандыққа байланысты мәтіндердің алатын орны ерекше. Ондай мәтіндермен жұмыс істеу барысында қол жеткізер нәтиже:

- мамандық мәтіндерінің мазмұнын түсініп әңгімелеу барысында тіл үйренушінің қазақша сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- мамандық мәтіндері арқылы тіл үйренушінің жазбаша сауаты жетіледі.

Кәсіби мәтінмен жұмыс жүргізу барысында тіл үйренуші мамандығына сәйкес терминдермен, кәсіби ұғымдармен жұмыс істеуге, мамандыққа байланысты ой-пікірін қазақша еркін жеткізуге үйренеді.

Қазақша еркін сөйлей алуы үшін кәсіби мәтіндерге кәсіби-жағдаяттық жаттығулар қоса берілгенде тыңдаушы оны тез қабылдайды. Жалпы, қазақ тілі сабақтарында тыңдаушыны кәсіби салаға бағыттап оқытқанда салаға байланысты тілдік қатысым қалыптастыру үшін материалдарды жан-жақты берген дұрыс. Терминдер мен ісқағаздары өз алдына, газет-журнал материалы, теледидар тыңдату, жиналыстардың аудио-бейнематериалдары т.б. кеңінен қолданса, үйренушінің құлағы да, көзі де қанығып, дағды қалыптасады. Сонымен, қазіргі тіл үйрету үдерісінде жалпылама оқытқаннан гөрі кәсіби салаға бағыттап оқыту арқылы тыңдаушы қызығушылығын арттыруға болады. Өйткені үйренуге қажеттілік болса, кім де болсын тіл үйренуге дайын болмақ.

«У» МЕН «Й»

Елдес Омаров
1924 ж.

Жазу ережелері тақырыпты таластың мықтысы «у» мен «й»-да. Кәзіргі ережелерді қиынсынатын жұрттың көбі осы «у» мен «й»-ды айтып дауласады. Оқу, құу, асу, сұу, жату, тұу деген сөздердің аяғында естілетін дыбыстардың бірінен-бірінің еш басқалығы жоқ сықылды. Сүйте тұрып «оқу»-дың аяғындағы дыбысты жалғыз «у» мен белгілеп, «құу»-дың аяғындағы сонымен бірдей естілетін дыбысты «қу» деп жазу біртүрлі түсініксіз көрінеді.

Басқа тілдерде біздің «қу»-ымыз сықылды дауысты дыбыс бар. Бізден басқа жұрт ол дыбысты жалғыз дыбыс деп біліп, оның өзіне арнап дербес әріп шығарған. Біздің «қу»-ымызды да сондай бір дыбыс деп, өз алдына бір әріппен белгілеуіміз керек еді. Біз оны бір дыбыс емес, екі дыбыс деп, екі әріппен жазамыз, «қу» дейміз. Кейде «оқу», «жату» деген сөздерде де жалғыз «у»-мен де жазып жібереміз.

Жұрттың көбі бұған қарсы: «Бір дыбысты екі түрлі жазу – үлкен кемшілік. Жазуды жеңілдету үшін «оқу» мен «құу»-дағы «у»-ларды екі түрлі қылып жазбай, екеуін бірдей қылып жазу керек. «Құу»-ды да, «оқу»-ға ұсатып «қу» деп жазу керек. «У» – жарты дауысты, «тау», «бау» деген сөздерде келетін дыбыстың белгісі десек, ұзын естілетін дауысты «у»-ға жаңадан әріп шығару керек» - деседі.

Жарайды, солай-ақ болсын, қазақ тілінде де ұзын айтылатын дауысты «у» бар дейік, оған өз алдына бір әріп шығарайық, уақытша оның орнына басқа бір әріп, мәселен «э» (о)-ны жазып көрейік. «У»-ды екеу, «әуез»-дерде келетін жарты дауысты «у» дей тұрайық.

Сонда кәзірде «қабу», «қажу», «бұу», «жұу» деп жазылатын сөздерді «қабу», қажу», «бу», «жу» деп жазар едік. Ұзын «у»-дың жазылуы да, айтылуы сықылды, түрлі болмас еді.

Қазақ тілінде «тауқ», «әуез», «жұуан», «ұуақ» сықылды жарты дауысты «у»-ы дауысты екі дыбыстың ортасында келетін сөздер бар. Бұлар «тауқ», «ә-уез», «жұ-уан», «ұ-уақ» болып буындалады. «Жұуан», «ұзақ» деген сөздерде келетін «ұу»-ды да бір дыбыс (ұзын айтылатын дауысты «у») деп дауласуға болмайды. Оның ішіндегі дауысты «ұ»-сы да, жарты дауысты «у»-ы да анық естіледі. «Жұуан» мен «ұуақ»-тың «ұ»-сы мен «у»-ын да дауысты ұзын «у» деп, «жуан», «уақ» деп жазуға болмайды. Олай жазсақ, сөздің екі буынында тұрған екі дыбысты біріне-бірін қосып жібереміз де, сөзді буындалмайтын қылып шығарамыз, я «жу-ан», «у-ақ» деп қата буындайтын бо-

ламыз. Қазақ тілінде дауысты ұзын «у» бар деп таласқанмен, құлағы сау кісі «жұуан», «ұуақ», «жұук», «бұуаз»-дардағы «ұ» мен «у» ды бір дыбыс, дауысты ұзын «у» деп таласа алмаса керек.

«Қабу» деген сөзді өзгертіп, «қабыум» деуге болады. «Бұу»-ды «бұуамн» деп өзгертуге болады.

«Қабыум», «қа-бы-ум» болып буындалады, «бұуамн»-ды «бұ-уа-мн» деп кәнә буындауға болады. Сондықтан «қабу», «бұу»-ларды «қабу» деп жазуға болғанмен, «қабыум», «буамн»-дарды «қабум», «буамн» деп жазуға болмайды. Сөзді олай бұзып жазатын болсақ, ол сөздер жүре-бара мүлде қазақ сөзіне ұсамай, бұзылып айтылатын болады. Сөзді бұзбай жазамыз, тек қазақ тілінде дауысты ұзын «у» бар деп, керек жерінде сол «у»-ды қалдырмай жазып отырамыз десек, «қабу» «бұу»ларды ғана «қабу», «бу» деп жаңаша жазып, «қабыум», «бұуамн»-дарды өзгертпей бұрынғысынша жазуымыз керек. Онда әр сөз өзінің естілуінше жазылады да, сөзіміз бұзылмайды. Бірақ олай болғанда, «түбір сөздер өзгермейді» деген қазақ тілінің негізгі заңы бұзылады. Сөздің түбірі «бу» бола тұрып, оған «-амн» деген жалғау қосылғанда, сол түбір өзгеріп, «бұу» болып шығады. «Қабу»-дың аяғындағы «у» дауысты ұзын «у» десек, оның түбіріндегі («қабы») «ы» мүлде жоғалып кеткен болады. Бөлек сөздерді бұзып жазып, бұзып айтудан сол сөздің өзі гәнә бұзылады. Бөлек сөздерді бұзғанда, тілдің негізгі заңын өзгерте бұзатын болсақ, онан тіл бұзылады.

Сөзді бұзуда жаман, тілді, тілдің заңын бұзу онан да жаман. «Й» тақырыпты талас та осы «у» сықылды, біздің дауысты «ы»-мызбен жарты жауысты «й»-іміздің тізбегі орыстың дауысты ұзын «и»-не ұсап естіледі. Сондықтан жұрттың көбі қазақ тілінде де сондай дауысты ұзын «и» бар деп түсінеді.

«Күйе», «бііе», «ұйа», «қыйа» деген сөздердегі «й»-дың жарты дауысты екеніне ешкім таласа алмайды. «Жыйамн», «тііемн», «ііемн», «біім», «сыйм»-дардағы «й» де жарты дауысты. Бұл сөздердегі «ы» мен «й»-ды бір дыбыс, дауысты ұзын «и» деуге қазақ түгіл, тілінде «ы» дыбысы жоқ басқа жұрттың құлағы да көнбейді. Бұл сөздер «жы-йа-мн», «ті-йемн», «сы-йм» болып буындалады да, «ы» мен «й» екеуі екі буында болады. «Жыйамн», «тііемн», «ііемн», «біім», «сыйм»-дардың түбірлері – «жый», «тій», «ій», «бій», «сый» (бітеу буында «й»-дың алдындағы «ы» әдейі жазылған). Сондықтан бұл «жй», «бй»-лердің аяғындағы дыбыстарды бір дыбыс, дауысты ұзын «и» деп, оған өз алдына әріп шығарудың қисыны жоқ. Қазақ тілінде дауысты ұзын «и» бар деп, оған арнап әріп шығарсақ, «жй», «бй»-лердің аяғына сол әріпті жазып, «жыйамн», «біім»-дерді жарты дауысты «й» мен жазуымыз керек. Онда қазақ тілінің «сөздің түбірі өзгермейді» деген заңын бұзамыз, елдің тілін бұзамыз.



Тілдің заңы деген ойыншық емес, тілдің заңы бұзылса, өзіде бұзылады. «Й» мен «у» тақырыпты ережелерді тілдің заңын бұзбай өзгертуге болмайды.

Кәзіргі жазу ережелерінің үлкен кемшілігі – «**Ы**»-ның бітеу буында жазылмауы. «**Ы**»-ны бітеу буында жазбаған соң, «жазыу», «оқыу», «келіу», «барыу» сықылды сөздер дұрысынша жазылмай, «**Ы**»-сыз «жазу», «оқу» болып жазылып жүр. «**У**»-дың алдында «**Ы**» болмаған соң, Жүсіпбекке ұсағандар «**У**»-дың өзін дауысты ұзын «у» деп қана түсінеді де, «сұу»-ды да, «су» деп жазғысы келеді де тұрады. Бітеу буын ережесі жоғалса, «бй», «сй», «жй»-лар да дұрысынша «бій», «сый», «жый» болып жазылып, олардың аяғындағы дыбыстың да ұзын «и» емес, жарты дауысты «й» екені түсінікті болар еді.

ОРИСТАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ ӘДІСІ ЖАЙЫНДА (Шет тілді үйрету әдісі)

Телжан Шонанұлы

Шет тілді қалай үйрету жайында Ебыропа тілмамандарының салған жолы, шығарған әдістері, жазған кітаптары бар. Ол әдістердің бәрі демей-ақ қоялық, бір сыдырғыларының өзінде Қазағыстанда тіл сабағын берушілерге таныс емес.

Осы күні қазақтар орыс тілін үйренуге, орыстар қазақтілін үйренуге құштар. Көрістерде, мектептерде орыстар қазақша, қазақтар орысша оқып келеді. Орысқа қазақтілі жат, қазаққа орыстілі жат. Әркім көңіліне «Құдай не салса», сол әдіс пен осыларды оқытып келеді. Жат тіл әдісін білетін педагоктеріміз жоқ болған соң, жоқтан көрі тұтылдырық қылып келеміз. Бірақ онан пайда аз; көп күш, көп қаражат пен аз білім қолға түсіп келеді. Орыстарға қазақ тілін оқытушыларға азда болса, жардемі болар ма деп, мұнан бұлай «Жаңа мектеп» бетінде жат тілді оқыту әдістері мен оқытушыларды таныстырып отыруға ұйғардық.

Жат тіл оқыту әдісі екі бөлім болады:

1. Жат тіл оқытудың қисыны (теория);
2. Қисынды іске асыру жағы.

Жат тілді үйрету қисыны барлық жат тілді оқытуға ортақ: әдістің жалпы негізін, түрін білдіреді. Сондықтан, ол қазаққа орыстілін, орысқа қазақтілін үйретуге ортақ негіз қисынды іске асыру жағы – бір арнаулы жат тілді басқа елдің адамына қалай үйретуін білдіреді. Сондықтан, көбінесе мұны біртүлге байлап сөйлейді. Біз ілгеріде ылғи орысқа қазақ тілін үйретуді көздеп отырамыз.

Жат тіл үйренудің мақсаты.

Жат тіл үйренудің мақсаты үшеу:

- 1) Тіл ілімі үшін үйрену,
- 2) Тәрбие алу үшін үйрену,
- 3) Тұрмыстағы мұқтажын өтеу үшін үйрену.

Тілді ілім үшін үйренетін тіл мамандары. Олар тілді үйреніп, ол тілдің заңын ашуға, ол тіл мен сөйлеген елдің тариқын, тұрмысын білуге тырысады. Мәселен, орыс оқымыстары түрік тілін зерттейді. Сол тіл арқылы түрікелдерінің өткен күндерімен, осы күнгі күйі мен танысады. Бұл күнгі қазақ тілін оқитын орыстыңда, орыс тілін үйреніп жүрген қазақтың да мақсаты бұл емес.

Жат тілді тәрбие алу мақсатымен үйрену мектепте болады; иә өз бетімен оқытушыалып оқығанда болады. Ондағы мақсат бір елдің тілін біліп, сол елдің әдебиетімен, мәдениетімен танысып, білімін кеңіту; сол елден жағысып білім алу. Қала берді тілдің өзі де пизик, математик сияқты адамның білімін арттырып тәрбие беруге себеп болады. Осы күні қазақтың бірқатар азаматтары неміс, ағылшын тілдерін үйреніп жүр. Қазақ балалары мектепте неміс тілін үйреніп жүр. Міне бұлардың мақсаты жат тілден тәрбие алу.

Тұрмыс мұқтажын өтеу үшін тіл үйренушілер – бір ел мен қоян қолтық араласып, сол тілде жазада, оқида білу үшін болады. Осы күнгі орыстар қазақ тілін, қазақтар орыс тілін осы мақсатпен оқып жүр.

Мақсатына қарай жат тілдің үйрету әдістері де түрлі болады; оқытатын деректері де басқаша болады. Бізге керегі тұрмыс тағы мұқтажды өтеу үшін тіл оқытудың әдістері, тұрмыс үшін жат тіл үйреткенде материал елдің өз тілінен, сөйленіп жүрген тілден алыну керек; қалықтың өткір сөздері, газет-жорнал материалдары, оқушының тұрмысын да көп ұсталатын сөздер болу керек. Орыстарға қазақ тілін үйретудің пырағырамын білім ордасы бекітіп шығарған. Сондықтан пырағырам жайын сөз қылмаймыз. Тек әдіс жағын ғана көрсетеміз.

Жат тілдің әдістері.

Жат тілді негізгі үйрету әдісі екеу:

1. Ұластыру; 2. Талдау.

Бұл екі әдіс негізі әрбір ана тілі оқытушысына белгілі, ол жағын әңгімелемейміз. Солар жат тілге қалай ұсталатынын ғана айтып кетеміз.

1. Ұластыр уәдісі ана тіліне бір түрлі талдау әдісі екінші түрлі қарайды. Ұластыру әдісі бұл күн де жат тіл үйретудің көтерген ескі әдісі саналады; талдау жаңа әдісі есептеледі. Ескі әдіс пен жат тіл үйреткен адам үйренушінің ана тілін негізқылып барып жат тілді үйретеді. Оқытушы оқушылар мен оқушылардың ана тілінде сөйлеседі, ана тілін де түсіндіреді, жат сөзді ана тіліне аударады. Ал, жаңа әдіс мұның керісінше, жат тілмен түсіндіріп, жат тілде сөйлеп, жат сөзді ана тіліне аудармасқа тырысады; қолдан келгенше оқушыда, оқытушы да жат тілде ғана сөйлеп, ана тілінде сөйлемеске ұмтылады. Сонда жат тілдің дыбыстарын дұрыс айтып, жат тілдің заңына түсінуге жеңіл болады.

2. Бұл екі әдіс тіл құралғада екі түрлі қарайды. Ескі әдіс тілдің негізі тіл құрал деп біледі. Жат елдің тіл құралын жақсы білген адам тілді ауыздықтап мініп алды деп қарайды. Сондықтан ескі әдіс жолында-ғылар ел тілін үйретпей тұрып, тілдің заңын – тіл құралын білдіруге тырысады: бұлар оқытуы, сөйтіп, дерексіз болып шығады.

Жаңа әдісшілер алдымен елдің тілін үйретеді; керек ғана тіл құрал мен пайдаланады. Сөйтіп, бұлар оқытуы деректі болады. Бұрын қазақ балаларын орыс тіліне тіл құрал жөні мен оқытатын. Осы күніде сол әдіс ұсталып келеді: орыстіл құралын жақсы білсе, қазақ баласы орыс тіліне жетіліп болды деп қарау қалған жоқ.

3. Екі әдістің жат сөзді дұрыс айтқызып үйретуінде айырмашықтары бар. Ескі әдіс жа сөзді дұрыс айтқызуға тілді көп жаттықтырмайды: салғаннан біржолата жат тілдің әліппесін түгел көрсетеді; мына әріптер ібұлай айтылады, мынау әріпі оқушының ана тілінде жоқ, қалған әріптердің айтылуы екі тілде бірдей дейді. Сонан соң бөлек сөздерді оқыта бастайды. Ақаң әліппесі мен орыстарды оқытқанда да осылай етіп жүргені болды. Бірақ онан оқушы жат сөздерді дұрыс айтып кете алмайды.

Мұның бір үлкен жаңылысы сол: бір елдің дыбыстары екінші елдің дыбыстарына сәйкес келе бермейді. Тіпті бірдей деген ш, т, б сияқты дыбыстарыда сәйкес келмейді. Орыстың дауыссыз дыбыстарының бірі де түрік тілінің дыбыстарына дәл сайма сай келмейтінін қазанда пырапессұр Богородитыский кабинетінде тәжірибе жасаған Әлімжан Шарап дәлелдеп отыр. Ал, бір елдің дауысты дыбыстары екінші тілдің дауыстыларына өмірде сәйкес келмейді. Сондықтан жат сөзді дұрыс айтқызуға дағдыландыру – жат тіл үйретудің түрінен орын алу керек.

Сондықтан жаңа әдіс әуелі оқушылардың құлағын жат сөздердің дыбыстарына қандырады, дыбыстарын жайлап ретіне қарай көрсете барады. Сөзді бұзбай айтуға үлкен зейін салады.

4. Екі әдістің сөз бен сөйлемге үйретуіде екі басқа. Ескі әдіс жалғыз-жалғыз сөздерді оқытып, жаттатып үйретеді. Сол сөздерді тіл құралға үйлестіріп алады. Жаңа әдіс жеке сөздерді жаттатпайды; бірден сөйлеммен сөйлетеді; сөйлемнен сөз бөлдір еді. Байланысты сөйлемнен алынған сөз, байлаусыз жеке сөздерден гөрі тез есте қалады.

5. Екі әдістің тілұстарту - әңгімелесу жағыда екі басқа.

Ескі әдіс тілқұрал, иә кітап оқыта береді; сондағы сөздерді ана тіліне аударып отырады. Онан адам жат тілде сөйлеп үйрене алмайды. Жат сөзге, тілге түсінсе де айта алмайды. Жаңа әдіс бірден сөйлету жағына, ел тілі мен ауыздандырып, дағдыландыруға тырысады.

6. Екі әдістің кітап оқытуы да екі басқа. Ескі әдіс қалай болса, солай кітап оқыта береді; әуелі дауыстатып балаларға оқыттырады. Түсінбеген сөзін ана тіліне аударып отырады.

Дұрыс айтпаған жерін түзеп отырады.

Жаңа әдіс мұның керісінше оқытады: оқушы түсінетін, дұрыс айта алатын



сөздерді оқытылады. Жаңа сөз бен сөйлемдерді әуелі оқытушының өзі оқып береді. Оқушыға дұрыс айтылмаған сөз естірмейді; түсінбеген сөзін ана тіліне аудармай, жат тіл бен түсіндіреді; әр нәрсенің өзін болмаса суретін көрсетеді. Сөйлемнің, мақаланың бүтін идеясын түсіндіруге, сөздердің, сөйлемдердің арасындағы байламдарын түсіндіруге тырысады.

Бұл күнде ұластыру әдісі қалып барады. Сондықтан келер санда тек жаңа әдіс негізін толығырақ түсіндіреміз.

(XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер)

ЖАҢА ӘЛІПТІ ТЕЗ ҮЙРЕТУ ЖОЛЫ

(барлығы 6 сағатта)

Жүсіпбек Аймауытұлы

20 әпірел

Ескіше (арапша) сауатты адамға он, он бес сағатта жаңа әліпті үйретіп шығуға болады. Үйретіп шығу тек әріптерімен таныстырып қою емес, жазуына да, оқуына да недәуір төселдіру, жаңаша сауатты адам қылу.

Он-он бес сағатта үйретудің жолын «Еңбекші қазақ» газетінде басып шығарғанбыз.

Ал енді әрі ескіше қат танитын, әрі орысша әріптер мен таныс адамдарға жаңа әліпті бес-алты сағат ішінде үйретуге болатын көрінеді. Мұны біз сот қызметшілерінің күрсінде оқытқан тәжірибемізден байқап отырмыз.

Бұл курсте 40 шақты адамды. Мұндағылар бұрын сот, тергеу орындарында қызмет қып жүрген, ескіше жазуға төселген адамдар екен. Бірақ «Тілқұрал»-мен мәз таныстығы жоқ. Жазу ережелерінде жөнді білмейді екен; орыс әріптерін таниды; жаза білетіндері де, жазуына шорқақтары да бар екен. Бұл курсте барлығы үш күн оқыттық. Күніне екі сағаттан. Сағат дегеніміз толық 60 минут емес, 45 минуттан = 90 минут, немесе бір жарым сағат. Сөйтіп, есептеп келгенде, айналасы төрт жарым (4,5), оның үстіне жазу ережелерінің де ең керектілерін біліп қалды.

Бірінші сабақ (бір жарым сағат)

1. Әуелі қанша адам орыс әріптерімен таныс, қаншасы жаңа әліппен таныс екенін, қол көтертіп сұрап білдік. Орысшамен түгел-ақ таныс, жаңа әліппен көбі таныс емес екен.

Содан кейін тақтайға мынау әріптерді жазып, сұрай бастадық: **а, о, е, к.**

Бұларды бөгелмей-ақ оқып шықты. Бұларды дәптерлеріне жаздырып қойдық.

Енді ескерттік: бұлт өрт әріп орысшада қандай айтылса, жаңа әліппешеді сондай боп айтылады, орыс әріптері мен мәнісі бірдей төрт әріп осы, мұны ұмытпайсыздар ғой?

— Оны ұмытып енді... — деп, жымыясты.

2. Енді мынау әріптерді бір рет тақтайға жазып, жазған-жазғанша атын атап, өздеріне де ататып отырдық. Әуелі: **ğ, q, d, t** көрсеттік, бұларды үстінен астына қарай тізіп, әр қайсысының қарсаңына арапшасын қойып отырдық, мысалы, былай:

т – ت d – د q – ق ğ – غ

Көшіріп алыңдар – дедік. Түгел көшіріп болған соң, жазғандарына көзін әбден қандырдық. Көздері қанды-ау дегенде, жазғандарын жапқызып қойып, тақтайды тазалап алып, әлгі үйреткен әріптерді аралас жазып, таныттық (арапшасын бұл жолы жазғамыз жоқ) Бөгелмей-ақ таныды, курсшылардың түгел білгенін байқау үшін, әр әріпті біркісіге айтқызып отырдық. Енді тақтайдағыны сүртіп тастап, ең шалалау біледі деген бір-екі адамды тақтайға шақырып, үйреткен әріптерімізді жазғыздық. Өзгесі бақылап отыр. Бұларда бір-бірлеп атаған әріптерді дұрысжазып шықты.

Енді сөз жазуға кірістік. Тақтайға әуелі өзім жазып бір адамға оқыттым, оқығанды бәріне де көшірттім, жазған сөздеріміз: ata, ota, tete, etek, daq, odaq, toqta, dağa, ağaj, tağa, doğal.

Бұлардың кейбірін өзім жазып, көшіртсем, кейбірін жатқа өздеріне жазғызып, жазып болысымен ол сөзді тақтайға өзім тағы жазып, дәптердегі жазғанымен тақтайдағыны салыстыртып отырдым. Енді тыңнан әріптер көрсеттік. Олар: җ – ج, z – ز, с – ش, l – ل.

Бұлардың арапшасын жазбай тұрып, қандай әріп екенін сұрадық. Кейбір білетіндер де болды (газет арқылы үйренгендері). Бұларды да арапша мен қабат манағы төрт әріптің астына тіркеттік. Жазғандарына көзін қандырып, дәптерлерін төңкертіп, бұл әріптерді бұрынғылар мен аралас келтіре тақтайға жазып, әр әріпті біркісіге ататып шықтық. Енді сөз жаздық:

dala, doqal, qolqa, qoqa, qaçat, çataq, çaq, çoq,
taz, taza, ozat, kez, kezek, tezek, es, tes, esek,
keste. salaq. saqa.

Бұл сөздерді де әрі жатқа, әрі қарап жазды. Жазғандары мен тақтайдағына салыстырып, қата жазғандарын қайта жазды.


Есте болсын, қата жазған сөздің қата кеткен әрпін бұзып, түзете салмай, ол сөзді түгел өшіртіп, тыңнан жазғызу керек.

Бұл үйреткендеріміз естерінде қалды-ау деп, шамалап, әрі жағаладық.

Бұл жолғы көрсетілген әріптер:

i – i j – и ә – ә ө – ө

Әр әріпті жазған сайын атап тұрдық. Арапшамен қоса, әлгі сегіз әріптің астына тіркеттік. Тағы да дәптерінен оқыттық. Тақтайды тазалап, бұларды бұрынғылармен араластыра жазып, бір-бірлеп тағы сұрадық. Бір адамды шығарып, жаздырдық. Сөйтіп сөз жазуға кірістік:




Жатқа жазғандарын тақтайдағы дұрыс жазу мен салыстырып түзеді. Көшіріп жазғандарын оқып отырып жазды.

Ендігі көрсетілген мынау әріптер:

v-y η-н h-h

Манағы 12 әріптің астына бұл үшеуін де тіркеттік.

Оқыттық, көшірттік, тақтайға жазып тапқыздық, сөз жазғыздық:





Басқы орыстікімен бірдей төрт әріптен (k, ə, o, a) басқа 15 әріп үйреттік. Бұл он бес әріптің таңбасы орысшада жоқ, бұлар латыншадан кірген әріптер екенін ескерттік. Сөйтіп, 19 әріпті осылайша үйретіп алып, енді қалған 10 әріпке келдік.

3. Бұл 10 әріпті тақтайға бір-бірлеп жазып, орысша қалай аталатынын сұрап отырып қарсысына қазақшасын жаздық.

Бұлардың мәнілері орысшадан бөлек, орысшаға қайшы, орыс әріптері мен шатастырып алмандар деп, бұл әріптерді көшірттік.


Көшіргенін оқыттық. Дәптерлерін төңкертіп, тақтайға бұларды аралатпа жазып, ататтық. Екі адам шығарып, әрбір әріпті жатқа айтып жаздырдық.



Бұлардың ішінде «r» мен «g» ның баспасы өзгешелеу екенін ескерттік. «g» ның таяғы ішіне қарай ілмек болып, «q» мен «ğ»-ның таяғы тік жазылып, сыртына қарай қайырылатынын тағы ескерттік. Бұл әріптерге көз, қолдары төселген кезде сөз жаза бастадық. Жатқа жаздырса, оның дұрыс түрін олар

жазып болысымен, тақтайға жазып, қаталарын түзеттіріп, болмаса өзіміз жазып, соны кезекпен оқытып өткен жерімізде болды. Өйткені әрі жатқа айтып, әрі жазғызып, әрі тақтайдағымен салыстыртып, әрі жазғанын түзеттіруге, бір сөздің өзіне 2-3 мүнөт кетіп қояды.

Жазған, жазғызған сөздеріміз соңғы:



Осымен алғашқы күнге сабақ өтті. Бұл бір жарым сағаттың ішінде барлық 29 әріпті үйреттік.

Үйрету тәртібіміз, көріп отырсыз, былай болды: барлық әріптерді үш жікке бөліп алдық. Бірінші жікте орысша мен қазақшада мәнісі бірдей төрт әріп (к, е, о, а) көрсетілді. Екінші латыннегізінен алынған, орыста жоқ 15 әріп үйретілді. Үшінші орыс әріптері мен мәнісі қайшы келетін, орыстікімен шатастыра беретін, ең қиындары көрсетілді.

Әріптерді былайша сұрыптап алып оқытудың пайдасы үлкен көрінді. Бірінші төрт әріпке ешбір шатаспайды; оған төселдірудің де қажеті жоқ. Ол өзінен өзі кіріске-кіріп, қалтаға түсіп тұрған әріптер секілді. Екінші жікте көрсетілген, орыста жоқ әріптерде, жеке үйретіп алған соң, оңай жатталады, өйткені оларды шатастыратын орысша әріптер жоқ. Ең қиынырақ тиетіні: Соңғы 10 әріп. Бұларды да бас, басына тоқтап, орыс әріптерімен салыстырып, оқытып, көшіртіп, жатқа жаздырып, бәрін бір ретке салған соң, шатаса беретін әріптерге ықлас қойып, баса қарастырады. 10 әріпті шатастырмау деген сонша қиында болмай қалады.

Жалғыз-ақ есте болатын нәрсе: оқытушы күн бұрын сабақ желісін (көніспегін) жазыпалып, өзі әбден дайындалып бару керек, -бір, екінші сабақ үстінде бірауыз көлденең, бос сөзге орын бермеу керек; бір мүнөт, бір секундті бос жібермеуге тырысып, сабақты бастағаннан бітіргенге дейін жазу мен жаздырумен, оқытумен, салыстырумен, көрсетумен өткізу керек. Түсіндіретін жеріндегі сөздерің де неғұрым қысқа дәл болсын. Оқытатын, сұрайтын кісілердіңде отырған орын ретімен бірінен соң бірі жағалай өздері оқып, жа-

уап беріп жатсын. «Сіз айтыңызшы!» деп, біреуді нұсқап, ойланып, сипақтап, ыңылдап тұрудың. Уақытты осылай үнемдей, сабақты осылай реттей білсек, жаңа әліпті үйрету деген оп-оңай жұмыс көрінеді. Өзіме әйтеуір солай көрінді. Мүмкін созалаң қимылдайтын, тәжірибесіз оқытушылар мұнша материалды біржарым сағатта бітіре алмас. Бітіре, алмаса, жарты сағат, бір сағат қосылар. Сонда да барлығы 6 сағатта қат тануға болады. Енді екінші сабаққа көшейік.

Екінші сабақ (бір жарым сағат)

Алдымен кешегі үйреткендерімізді еске түсіру үшін, мына бір ауыз тапқакты жатқа жаздырып алдық.

Жаңа әліп – жаңа дәуір.

Жаңалыққа бассын ауыл.

Ноқат-соқат ескі әлір,

Жоламаймын жолың ауыр.

Көршілер тапқактың бір жолын жазып бітірген кезде мен де дереу жаза қоям. Қата жерлерінді соған қарап түзетіндер деймін. Сөйтіп жаздыру мен түзету қолма-қол қатар жүріп отырады. Ол онымен тұрды.

1. Ендігі мақсат: жаңа әліппен жазғанда көбірек қаталасатын жерлеріне тоқтау, төселдіру, көпшатастыратын: ұзын «и» мен ұзын «ү». «и» ге төселдіру үшін жаздырылған сөздер кейінгі:

maǵ, mǵja, saǵa, sǵja, ǵaǵ, daǵǵn saǵǵz,
quǵa, uǵǵm, voǵǵm.
sǵǵla, ǵǵjna, qǵǵna, biǵle, iǵne, kyǵme.
dǵrger wǵw oǵǵma dǵw tǵǵdǵ. mandatǵm qoǵǵma ǵaǵa tiǵǵdi.
dǵrger buǵǵrdi tǵǵdadǵ, demǵndi qatǵtǵ al dǵw buǵǵrdǵ.
meniǵ uǵǵimde uǵǵm waǵ. onǵ uǵǵinde ylken ǵǵǵǵ waǵ.
maǵǵan senen ǵǵǵǵma tǵǵǵn tiǵǵisti.
wǵl, kiǵǵin, ǵyǵrejik; uǵǵimiz biǵ qǵǵǵǵ cettǵ.
sǵǵǵrdǵ muǵǵǵizine qǵǵǵǵm kiǵiz waǵǵlav qoǵǵwǵtǵ.

Содан кейін газетте басылған мына сөздерді оқыттық. Әр сөйлемін бір адам оқып шықты (газетте 13-ыншы сабақтың аяғындағы сөз).

вѣѣ сақаң уѣинің сөві мол boldь.
 он сақта сѣѣгын сѣѣроға җивермеј, қораға іјірів кytти.
 қалај bolsa solaj kytken җоқ, ондав кytти.
 кynine ye mezglil сөвін сасѣв, сѣрѣгѣв - сѣѣгѣв, ујів-сѣѣв
 salamyñ völek qојѣв отьрдь.
 сөvti cacsy сѣқармај, қытъв, ynemdev ustady.

Енді «ұу»-ға көштік.

Ескі емлемен «ұу»-ды қандайлық дұрыс жазатынын байқау үшін, ескіше мынау мысалдарды жаздырып алдық:

«Туған-туысқан тату тұрмайды. Қу мерген аққу атып алды, асудан ассан, алдың үлкен су. Бұудан жол табу қиын. Қол жуудан қажу жарамас». Жалғыз жарым болмаса, көпшілігі дұрыс жазды. Содан кейін:


suvdan —	سۇدان	barьv —	بارىۋ
suvret —	سۇرەت	keliv —	كەلىۋ
uvьs —	ۋىز	җyriv —	جۇرىۋ
yvildirik —	ۋىلدىرىك	turьv —	تۇرىۋ

Деген сөздерді осы тәртіппен (ескісі мен жаңасын қатар) жаздырып, «ұу» лардың ескіше неше түрлі, жаңаша неше түрлі жазылатынын тапқыздық. Ескіше екі түрде жазылуға дәйекшімен «к, г, е» лердің көмегі тигенін, жаңаша 4 түрде жазудың қолайсыздығын ескерттік. Мынау екі түрін жазатын болсақ, қайтер еді? Деп ұу мен үу-дік өрсеткенде, «жақсы болар еді» деп, шу ете түсті. Осы жоба өтеді, көпшілікте, пұрапесірлер де осыны қолдап отыр дедік.

quvla, kyvle, qol җuvьvьңьzdь surajmьz.

Сияқты азырақ мысал жаздырып, «ұу» дың түрлеріне төселдірдік. Енді жаңа әліпті тәртібімен нөмірлеп жазып, көшірттік. Жазу баған тәртібімен болды. Әсіресе, сот. Тегеу қызметшілеріне бір нәрсені нөмірлеуге әліп тәртібін

білдіру керек. Бұдан кейін әріптерді түріне қарай сұрыптап жазып көрсеттік. Жолдың үстіне шығатын алты әріп, астына түсетін алты әріп, екенін көрді, көшіріп алды.



Жалғыз ақ қ, η-ның құйрығы жолдан әнтек төмен түсіп тұрады. Бірақ ұзармайды, оны ескеріп алды.

2. Барлық дыбыстар дауысты, дауыссыз болып, әуелі екіге бөлінеді. Дауыстылар екітүрлі: 1) жуан, 2) жіңішке.

Жуан: а, о, у, н

Жіңішке: ә, ө, і, ү, е

Жалғыз «е» ден басқа жуан, жіңішке дауыстылар сөздің естілуіне қарай бірінің орнына бірі жүреді.

Дауыссыздар төртке бөлінеді:

- 1) Ымыралы (плавные)
- 2) Ымырасыз (носовые)
- 3) Ұяң (звонкие)
- 4) Қатаң (глухие)

г, е, ј, в, һ	— (Плавные)	بمرالى (1)
м, п, ц	— (Носовые)	بمراسىز (2)
в, q,	z, ɟ,	q, q, — (Звонкие) قوياڭ (3)
р, t,	s, ɕ,	k, q, — (Глухие) قاتاڭ (4)

а) Ұяң, қатандар қос-қоста негізімен жүреді. Бұлардың ішінде **с, s, з, з** төртеуі болмаса, өзге егіз дыбыстар. Сөз өзгергенде, бірінің орнын бірі басып отырады.

Ғ(қ), г (к), д (т), б (п) болып егіздеседі. Мысалы: тапсыр – табыстыр, малда, атта, көк – көгер, қазақ – қазағы.

б) Қазақ сөздерінің аяғы (жалғыз болмаса) ұяң дыбыстарға бітпейді. «ж» мен бітетін сөздерде алты-жетіден артық емес, оның өзінде қазақтың байырғы сөздері емес, шеттен кіргендер; мысалы: *баж, таж, ылаж, мұқтаж, келемеж*.

ш) Қазақ сөзінің **g, ɣ, j, v, r** ...-лар жазылмайды. Соңғы үшеуі (j, v, r) санама сөздердің басында ғана жазылады (мысалы: *иә, уақыт, уәде, рабай, Рамазан...*)

ж) Қазақ сөздеріндегі дауысты дыбыстар басынан яғына дейін не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып келеді. Мұны үндестік заңы (сингармонизм) деп атайды (мысал, жіңішкелеу, жуантық). Бұл заңға көнбейтін шеттен араптан, парсыдан, жаурыпадан, орыстан кіргенсөздер. Ондай көнбейтін сөздерді естілуінше жазу керек. Үндестік заңына көнбейтін сөздер мыналарсықылды: *кітапба, қызмет, рақмет, қаныбет, тауқымет, қасірет, қасірет, қауесет, қатер, қайраткер, жұмыскер, өнерпаз, әсемпаз, білімпаз, жемқор, ауесқой, сөзқуар, белуар, желбау, қаукес, өсімтал, қатігез, қалпетімен, селсоқ, енжар, есерсоқ, керенау, көкпар, қозектеқнек, кәмсамол, кәмисар, кәпитал, әгрәном, депутат, кермен, парламент, редактір, пейанер, ыраксие, пелетон, кәтор, маптабіла*.

Бұл сөздерді көшіріп алысты.

Осымен екінші сабақ бітті.

Үшінші сабақ (бір жарым сағат)

д) **g, k** дыбыстары дәйім жіңішке айтылады. Сондықтан олардан кейін дәйім жіңішке дауыстылар (**е, і, ү, ө, ә**) жазылады.

q, ɟ дәйім жуан айтылады: олардан кейін дәйім жуан дауыстылар (**а, о, и, ы**) жазылады.

е) еселегіш сөздердің арасына сызықша қойылады. Еселегіш сөздер соңғылар сияқты: аяқ-табақ, киім-кешек, қару-құзал, құрт-құмырсқа, бақа-шаян,

қатын-қолаш, бала-шаға, айғай-ұйғай, ұу-шу, ұйқы-тнпқы, мең-зең, оп-оңай, ып-ықшам, жұп-жуан, қып-қызыл, ап-пак, қарай-қарай, көре-көре, сөйлей-сөйлей.

ә) Жер, су, қала, кісі, жан-жануар, бұйым атары бірге жа-зылуға тиіс. Ескі араб емлесінде бұлардың кейбірі бірге, кейбірі бөлек жазылатын, мысалы: «басқұр» бірге жазылып, «желбау» екі бөлек жазылатын. Бұл үндестік заңына шұлғудан туған ереже болатын. Енді мұндай сөздерді бірге жазуды көпшілікте, ғалымдарда қолдап отыр. Бірге жазылуға лайықты сөз мыналар: басқұр, желбау, қаро-ва, аягөз, ақтөбе, ақмола, қызылжар, кенжеғұл, естай, ақку, қос-аяқ, көкқұтан, желмая, таутеке, қарағұс, жолбарыс, отарба, ағыйық, Қаржаубай, Ұлбикетай, Тоймал, Сұтақыұлтабар, қолғап. Бір мағына көрсететін қосынды сөздерде бірге жазылуға тиіс деп жүрміз. Бұл жобамыз алынар, алынбасы әзір мәлімсіз. Бұларды кәзірден бастап біргежаз деп айта алмаймыз. Тек бір мағаналы қандай сөздер екеніне мысал келтірейік: *бүгін, таңертең, ештеме, сонсын, онсың, қолғанат, қолғабыс, орын-басар, төраға, отағасы, кішігірім, жармжан, жансауғы, бесалқа, айталас, есалаң, есерсоқ, аққұла, енжар, жаржақ, малсақ, аңсақ, құрбекі, маубас, елгерек.*

г) сөздер арасындағы дәнекер, немесе сөзге рең бергіш құйыршықтар бөлек жазылады. Ондай өз бетімен сөз сыйағы жоқ бөлек-салақтарды бірге жазайық деген де, сызықша арқылы жазайық дегенде жобалар бар. Көптің аңызына қарағанда, сызықшамен жазылатынға ұқсайды.

Ондай бөлек салақтар мыналар: *мен, бен, пен (малмен, жазбен, атпен), да, де, та, те, (маджа, кісіже, аьа, иқтте), ма, ме, ба, бе, па, пе, (барама, келеме, азба, көппе?). зой, қой (малзой, керекқой), ақ (солақ, келсінақ, жалғызақ), соң (содансоң, сонсын), еке (агаеке, қажыеке, әжееке), ай, ау (жапырымай, жанымау).*

Мысалдар:

1) мен, бен, пен.

Қалам-мен жаздым. Ақмет мені-мен бірге келді. Сол-мен бірар балық еледі. Түйе өзен-мен жолдың арасына жатыр. Аршаны бастықтың айтуы-мен бердім. Есек-бен бұлбыл, қасқыр-мен түлкі. Сен айтқан-мен болмайды.

2) да, де, та, те.

Малда кісі бар, сол көрінгеннің ішінде мал-дабар. Айтса-да болмады, берсе-деалмады. Даладаел-де, елдедау-да көп. Байдаат-табар, атта жүйірік-те бар, дүниеде не жүйірік? Жүйірікте айрыплан жүйірік.

Бұлар қашан бірге жазылады, қашан сызықша мен жазылады? Оны екі белгісінен тануға болады:

1) Мәнісіне қарап. Қайда? Неде? Кімде? деген сұрауларға жауап берсе, бірге жазылады. Ол сұрауларға дәл келмесе, сызықшамен жазылады.

2) Екпініне қарап, екпін (ударение) «да, де, та, те»-лерге келсе, онда бірге жазылады; одан бұрынғы буынға келсе, сызықша мен жазылады (жоғарғы мысалдарды қара)

3) ма, ме, ба, бе, па, пе.

Ала-ма, алмай-ма? Бере-ме, бермей-ме? Сол көрінген адам-ба, мал-ма? Ақ-ба, көк-пе? Осының оңды-ақ-па? Сен жақсы-ақ-бысың? Көшірме алған-наекем? Арыз беріп-пее-діңіз?

Бұл «ма, бе, ба, бе, па, пе»-лерді бірдеме сұрағанда қолданады. Бұлардың сызықшамен жазылуын сұрау мәнісінде айтылғаннан білеміз.

Сұрау болмай, бұйрық есебінде айтылатын «ма, ба»-лар бірге жазылады; мысалы: «айтсада, болма», «оған бермеңіз», «қолымда қақпа», «олай жазба» дегенде.

4) ғой, қой.

Ол жарайды-ғой, мұндай жұмыс бұрын-да болған-ғой, оған айту керек-қой, ол ауылтемшет-қой, бара берсек, ауыл көп-қой.

«Ғой, қой» қашанда сызықша мен жазылады, соны еске тұту керек, басқа ереже керек емес.

5) ақ

Кісі-ақ екенсің. Сөзің сөз-ақ. Жалғыз-ақ түйіні жоқ. Маламан, жалғыз-ақ жалғыз ақ қой көрінбейді, жолда бірақ, бір қара сыйыр көрдім, бір-ақ сіздің сыйырға ұсамайды.

Бір нәрсенің түгі түсін көрсететін «ақ» бөлек сөз боп жазылады да, сөздің ығыздау үшін жалғанатын «ақ» сызықша мен жазылады.

6) еке, ай, ау.

Әжееке-ау, мен өлді деп өле көрме.

Арқама артып жібергенде: молдаеке-тай-ай! – дедім.

Қарындасым шалға беріп жатқанда «аһа» еке-тайым-ау» деп жылады. «Жаралыжан» да «ой, пірім-ай, Алла-ай, жасаған» деген сөз бар.

Жаным-ау, өзіңне айтып тұрсың? Сенімен бір ойран салмаса игі едім.

Ай, һай, жарықтық-ай! Ой-һай, заман-ай! Уаһ, дарый-ғаай, сондағы көңілім-ай!

Сол өзімені отыртып кетпесе игі еді.

«Еке» бірге жазылсын деп жүрміз. Өйткені сол сияқты жұрнақтар бірге жазылады. Көптің ұйғаруыда бірге жазу жағында. «Ай», «ау»-лар сөзге тіркелгенде, бірге жазылып, сөзден бұрын келгенде бөлек жазылсын деп жүрміз. Бұл жобада қабылданатын сияқты.

(XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер)

НҰРҚЫЗ НҰРБАЕВА

*Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық ақпарат
институтының аға ғылыми қызметкері*



ЗАҢ МӘТІНІ: КӨПТІК ЖАЛҒАУДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Заң мәтіні – құқықтық салада қолданылатын арнайы мәтін. Өзіне тән мазмұны, баяндалу логикасы, тілі мен құрылымы болады. Заң мәтінінде нақтылық пен бірмағыналылыққа мән беріледі. Мәтінде әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақталады. Заң тіліне қойылатын талаптар заң мәтініне қойылатын талаптардың жеке бір тобын құрайды. Оның ішінде терминдердің берілу дәлділігі басты рөл атқарады. Сөздерді, грамматикалық формаларды дұрыс таңдамау, сөздің орын тәртібін дұрыс айқындамау заң нормасы мағынасының бұрмалануына, күтпеген, қажетсіз нәтижеге алып келеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің жобалары орыс тілінде әзірленіп, содан кейін қазақ тіліне аударылатындықтан, қазақ тіліндегі заң мәтіні аударма және теңтүпнұсқалылық ұғымымен тығыз байланысты. Аударма – бір тілдегі (бастапқы тілдегі) мәтіннің мағынасын интерпретациялау және басқа тілде оған теңтүпнұсқа мәтін жасап шығару бойынша қызмет. Қарапайым тілмен айтқанда, бір тілде жасалған мәтіннің басқа тіл құралдарымен дәлме-дәл берілуі аударма деп аталады. Теңтүпнұсқалылық – мәтіндерді барабар деп есептеуге мүмкіндік беретін түсінік, латынның «authenticus» деген сөзінен шыққан, шынайы, жасанды емес дегенді білдіреді. Ал теңтүпнұсқалы мәтін дегеніміз – әдетте, басқа тілде жасалған және онымен бірдей заңды күшке ие басқа мәтінге баламалы деп танылған құжат. Құқықтық актілердің қазақ және орыс тіліндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын сақтау белгілі бір өлшемшарттардан тұратын, жалпы тілдік және заң ерекшеліктерін назарға ала отырып орындалатын аудармаға байланысты мәселелердің бірі болып табылады.

Заң жобаларының мәтінімен жұмыс заң тілінің өзіндік ерекшелігін еске-

румен қатар аса нақтылықты талап етеді. Аударма барысында лексикалық үйлесімі бойынша таңдап алынған сөздер мен тіркестер, екшеленген терминдер ғана құқықтық актіде баяндалатын норманы дәл бере алады. Айқын мағынасы бар терминдерді қолдану, терминологияны бірізді ету, сөздерді ауыспалы мағынада емес, тура мағынасында қолдану арқасында дәлдікке жетуге болады. Мәтін тілдік тұрғыдан сауатты және әрбір адамға мүмкіндігінше түсінікті болуы керек. Құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестері аудармасының барабар болуын қамтамасыз ету үшін аудармашы не заң жобасының қазақ тіліндегі нұсқасын әзірлеуге жауапты маман негізгі құқықтық ұғымдарды терең түсінуі, терминдерден хабары болуы және аударманың негізгі тәсілдерін білуі қажет. Сондай-ақ құжатты қазақ тіліне аудару кезінде орыс тілінде жазылған норманың мағынасын бұзбай, аударма тіліне, яғни қазақ тіліне тән грамматикалық құрылымдарды пайдалануы керек. Аударма белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді басқа тілде дәл жеткізуге байланысты болғандықтан, ол тілдің лингвистикалық заңдылықтарына бағынады. Сондықтан мәтінде заң стилистиканың ерекшеліктерімен қатар аударма тілінің ережелері де ескеріледі.

Әр тілдің өзіндік ерекшелігі бар, әр тілдің табиғаты – әртүрлі. Әрбір тілдің табиғи қалпын сақтайтын өз заңдылығы бар. Мәселен, орыс тілінде түбір сөздің алдына жазғанатын қосымшалар (приставки), «мужской род», «женский род» деген лингвистикалық ұғымдар болса, түркі тілдес топқа жататын қазақ тілінде орыс тілінің «приставкасына» барабар қосымшаны табу кейде қиынға соғады. Сөйтіп орыс тілінің «приставкасы» қазақ тілінде қосымша сөздердің көмегімен беріліп жатады. Осылайша «осмотр», «досмотр» деген сөздер қазақ тілінде тиісінше «қарап-тексеру», «жете тексеру» деп қолданылады. Дегенмен әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі, оның ішінде қазақ тілінде сан есіммен, сондай-ақ көптік, жалпылық мағыналық жүк арқалаған сөздермен тіркескен анықтаушы сөздерге көптік жалғау жалғанбайтыны, көптік тұлға мен көптік мағынаның бір түсінік емес екені заң тілінде кейде ескерусіз қалады.

Әр сөздің өзіне телінген лексикалық мағынасымен қатар, сөздер басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскен кезде қосымша грамматикалық мағынаға да ие болады. «Лексикалық мағына әрбір сөзге ғана меншікті болса, грамматикалық мағына сөздердің тобына ортақ болады. Сөздің лексикалық мағынасымен жарыса өмір сүріп, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін не сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынаны грамматикалық мағына деп атайды» [1, 6]. Алайда

қазіргі уақытта заңнамалық актілерде грамматикалық мағынасы орыс тілінің грамматикасы негізінде берілген сөздерді көптеп кездестіруге болады. Мысал ретінде орыс тіліндегі «*инвалиды первой и второй групп*» деген тіркесті алайық. Соңғы жылдардағы заңнамалық актілерге үңілетін болсақ, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 6 мамырдағы Заңында, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 4 мамырдағы Заңында, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 16 мамырдағы Заңында «бірінші», «екінші» деген сан есім сөздермен тіркескен «топ» сөзі көптік жалғауы арқылы беріліп, «бірінші және екінші топтардағы мүгедектер» деп қолданылған. Аталған тіркестегі сан есім сөздер заңнамалық актілерде кейде рим цифры арқылы да берілген. Бұл тұста айта кететін жайт, қалай жазылса да, «топ» сөзімен тіркескен «бірінші» және «екінші» деген сан есім сөздер көптік ұғымды білдіру емес, есептік сан есімге -інші жұрнағының жалғануы арқылы санның ретін білдіру қызметін атқарып тұр. Сондықтан тілдік құралдарды үнемдеп, ықшамдап айту және реттік сан есімдерді тез ажырату үшін «бірінші және екінші топтағы мүгедектер» деп қолданған дұрыс болады.

Жалпы, қазақ тілінде көптік жалғауының -лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер деген алты қосымшасы бар. Сөзді көпше түрде жазу үшін аталған қосымшалардың біреуі үндестік заңына сәйкес жалғанады (мысалы: құжат – құжаттар, қала – қалалар). Көптік ұғымдардың сөздерге тиісті қосымшалар қосылу арқылы берілуі морфологиялық тәсіл деп аталады. Қазақ тілінде көптік категориясы үш: лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсіл арқылы беріледі. Ал орыс тілінде көптік мағына «мужской род, женский род» категорияларына -ы, -и морфемасын (мысалы: книги, горы, документы), «мужской род, средний род» категорияларына -и, -я, -а морфемасын (мысалы: здания, моря) жалғау арқылы беріледі. Қазақ тілінің орыс тілінен айырмашылығы, егер зат есімнің алдында сан есім келетін болса, онда зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Яғни «Сан есім қатысқан сөз тіркесі сыңарлары бір-бірінің тұлғалануында әсер етпейді. Сан есімдер арқылы заттың көптігін білдіргенмен, басыңқы қызметтегі зат есімдер көптік жалғауда айтылмайды. Мысалы, он ешкі, қырық саулық, мың қой, оныншы мектеп, алтыншы бригада.» [2, 52].

Сондай-ақ соңғы уақытта қолданыстағы заңнамада «сома», «қаражат» деген сөздер көптік жалғауы арқылы қолданылып жүр. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде

бұл сөздерге қатысты былай делінген: «Қаражат зат. 1. Күнделікті күнкөріске қажетке жұмсалатын ақша. 2. Белгілі бір істі жүзеге асыруға жұмсалатын қаржы, финанс» [3, 318]. «Сома зат. 1. Белгілі бір мөлшердегі ақша. 2. Бір нәрсенің бағасы, құны» [4, 265]. Түсіндірме сөздікке сүйенсек, бұл сөздер – жалпы ұғымды білдіретін сөздер. Яғни лексикалық тәсіл арқылы берілген мағына үстіне морфологиялық тәсіл қолданылған «сомалар, қаражаттар» деген сөздерде тіл ережесінің бұзылуына жол берілген деп айтуға болады.

Осы тұста айта кететін жайт, Герольд Бельгер «лингвистика мен әдебиеттанудың тоғысында тұрған жанды өнер» деп баға берген аударманы кәсіп еткен мамандар мәтінді аудару барысында ешбір грамматикалық көрсеткішсіз көптік ұғымды білдіретін сөздерге баса назар аударуы қажет. Өйткені қазақ және орыс тілдеріндегі кейбір сөздердің өзіндік семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері болуы мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде «тәулік», «шахмат» деген сөздер тек жекеше түрде қолданылса, орыс тілінде «сутки», «шахматы» деп көпше түрде ғана қолданылады.

Жоғарыда айтып өткендей, қазақ тілінде кей сөздердің лексикалық мағынасының өзі көптік ұғымды білдіріп тұрады. Мәселен, бір-бірлеп, даралап, тарамдап санауға келмейтін сұйық заттардың атаулары (бидай, ұн, су, шай, бу, қымыз); газ тәріздес заттардың атаулары (азон, түтін, бу, тұман); дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары (айла, ақыл, дау, қайғы, қасірет, шындық); өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары (алтын, қола, шойын, құрыш), жаратылыс құбылыстарының атаулары (жаңбыр, боран, қар, жел, құйын) және т.б. көптік жалғауынсыз қолданылады. «Халық, жұрт» сөздеріне де көптік жалғауы жалғанбайды. Сөздің тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы көптік ұғымды білдіруі лексикалық тәсіл деп аталады.

Заңнамалық актілерде осы айтылған қарапайым ережелер сақталмай жатады. Мәселен, «2010 жылғы 9 желтоқсандағы» Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында және «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы» 2016 жылғы 24 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында көптік ұғымды білдіретін «бензин» сөзі көпше түрде жазылған.

Заңнамалық актілерде көптік жалғауының орынсыз жалғануына тағы бір мысал ретінде «бірінші, екінші және үшінші санаттардағы қызметкерлер», «республикалық және жергілікті деңгейлерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесі», «ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлердегі әлеуметтік-экономикалық шаралар», «ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде даму саласындағы ынтымақтастық» деген тіркестерді алуға болады.

Сонымен қатар кейбір заңнамалық актілерде жалпылау есімдігімен тіркескен сөздерге көптік жалғауын жалғау арқылы да қатеге жол берілген. Мәселен, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексінде «барлық» деген сөз «барлық салық төлеушілерге» (9-бап), «барлық жағдайларда» (465-бап), «барлық заңды тұлғалар» (369-бап және 434-бап), «барлық деңгейлер» (761-бап) деген тіркестерде көпше түрде қолданылған. Аталған Кодексте жалпылау есімдігімен тіркескен «мәлімет», «түр», «деңгей», «қатысушы» деген сөздерді жекеше және көпше түрде де («барлық мәліметті» - «барлық мәліметтерді»; «барлық түрі» - «барлық түрлері», «барлық қатысушы» - «барлық қатысушылар») кездестіруге болады. Бұл ретте «теңтүпнұсқалықты сақтаймыз» деп, орыс тілінің грамматикасына сүйеніп, «барлық» деген жалпылау есімдігімен тіркескен сөздердің бәрін көпше түрде жазу қисынсыз болып табылады. Өйткені қазақ тілінде көп, аз, біраз, барлық, біршама, бірталай, бірнеше сияқты сөздермен тіркескен зат есімдер көптік жалғауын қажет етпейді.

Тілтанушы Ахмеди Ысқақов қазақ тілі морфологиясының қыр-сырын жан-жақты сөз еткен «Қазіргі қазақ тілі» («морфология») еңбегінде: «Жалпылау есімдіктері деп мағына жағынан кем дегенде екі я онан көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздерді айтамыз», - дейді [3, 221]. Ал М. Балақаев, Т. Сайрамбаев «Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» деген еңбегінде: «Жалпылау есімдіктері есімді сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде заттың жинақталған мөлшерлік сапасын білдіреді. Мысалы: барлық жұрт, күллі ел, бүкіл дүние», - деп анықтама береді [2, 55]. Осылайша зат есімдер анықталушы сөз ретінде жинақтау, топтау мәнді сөздермен тіркескен кезде көптік мағынасын синтаксистік тәсіл арқылы берілетіндіктен, бұл тіркестерде көптік жалғауын қолданудың қажеті болмайды.

Түйіндей келгенде, жоғарыда аталған кемшіліктерді заңнамалық актілерден ғана емес, бүгінгі күні баспасөз беттерінен де көруге болады. Мұның бәрі,

түптеп келгенде, орыс тілінде ойлап, оны қазақ тілінде жеткізу, қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін ескермеу салдарынан орын алып отырған кемшіліктер. Дегенмен заңнамалық актілердің жобалары не қандай да бір ресми құжат өзіндік әдеби, ғылым жазу нормасы қалыптасқан қазақ тілінде әзірленетін болса, әдеби тілдің қаймағы бұзылмай, сөйлемдегі сөздер өзара үндесім тауып, қазақ тілінің ережелері барынша сақталады деп ойлаймыз. «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауамен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман... Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [4, 35] деген Ахмет Байтұрсынов сөзімен қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бүркіт О., Ержанова Ұ., Өмірзақов Б. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы: морфология және синтаксис: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2012. – 299 б.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. (Өңделіп және толықтырылып, 3-басылуы). Оқулық. – Алматы, «Санат», 1997. – 240 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. 744 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, 448 б.

АҚМАРАЛ ИБРАЕВА

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің профессоры,
тарих ғылымының докторы*



МЕХМЕТ АҚИФ ЕРСОЙ МЕН АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨЗҚАРАС

XIX-шы ғасырдың екінші жартысынан бастап XX-шы ғасырдың бірінші ширегіне дейін жалғасқан үдерісте түркі әлемі халықтары үшін өте маңызды үзілістер тудырған саяси-әлеуметтік өзгерістер орын алды. Османлы Түркияда конституционалдық қозғалыстар, Балқан соғысы, Бірінші дүниежүзілік соғыс және ұлттық күрес сияқты оқиғалар басынан өтсе, Орталық Азиядағы түрік халықтары патшалық Ресейдің басып алуымен, Қазан төңкерісімен, тәуелсіздік қозғалыстарымен және КСРО-ның құрылуымен кездесті. Бұл қиын процесс бүкіл түрік әлемі үшін өмір мен өлім күресі кезеңі. Осман империясы отаршылдық Еуропаға қарсы тұруға талпыныс жасап жатқанда, Орталық Азия түріктерін алдымен патшалық Ресей, кейін большевиктер басып алды. Осындай аласапыран заманда зиялы қауым өкілдерінің, жазушы-ақындардың бүгінгі жағдайдың ықпалына түсіп, өз халқының жолын әдебиет арқылы іздеуі заңдылық. Осыған сәйкес түрік әлемі жазушылары мен ақындарында ұлттық игілік принципін ескеретін социалистік әдебиет жасауға ұмтылыс бар, бұл суретшілер әдеби шығармалардың дидактикалық қырынан пайда табуға тырысады. Әсіресе, мұсылмандық Шығыс әлемінің Батыс Еуропа мен Ресейден қалып қоюының себебін надандықпен байланыстыратын зиялылар құтқарылу жолын тәрбиелік жұмылдыру арқылы табатындықтан, әдебиетті тәрбиелік сипаттағыдан гөрі жақсы көреді.

Еуропа мен Ресейге қарсы өмір сүру үшін күресіп жатқан түрік әлемі бәсекелестерімен күресу үшін батыстандыру/модернизация процес-терін бастау арқылы реформалар жасауға тырысады. Жоғарыда аталған жаңашылдық үрдіс әдебиетке де әсер етіп, ислам діні мен ауызша халық



әдебиеті ықпалындағы классикалық әдебиеттен бөлек, бүкіл түрік әлемінде қазіргі жазба әдебиетінің іргетасы қаланды. Осы өтпелі кезеңде пайда болған кейбір тұлғалар дәстүрден мүлдем бас тартпай, заманауи әдебиеттің алғашқы үлгілерін жазып, ислам мен түріктану құндылықтарын қазіргі әлем құндылықтарымен синтездеу арқылы өз қоғамдарына үндеуде.

Мехмет Акиф Ерсой мен Абай Құнанбаев бұл жағынан бір-біріне ұқсас екі маңызды есім. Екі ақын да идея ағымының, әлеуметтік-экономикалық дамудың, халқының қиын жағдайының ықпалына түсіп, тығырықтан шығудың жолын іздеп, өлеңдерінде дидактикалық, социалистік көзқараспен халыққа шешу жолдарын жеткізуге тырысқан. Екі ақынның тағы бір ортақ қыры – олардың өздерінің діни-ұлттық құндылықтарын жетік меңгерген, оларды заман талабына сай жаңаша пайымдай алатын зиялылар. Міне, осылайша Мехмет Акиф те, Абай да сыртқы ықпалдың ықпалына түсіп, өз халқынан алшақ кетпей, жалпы адамзаттық қағидаларға негізделген даналығын поэзия тілімен эстетикалық етіп көрсетуге қол жеткізді. Поэзия – сезім туындысы, философия мен ой тек прозада ғана айтылады деген түсінік бар. Дегенмен, Мехмет Акиф те, Абай да өзінің интеллектуалдық тұғыры болған дана сөздерін поэзиямен жеткізе білген. Осылай бола отырып, екі ақынның да мұсылмандық шығыс әдебиетіндегі классикалық жанрлардың шеңберінен шығып, жаңа заман әдебиетінің негізін қалағандығы ерекше. Сол себепті Мехмет Акиф пен Абайдың ой әлемі мен шығармаларын салыстырмалы түрде оқып, бір кезең жағдайында түрік әлемінің әртүрлі географияларында өмір сүрген зиялылар мен ақындардың серіктестіктерін ашып көрсетудің маңызы зор.

Мехмет Акифтің «Сафахат»-ына қарасақ, оқу, еңбек, кедейлік, ахлақ, ислам әлемінің мәселелері, батыстану, әйел мәселесі сияқты көптеген социалистік тақырыптарды кездестіруге болады. Осыған ұқсас тақырыптар Абай шығармаларында да орын алатыны байқалады. Екі ақын да отаршыл державалардың құлдығынан, жоқшылық пен надандықтан туындаған мұсылман-түрік әлемінің мәселелеріне ұқсас тұжырымдар жасап, ұқсас нұсқаулар ұсынған. Сәйкесінше, екі ақынның өлеңдерінде тақырыптық ұқсастықтар байқалады.

Екі ақынның бір-біріне ұқсайтын тұсының бірі – жалқаулық. Өйткені мұсылман географиясындағы жағдайдың негізгі себебі – ғылым мен өнерге еш қатысы жоқ, жұмыс істемейтіндердің өз қоғамына үлес қосқандай жалқаулық, бос мақтану. Батыс әлемі (Шығыс) үздіксіз жұмыс істеп жатқанда, бос Шығыс әлемі артта қалды. Бұл жағдайды Акиф мына жолдармен суреттейді:

Bakın mücahit olan Garb'a şimdi bir kere; Havâya hükmediyor kâni olmuyor da yere. Dönün de âtıl olan Şark'ı seyredin: Ne geri! Yakında kalmayacak yeryüzünde belki yeri! Nedir şu bir sürü fenler, nedir bu san'atler? Nedir bu ilme tecellî eden hakikatler?¹ (б. 211)	Гарб, мужахид, тағы бір рет қараңыз; Ол ауаны билемейді, оның қаны жоқ, жері бар. Бұрылып, белсенді емес Шығысқа қараңыз: қандай артта қалған! Мүмкін оның жер бетіндегі орны жақын арада қалмайтын шығар! Бұл не деген көп ғылымдар, бұл қандай өнерлер? Бұл ғылымда қандай шындықтар көрінеді?
---	--

Мехмет Акиф Батыс пен Шығысты салыстырып, мәселенің диагнозын қойған соң, мұсылмандық Шығыс әлемін ғафалдық ұйқысынан оятуға шақырып, әйтпесе Батыстың көбірек зардап шегетінін айтады:

Ey, koca Şark, ey ebedî meskenet! Sen de kımıldanmaya bir niyyet et. Korkuyorum Garb'ın elinden yarın, Kalmayacak çekmediğin mel'anet (б. 212)	Уа, ұлы Шығыс, мәңгілік мекен! Көшуге де ниет жасаңыз. Мен ертең Гарбтың қолынан қорқамын, Сіз көрмеген зұлымдық сақталмайды
---	--

Ғылымға қызықпайтын, жалқау, бірақ өзін мақтаудан қалмайтын адамдардың тудырған мәселесі Абай өлеңдерінде де қолға алынған. Өйткені Абай мұндай адамдардың Шығыс мұсылман қоғамына тигізетін кері әсерін біледі:

Emek verip mal bulmaz, Bilimiyle fikir almaz, Boş evinde öyle yatar,	Qızmet qılıp mal tappay, Ğılım oqıp oy tappay, Qur üyinde jatadı. Qur üyinde jatadı.
Yurdu dolaşır yemek yer, Erkeklik arını satar.²(б. 33)	El qıdırıp as işip, Erkek arın satadı.

¹Dinara Duisebayeva, Mehmet Akif Ersoy'un "Şafahat" ile Muhtar Avezov'un "Abay Yolu" Adlı Eserinin Tema Bakımından İncelenmesi (Мехмет Акиф Ерсойдың «Сафахат» және Мұхтар Әвезовтың «Абай жолы» шығармаларына тақырыптық талдау). Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara, 2008, б. 211. Сафахаттың мәтіндегі барлық дәйексөздері осы дереккөзден алынған.

²Aida Bazarkulova, Abay Kunanbayoğlu'nun Şairliği (Абай Құнанбайұлының поэзиясы). Çukurova Üniversitesi, Sosyal

Абай айтқандай, оқымаған, үйренбеген адамның мақтануға, қуануға хақы жоқ. Ондайлардың күліп ойнауы да мағынасыз:

Bilgin olmadan övünme, Yeri bulmadan sevinme, Heveslenip şadlanma, Gülme oynaуір boşuna. (б. 34)	Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге.
---	--

Бұл салыстыруда Мехмет Акиф те, Абай да еңбектен қашатын, ғылым-білімге еш қатысы жоқ надандарды сынап, оларды ретке келтіруге шақырғаны байқалады.

Жауапкершіліктен құтылып, жұртшылыққа жол сілтемей шетке тығылған әкімшілер де қос ақынның нысанасы. Халық артта қалғанда ел билеушілерінің міндетін орындамай, халыққа бағыт-бағдар беріп, олардың мәселесіне құлақ аспауы үлкен күнә. Акиф бұл жағдайды былай сипаттайды:

Dedim ki: ‘Bunca zamandır nedir bu gizlenmek? Biraz da meydana çıksan da hasbihâl etsek. Adam mı, cin mi nedin? Yok bir gören, ne eden: Ya çünkü saklanıyorsun bucak bucak bizden. Değil mi saklanıyorsun, demek ki korkudasın; Ya çünkü korkan adamlar gerek ki saklansın. Değil mi korkudasın var kabâhatin mutlak!..’ (б. 215-216)	Мен: «Осы уақыт бойы бұл нені жасырып отыр? Біраз шықсаң да, бізде бар болса. Сіз ер адамсыз ба, әлде жынсыз ба? Көретін адам жоқ, не істейді: Себебі сен бізден жасырып жүрсің. Жасырылып тұрған жоқсың ба, қорқасың деген сөз; Немесе қорқатын еркектерге жасырыну керек болғандықтан. Қорықпайсың ба, сенің кінәң абсолютті!..»
---	---

Осыған ұқсас көзқарасты Абай былай деп көрсетеді:

Halk, patırtıyla nasıl bulsun Kâmil biri göstermese yol? Birlik içindeyse ulusun; Kaygı duymaz, emin ol... (б. 32)	Köp şuwıldıq ne tabar, Biylemese bir kemel? Berekeli bolsa el — Jağası jaylauw ol bir köl.
---	---

Билімлер Энститүсү, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Adana 2019, б. 33. Мәтіндері Абай өлеңдерінен алынған үзінділер осы деректен алынған.

Патриархалдық сананың әйел мен отбасына деген қате көзқарасы және қоғамдағы осы көзқарастан туындаған мәселелер қос ақынның да сынға алған мәселелерінің қатарында. Мехмет Акиф Исламның әйелдерге қатысты кейбір ережелерін ер адамдар саналы түрде өз пайдалары үшін пайдаланады және бұл жағдай әйелдерді құрбан етеді деп ойлайды. Көп әйел алу мен ажырасу осыған мысал бола алады:

“ – Boşamaz? Amma da yaptın! Ya şeriât ne için Bize evlenmeyi tâ dörde kadar emretsin? İki alsam ne çıkar sâye-yi hürriyette? Boşamışsam canım ister boşarım elbette. İşte meydanda Kitap, hem alırız hem boşarız. Köse İmam, İhsan Bey'in bu sözlerine çok kızar: – Dara geldin mi şeriât! Sus ulan iz'ansız! Ne zaman câmi'e girdin? Hani tek bir hayrın? (б. 195-196)	- Ажырасуға болмайды ма? Бірақ сен істедің! Шариғат не үшін керек? Төртке дейін үйленуге бұйырсын ба? Екі алсам, бостандық не болар еді? Ажырасқан болсам, әрине ажырасуым мүмкін. Міне, кітап, алаңда, екеуміз де аламыз, ажырасамыз. Ихсан бейдің бұл сөзіне Көсе имам қатты ашуланады: – Шариғатқа келдің бе? Тыныш, із-түзсіз! Мешітке қашан кірдің? Бір жақсы нәрсе ше?
---	---

Ерлердің әйелді қадірлемейтінін, әйелін қадірлемейтінін Абай да сынайды. Абай айтқандай, ерлер әйелге деген көзқарасындағы қателіктен қанша мейірімділік танытса да, әйелдерге салқын, немқұрайлы қарайды. Дегенмен, үйде тыныштықты қамтамасыз ететін ізгі ниетті әйелдер:

Kadının seni seviyorsa, sen de onu sev Hımbıl, soğuk durur kimi sasık beyinli. Erkeği akıllı olsa, kadın hoş karakterli, İyi geçimli olsa, huzur içinde olurdu ev (б. 48)	Qatının seni süise, sen de onı süi, Korjan suıq keledı key sasık mi. Eri aqıldı, qatını minezdı bop, Tatu bolsa, rayıs üstindegi üi.
--	---

XIX-шы ғасырдан бастап 20-шы ғасыр басына дейін Түркия мен Қазақстанда ұқсас мәселелердің болуы Мехмет Акиф пен Абай сияқты екі ұлы ақынның ұқсас тақырыпта өлеңдер жазуына себеп болды. Өз қоғамындағы проблемаларды сынаған қос ақын надандық, жалқаулық, жемқор билеушілер, әйел мәселесі сияқты мәселелерде поэзияның күдіретін пайдаланды. Бұл әсердің дәрежесін кеңірек салыстыру арқылы егжей-тегжейлі көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Bazarkulova, Aida (2019). Abay Kunanbayoğlu'nun Şairliği (Абай Құнанбайұлының поэзиясы). Çukurova Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, Adana.
2. Dinara Duisebayeva (2008). Mehmet Akif Ersoy'un "Safahat" ile Muhtar Avezov'un "Abay Yolu" Adlı Eserinin Tema Bakımından İncelenmesi (Мехмет Акиф Ерсойдың «Сафахат» және Мұхтар Әвезовтың «Абай жолы» шығармаларына тақырыптық талдау). Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yayınlanmamış Doktora Tezi, Ankara.

АЙМАН АЛДАШ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ



Жылдар жылжиды, уақыт өтеді. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тіл мәдениеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Аймангүл Мырзалықызы Алдаш 70 жасқа толып отыр.

Профессор Аймангүл Алдашты әмбебап ғалым деуге болады. Ғылыми шығармашылығының басты ерекшелігі – тақырып бағыттарының әржақтылығы, кең ауқымдылығы және тереңдігі. Ол – тіл мәдениеті, қазақ ортологиясы, лингвистикалық аударматану, неология және неография, лексикография, терминология, терминжасам, терминография, функционалды стилистика, қазақ тілін оқытудың теориясы мен практикасы салаларының проблемаларымен шұғылданатын белгілі зерттеуші-маман. Ұстаз А.Алдаш сапалы аударма жасауға дағдыланатын шәкірттерді лингвистикалық білімдермен қаруландыруға, аудармашы мамандар даярлау ісіне айтарлықтай септігін тигізді. Профессор өзінің еңбектерінде, мақалалары мен зерттеу-шолуларында қазақ терминжасамы мен терминографиясының да өзекті тұстарын қарастырды.

Қазақ тілтанымында лингвистикалық аударматану саласы кештеу қолға алынды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған көптеген іс-шаралардың жүзеге асырылуының қажеттілігі туындады. Әсіресе ауызша және жазбаша қатынасымда аударма ісін жолға қоюдың, білім беру, ғылымның түрлі салаларында, ресми-іскери қарым-қатынаста бұрын ресми тілде жасалып келген ғылыми әдебиетті, оқу-ағарту әдебиетін қазақшалаудың, бұл үшін мамандар даярлаудың маңыздылығы айқын көрінді. Осыған байланысты, қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте белгілі ғалым, профессор З.Ахметжанованың тікелей атсалысуы нәтижесінде аударма бөлімі ашылған еді. 1991-1996 жылдары аударма кафедрасында аға оқытушы, доцент қызметтерін қоса атқарған кезінде Аймангүл Алдаш аударма сапасын жақсартуға мол үлес қосты. Білім беру барысында бір тілден екінші тілге аударудың күрделі проблемалары бар екендігін, нақты айтқанда, қазақ лингвистикалық аударматану ғылымының өзекті тұстарының анықтала қоймағандығын байқаған

зерттеуші тілдік аударматанудың ғылыми негіздерін саралауға ден қойды. Типологиялық құрылымы әр басқа тілдерде жазылған көркем, ғылыми, ресми-іскери мәтіндердің тәржіма үлгілерін ұзақ әрі тыңғылықты зерделеу жұмысын бастады. Қазақ мәдениетіндегі аударма үлгілерінен жинақталған мол танымдық материал негізінде тәржіма ісінің тілдік негіздері бойынша өз тұжырымдарын жасады. Қалыптасқан аударма тәсілдерін сараптай отырып, зерттеуші аударылған мәтінге түпнұсқа мен аударма мәтінде ұлттық түрдің сақталуының маңызды тұстарын айқындады. Осы проблемалар зерттеушінің академик Рабиға Сыздықтың басшылығымен «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» тақырыбында филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық еңбегінде және осы тақырыппен жарияланған монографиясында көрініс тапты (1999).

Профессор қазақ терминжасамы мен терминографиясының өзекті тұстарын да қарастырды. Ғалым тіл дамуының қазіргі айрықша прогрессивті кезеңіндегі әдеби тіл нормалары, тіл мәдениеті проблемаларымен тығыз байланыстыра отырып, қазақ терминжасамы мен терминжүйесіне қатысты ондаған ғылыми мақалалар жариялады, оларда төл тілдің әлеуеті арқылы жасалған терминдер мен термин тіркестердің ұғымдық сыйымдылығы мен мағыналық қуаты, қазақыландырылған атаулардың кодталмауының ішкі және сыртқы себептері, калька жолымен жасалған аталымдардың тіл заңдылықтарына әсері, терминдерді біріздендіру мәселелері жөнінде тұжырымдар жасады.

Гранттық жоба аясында әзірленген «Әскери терминдер сөздігі (2017), «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының тапсырысы бойынша жарық көрген «Кәсіпкер сөздігі» де (2018) заманауи өзектілігімен, құндылығымен ерекшеленеді. Әсіресе экономикаға қатысты дамыған және жаңадан өріс алған сан түрлі салаларда қазақ тілінің қызметтік қолданысына ықпал ету, сала терминдерін біріздендіру мүддесінде ұсынылған, кәсіпкерлердің күнделікті іскери қарым-қатынасына қажетті қазақшаланған терминдер мен термин сөз тіркестерінің, клише тұлғалардың ең жиі жұмсалымдағы үлгілері жинақталған соңғы сөздік ресми-іскери стиль тармағының да, терминжүйенің де қалыптасуы мен одан әрі жетілдірілуіне үлес қосқан маңызды практикалық құрал болып табылады.

Өткен ғасырдың бас кезінен бастап жасалған сөздің дұрыстығы туралы құралдардың тәжірибесін сараптай отырып, қазақ тіл мәдениеті саласының тағы бір маңызды аспектісі емле, емле қағидаларын біріздендірудің өзектілігі де кезек күттірмейтін міндеттердің бірі еді. Бөлім қызметкерлері академик Рабиға Сыздықтың басшылығымен емле ережелеріне түзетулер енгізу, орфографиялық сөздіктің жаңа нұсқасын әзірлеу ісін қолға алды. Жазу

практикасындағы өзгерістерді, нормативті сөздік түзудің лексикографиялық принциптерін терең талдау негізінде Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері қабылданып (1983), Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің өңделіп, толықтырылған үшінші басылымы (1988) жарияланды. Профессор Аймангүл Алдаш бөлімдегі тәжірибелі мамандармен бірге осы сөздіктің жауапты шығарушысының бірі болды. Баспасөздің, оқу-ағарту, ғылыми әдебиеттің, көркем туындылардың тіліндегі жазу дағдыларын екшеуден өткізу, бір үлгілес тілдік бірліктерді біріздендіру, орфографиялық нормалардың ғылыми негіздерін анықтау нәтижесінде түзілген Емле сөздігінің осы басылымы белгілі бір кезеңге дейінгі қазақ тілі сөздік құрамының толығы, стилдік саралануы, тілдің нормалардың бірізденуі жайын жинақтауы жағынан ұлттық-мәдени дамудың көрсеткіші, сауатты жазудың таяныш етерлік бірден-бір құралы ретінде бағаланып келеді. Жаңа сападағы Емле сөздігінің материалдары жазу практикасы мен тіл заңдылықтары арасында көрініс таба бастаған айырым-белгілердің себептерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеудің, қазақ орфографиясының теориялық базасын күшейтудің өзектілігін байқатты. Бұл мәселе «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» атты монографияда баяндалды.

Профессор А. Алдаш – қазақ тілінің қазіргі тағдыршешті кезеңіндегі жаңа ұлттық әліпби және емлетану салалары бойынша білікті мамандардың бірі. Қазақ әліпбиін және жазуды реформалауға бағытталған ауқымды міндеттерге сәйкес Аймангүл Алдаш әліпби нұсқаларын сараптау, жаңа ұлттық әліпби негізінде жасалатын Емле сөздігі мен Емле анықтағышының жетілдірілуі, жаңартылуы мен толықтырылуы ісіне атсалысады. Ол институттағы барлық бөлімдерге ақыл-кеңес беруге әрқашан дайын отырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі ретінде ортологиялық құралдарды жетілдіру, жаңарту, ортологиялық қалыптандыру, ортологиялық кодтау мәселелері бойынша аса тәжірибелі зерттеуші соңғы жылдары түрлі мінберлерден, масс-медиа арналарынан сөз сөйлеу, сұхбат беру, кең ауқымды мәслихаттарда баяндамалар жасау арқылы ортологиялық құралдарды жетілдіру, тілді жаңғырту мен реформалаудың өзекті тұстары, әліпби мен жазудағы өзгерістер қоғамдық сананы жаңғыртудың іргетасы екендігі жөнінде салмақты пікір айтып келеді.

2020 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминология бөлімі «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-техникалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы жобасының аясында «Жаңа ұлттық әліпбиде кірме терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау анықтағышы» атты тармағын

орындау мақсатында «Кирилл және латын графикасындағы салалық терминологиялық сөздік (қоғамдық ғылымдар)» және «Кірме терминдердің анықтағышы» тәрізді еңбектер әзірледі.

Жұмыс барысында бөлім қызметкерлеріне профессор А.Алдаш сөздік пен анықтағыштың құрылымын жасау, олардағы кірме сөздердің берілу қағидаттары жайлы кеңестер беріп отырды.

Аймангүл Алдаштың кеңесі бойынша, «Кірме терминдер анықтағышының» құрылымы былайша берілді:

Алдымен белгілі бір параграфтағы емле ережесі көрсетілді. Содан кейін кірме терминдер төрт бағанға бөлініп жазылды. Бірінші бағанда сөздердің қолданыстағы орфограммасы әліпби ретімен, сөзбелгісімен (помета) қоса (*боцман (әск.), бруцеллөз (ауылиар.), бутилацетат (тамақ өн.), вакцина (*)*, екінші бағанда латынграфикалы орфограммасы (*мыс., bosman, bruselöz, butilasetat, vaksina*), үшінші бағанда сөз соңына үндесе жалғанатын жалғаулар (*мыс., -нуη, -у, -ğa, -dan, -dηη, -l, -ge, -den, -туη, -у, -qa, -tan*), төртінші бағанда тиісінше ағылшынша орфограммасы (*мыс., boatswain, brucellosis, butyl acetate, vaccine*) берілді.

Үлгілер мен моделдерді тиімді түсіндіру мақсатында алдымен жаңа емле ережелерінің әрбір үлгі мен моделге тиісінше сәйкес келетін қағидасы берілген.

Жазу теориясы, фонетика мен фонология, транскрипциялау мен транслитерациялау мәселелері бойынша зерттеулерге сүйене отырып, әрбір баптағы қағидаларға мүмкіндігінше қысқаша түсініктеме берілді.

Соңғы ұсынылған әліпби, соның негізінде жасалған емле ережелерінің жобасы кірме терминдердің құрамындағы өзге тілге тән әріптерді таңбалауда біраз оңды жоба болды. Ол бойынша сөздеріміз айтылуға жуық және де үнемділік заңы бойынша да жазылып, дыбысталатын болады. Анықтағышта кірме терминдердің жазылуы 21 параграф бойынша берілді (§69-93). Сонымен қатар, Аймангүл Алдаштың кеңесімен кірме сөздер емлесіне қатысты қосымша ереже баптары да мысалдарымен енгізілді.

Кез келген тілдің әліпбиінде кейбір сөздерді таңбалау үшін әліпби құрамына еңбейтін қосалқы таңбалар (цитаталық принцип бойынша) болады. Жаңа жетілдірілген емледе де ондай үш әріп (C, W, X) бар. Олар халықаралық марка, бренд атауларын жазуға арналып қолданылады. Мысалы, *Camel, Canon, Coca-Cola, Twitter, Word, Windows, Whatsapp, Yandex, Playtex, Kimex, Conex, Xerox*.

Әрбір тілдік бірліктің ғылым мен техниканың, әлеуметтік өмір мен мәдениеттің қандай салаларының термині екендігі шартты қысқартулар арқылы көрсетілген, қай салаға тиесілі екендігі бекітілген терминдік

сөздіктерге тіркелуі арқылы анықталды. Мысалы, *абсолют, абсолютизм* терминдері заң, философия, мәдениет салаларына арналған сөздіктерде қайталанып көрсетілген. Анықтағышта олардың біреуі ғана беріліп отыр.

«Кирилл және латын графикасындағы салалық терминологиялық сөздіктің (қоғамдық ғылымдар)» де құрылымы, ондағы сөздерді беру тәсілі де Аймангүл Мырзалықызы Алдаштың тікелей кеңесшілігімен жасалды.

Сөздікте реестр сөз әліпби ретімен үш баған түрінде берілген. Бірінші бағанда терминдердің кирилл әрпіндегі орысша нұсқасы, екіншісінде кирил әрпіндегі қазақша баламасы, үшінші бағанда сол терминдердің латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі бойынша таңбаланған нұсқасы алынған. Екінші, үшінші нұсқаларда терминнің нақты қай салаға қатыстылығын білдіру үшін жақша ішіне көлбеу қаріппен сөзбелгі (помета) қойылған. Мысалы, түйсік түрлері (*психол.*), жетім жол (*лингв.*), асқақтық (*филос.*), ішкі баға (*экон.*), пара (*заң*). Бірнеше салаға ортақ терминдер жұлдызша тәрізді (*) белгісөзбен берілген (*абдикация**, *аберрация**, *нысан**, *ереже**, *регрессия**). Сонымен қатар, кейбір халықаралық терминдер жарыспалы баламаларымен қоса көрсетілген, мысалы, *абалиенация* – бөтенденім, *абалиенация (психол.)*; *абсолютизм* – шексіз билік, *абсолютизм (саяс.)*; *абстинент* – тартыным, *абстинент (психол.)*; *монотеизм* – монотеизм, *бірқұдайлық (діни.)*; *моносемия* – моносемия, *бірмағыналылық (лингв.)*; *оптимизм* – оптимизм, *үмітшілдік (психол.)*; *спринт* – спринт, *желаяқ (спорт)*.

Осы орайда, техника мен технология дамыған жаһандану заманында, күн сайын терминдердің саны артып отырған сәтте қазақ ұлттық терминологиясын дамыту, терминдерді реттеу, біріздендіру, жүйелеу, үйлестіру жұмыстары қашан да өзекті болып қала бермек. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін жаратылыстану саласы терминдерімен қатар, мемлекетаралық қатынас, саясаттаттану, тарих, философия, тіл мен әдебиет, заң, экономика, педагогика, психология, спорт тәрізді қоғам дамуында қолданылатын, ғылым тілін қалыптастыруға елеулі әсер ететін салалардағы терминдерді біріздендіру өзекті де көкейтесті мәселе екені даусыз.

Көп жағдайда бекітілген терминдерді қалың жұртшылыққа жеткізу, оны бұқаралақ ақпарат құралдарында, мерзімді баспасөз беттерінде жариялау ісі кемшіл түсіп жатады. Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) бекіткен, тілге сіңіп, тұрақтала бастаған терминдердің өзі әр сөздікте түрлі баламаларымен беріліп жатады. Бұл өз кезегінде терминдердің көп мағыналылығын, баламалылығын, жарыспалылығын, синонимділігін тудырады.

Белгілі бір тілде жасалатын салалық термин сала маманы мен тіл маманының

бірлескен жұмысының нәтижесі болуы шарт. Ол термин қалың жұртшылық талқысынан, құзырлы мекемелердің сараптамасы мен мақұлдауынан өтіп, содан кейін ғана Терминком қарауына бекітуге ұсынылғаны жөн. Бекітілген термин баспасөз беттерінде жарияланып, қалың оқырманға насихатталғаны, таныстырылғаны дұрыс.

Осы орайда жалпы жұрт назарына ұсынылып отырған «Кирилл және латын графикасындағы салалық терминологиялық сөздіктің (қоғамдық ғылымдар)» басқа сөздіктерден ерекшелігі – ұсынылып отырған сөздікте қоғамдық ғылымдар саласына жататын терминдер бір жерге топталып, жүйеленіп беріліп отыр. Және де мұнда негізінен Терминкомның соңғы он жыл ішінде бекіткен терминдерімен біріздендіру жұмыстары жүргізілді. Ондағы мақсат – жаңа жасалған ұлттық терминдерді жұртшылыққа таныстыру, насихаттау, сол арқылы терминдердің тілдегі қолданыс аясын кеңейту, тілге сіңіп кетуіне жағдай туғызу.

Аталған сөздікті құрастырушылар барлық терминдерді електен өткізе, олардың соңғы жылдарда бекітілген нұсқаларына басымдық бере отырып, термин талаптарына жауап беретін сөздер мен сөз тіркестерін енгізуге басты назар аударды. Бұл – қазіргі кезде кез келген терминологиялық сөздіктерде, тіпті бекітілген терминдер сөздігінде де кездесетін жайт. Аталған сөздік ұлттық терминологияны дамыту, терминдерді реттеу, біріздендіру, жүйелеу, үйлестіруге септігін тигізетіні сөзсіз.

Қазақ қоғамында, отандық ғылым дамуында өмірден тоқығаны мол, терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет пен ізгі қасиеттерге ие көрнекті ғалым ретінде өзіндік орнын алып отыр. «Өміріндегі ең басты ісің – қазіргі істеп отырғаның, өміріндегі ең басты адамың – қазіргі сөйлесіп отырғаның», деп атақты ғұлама Лев Толстой айтқандай, қадірлі Аймангүл апай, атқарып жүрген берекелі істеріңіз – өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге екендігі даусыз!

Қазіргі таңда адамзат өмір жолының асқар биігі – мерейлі жастың шыңына шығып отырған Сізді білікті маман, ұлағатты ұстаз, саналы ғұмырын Қазақстан ғылымын дамытуға, білімді ұрпақтар тәрбиелеуге арнаған зиялы да аяулы Қазақтың қызы ретінде таниды. Өмір жолыңызда еңбексүйгіштік, жауапкершілік, қоғамдық белсенділік сияқты нағыз азаматқа тән қасиеттеріңізбен ел игілігіне бөленіп, қызықты да күрделі сала – ғылым жолында атқарып отырған абыройлы істеріңіз атап өтуге әбден лайық. Қоғам игілігі үшін атқарып жүрген ерен еңбектеріңіз еліміздің нығаюына, ғылымның дамуына орасан үлес қосып отыр.

Өмір-керуенінде үзеңгілес құрбы-құрдастар, бір ұжымда еңбек етіп әріптес болған жандар көп болуы заңдылық. Бірақ солардың бәрімен бірдей ұзақ уақыт аралас-құралас болып кетуіңіз мүмкін бе? Әрине, жоқ. Жаныңа жақын тұтып, емен-жарқын араласуыңа себеп болар қасиет керегі анық. Ол – адам бойындағы адалдық пен мінез байлығы болса керек-ті. Айман апай жанының үлбіреген ұлпа қардай таза, гүлдей нәзіктігін сезінгенде нағыз қазақи әйелдің тұлғалық келбетін өлеңмен өріп, жалпақ жұртқа паш еткің келеді. Міне, табиғаттың үлкен сыйы – мінез байлығына ие болған Аймангүл апайдың адами келбетінің бір парасын ғана жазбамызға арқау еттік.

Назира Әшімбаева,

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты*

Нұрлан Шүленбаев,

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі*

МАЗМҰНЫ

Рухани жаңғыру

<i>Ғ. Әнес.</i> Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектері.3	
<i>Д. Қамзабекұлы.</i> Латын әліпбиіне өту маңызды.....23	23
<i>А. Фазылжанова.</i> Жаңа әліпбиге жастардың көзқарасы оң.....28	28
<i>Б. Момынова.</i> Төл әріптеріміз сақталды.....32	32
<i>Ю.Лагуткина.</i> Бірнеше тілді қатар меңгердім.....39	39
<i>Е. Седышева.</i> Балалардың тілі қазақша шығу тиіс.....41	41
<i>Ұ. Зақан.</i> Тіл елдіктің тұтқасы.....43	43
<i>А. Махамбетова.</i> Мемлекеттік тіл мен ресми тілдің өзіндік ерекшелігі.....47	47

Түбі бір түркі

<i>Х. Касапоглу Генчел.</i> Түрік тіліндегі кірме жалқы есімдердің емлесі мен латын графикалы қазақ тілі үшін ұсыныстар.....54	54
<i>Е. Ибрахимов.</i> Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі эзербайжан тіліндегі ономастикалық вахидтердің орфографиялық ерекшеліктері (қазіргі кезең)..58	58
<i>Н. Рахманов.</i> Өзбек латын графикасындағы кірме сөздер емлесінің мәселелері.....65	65

Тіл-тамыр

<i>Г. Сайлауова.</i> Синтаксистік құрылысты экспрессияның берілу тәсілдері: интонация.....69	69
<i>А. Сейітбекова.</i> Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеген тұлға.....77	77

Әдістеме

<i>А. Мадиева.</i> Ересектерге қазақ тілін оқыту.....81	81
<i>А. Балабеков.</i> Сөйлесім әрекетін дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі (a2).....87	87
<i>Ә. Смақова.</i> Лексиканы меңгерту: жеке тәжірибе және нәтиже.....93	93
<i>С. Симбаева.</i> Түр және талғам: сын есімдерді тыңдалым арқылы меңгерту жолдары.....97	97
<i>О. Жанатов.</i> Менің мамандығым.....103	103
<i>Ж. Жақанова.</i> Тілді кәсіби салаға бағыттап оқытудың әдістемелік ерекшелігі.....118	118

Мирас

<i>Е. Омаров.</i> И мен У.....122	122
-----------------------------------	-----

<i>Т. Шонанұлы.</i> Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында.....	125
<i>Ж. Аймауытұлы.</i> Жаңа әліпті тез үйрету жолы.....	129

Тәжірбие

<i>Н. Нұрбаева.</i> Заң мәтіні: Көптік жалғаулардың қолданылуы.....	139
--	-----

Абай-175

<i>А. Ибраева.</i> Мехмет Ақиф Ерсой мен Абай Құнанбаевтың өлеңдеріне салыстырмалы көзқарас.....	145
---	-----

Терминология

<i>Н. Әшімбаева. Н. Шүленбаев.</i> Айман Алдаш зерттеулеріндегі терминология және аударма мәселелері.....	151
--	-----

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **Қ.Есентаев**
Корректор **М.Шіменбай**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 12.11.2021 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 26.11.2021 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 13,0.